

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ

**«МАҒЖАН ӘЛЕМІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ АЯСЫНДА
ӨТКЕН «ҚАЗАҚТЫҢ ЖОЛБАСШЫСЫ – МҰҒАЛІМ»
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана, 2024 ж.

УДК 37 (574)
ББК 74 (5Қаз)
М 12

«Мағжан әлемі» республикалық фестиваль аясында өткен «Қазақтың жолбасшысы – мұғалім» педагогикалық оқу материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2024 ж. 362 б.

ISBN 978-601-08-4094-2

Жинақ Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған «Мағжан әлемі» республикалық фестиваль аясында өткен «Қазақтың жолбасшысы – мұғалім» педагогикалық оқу материалдарын қамтиды. Жинаққа орталықтың жоспарына сай 2024 жылдың 18 мамыр күні өткен фестивальдің педоқу бағытында өз тәжірибесімен бөліскен қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтерінің жұмыстары жинақталған. Жинақ жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы.

Мүшелері:

Ж.С. Маман – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері;

М.А.Мырзахметова – М.Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы, директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

АК. Уйсунбаева – М.Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама: 2024 ж., мамыр №1/3

Конференцияны ұйымдастырушылар мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

© «Әдістемелік орталығы» МКҚК. 2024

АЛҒЫ СӨЗ

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы, ақын-жазушысы, педагог-ағартушы, философ, аудармашы, фольклорист, журналист, аса ірі қоғам қайраткері. Ұлы тұлға артында қалдырған мұралары қазақ әдебиетінің үлкен бір тарихы. Мағжан шығармашылығының биік деңгейге көтерілуінде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор болған. Поэтикасының пайда болуы, көркемдік стилінің тууы, образ жасау принциптерінің дамуын, шығармасындағы халық тілінің айшықты кестелерінен дәстүрлі фольклордың элементтерін кездестіруге болады, фольклордағы көркемдеуші құралдарды пайдалануда да өзіндік стиль ерекшелігі болған. Мағжан халқымыздың аса бағалы рухани байлығы деп ежелгі сақ, ғұн, түрік, қыпшақ дәуірінің ауыз әдебиетін бағалаған.

Дара тұлғалардың рухани тарихымыздағы орнын анықтайтын ойшылдың өмірі мен қызметі туралы еңбек гуманитарлық кеңістіктегі заңды құбылыс деуге болады. Мағжан Жұмабаев – бірлігі мен Алаштың азаттығы үшін күрескен танымал тұлға. Қазақ зиялысы Мағжан Жұмабаевтың тарихи және әдеби мұраларын насихаттау, педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері Ж. Маман мен «М. Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ КММ-нің ұйымдастыруымен 2024 жылғы 18 мамырда Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жылдығына орай «Мағжан әлемі» атты республикалық фестиваль өтті. Аталған іс-шараға Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармаларын талқылау үшін филология, тарих салаларында еңбегі сіңген Мағжантанушы ғалымдар, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогтері қатысты. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылар Ережеде ұсынылған «Қазақтың жолбасшысы - мұғалім», «Мен жастарға сенемін!», «Түркістан – Ер түріктің бесігі ғой...», «Мағжан шығармаларын оқытудағы жаңаша көзқарас», «Жан сүйгенім – ол да өлең», «Жүрген жанның артында ізі қалар» сияқты бағыттары бойынша баяндамалар оқып, еліміздің түкпір-түкпірінен келген педагогтер іс-тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, фестиваль жұмысына офлайн режимде 350-ге тарта педагог пен оқушылар қатысты.

АБДРАЛИЕВА АЙЫМЖАН САРСЕНБАЕВНА
Астана қаласы №91 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

МАҒЖАННЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар. Осындай игі тілегін арнап 1922 жылы жазған Мағжанның «Педагогика» атты оқулығы қазақ халқындағы тұңғыш оқулық, әрі педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлкен мол үлесі еді. Ғалым қазақ халқының ұлттық болмысы мен сана-сезімге жақын этнопедагогика, психология ұстанымын негізге ала отырып жазған. Бұрынғы заманда ұлттық тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбиеде нені ескеру керек. Бұл сауалдарға «Педагогика» кітабы жөн көрсетеді. [1.20].

Бұл ғылыми еңбек он бес бөлімнен тұрады. «Тәрбие дегеніміз кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз» – деп тәрбиеге түсініктеме береді. Оқу құралының бірінші бөлімінде педагогиканың жалпы мәселесіне арналған. Жалпы педагогиканың өзін «Жан тәрбиесі» және «Дене тәрбиесі» деген бөлімдерге бөледі. Ал тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Ол адам баласы туылғаннан кейін төрт түрлі тәрбиені бойына сіңіру керек деп есептейді. Ол алдымен – дене тәрбиесі, туа салған баланың бір жапырақ қызыл шақа күйінен азамат тұлға болып жетілуі үшін, қимыл-қозғалыстың, шымыр да қайратты болып өсуі үшін дене тәрбиесінің орны ерекше деп атап өтеді. Ал, екінші ақыл тәрбиесі. Ол – білім. Үшінші – сұлулық тәрбиесі, ол – өнер, төртінші – құлық тәрбиесі дейді, ол – әдет, сана тәрбиесі. Автор балаға осы төрт тәрбие түгел берілсе, дұрыс тәрбие алып, шын адам болатынын айтады. [1.14]. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Сонда ғана толыққанды дұрыс адам тәрбиелеп шығатынын айтады. Мағжан айтқан дұрыс адамы Абайдың айтып кеткен «толық адамын» көрсетіп тұрғандай. Ақылы кемеліне келмеген кісі өмірге икемсіз, әлжуаз, рухани мүгедек болады. Жүрегінің жылуы жоқ адам әдетте тасбауыр, мейірімсіз. Сондықтан, Абай айтқан «толық адам» қайратты, ақылды, жүрегі мейірбан. Ал, Мағжанның пайымдауынша, дене тәрбиесі берілген, білімді, өнерлі және саналы бала тәрбиелеп шығарсақ, онда дұрыс, толық адам тәрбиелегеніміз. Сондағы «дұрыс адам» деп кімді айтамыз? Ғұлама былай дейді: «...аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі

ұшырайтын қиындықтарды елемейтін мықты, берік, денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толғанарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне осындай болғанда ол дұрыс адам болады. Осындай толық адам айналасына шуақ шашады, жақсылық дәнін себеді, үлкенге де, кішіге де ілтипатпен қарайды. Жалпы адамзаттың тәрбиесі – оқу-білімге негізделеді. Біздің халық көшпелі тұрмыс кешкендіктен оқу-білімге баланы жастайынан баулуға кешеуілдеп келген халықпыз. Дегенмен, арнайы мектеп болмаса да, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырған ел емеспіз. Оған куә – халықтық асыл мұраларымыз. Әжелеріміздің айтқан ертегілерінен бастау алатын жұмбақтар, мақал-мәтелдер, жыр-толғауларды естіп өскен баланың санасы мен ойлау қабілеті дамыса, асық, көкпар, ат жарыс, аударыспақ секілді ойындарынан дене тұрқының шымыр, мықты болып өсуіне оң ықпалдарын тигізген. Бұрынғы қазақ жігіттерінің ат құлағында ойнауынан тұлғалы, ұзын бойлы, шымыр да алғыр боп өскендігін байқаймыз. Сондықтан, тәрбиеге негіз болатын басты нәрсе – ұлт тәрбиесі. Ғұлама өз еңбегінде тәрбиешінің өзінің жүріп өткен өмірден алған, түйген, жақсы мен жаманды айыру мәселесін балаға өмір тәжірибесі ретінде ұқтыра отырып, халық санасындағы дәстүрдің қажеттісін дұрыс пайдалана білу керектігін айтады.

Иран халқының «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген мәтелін дәйекке келтіре отырып, балаға жасалған әрбір іс-әрекет оның бойына мінез-құлық болып қаланатынын ескертеді. Әр сәбидің мінез-құлқына оның тәрбиешісі ықпал етеді. Бала аурулы болса, ол баладан емес, тәрбиешіден, тар ойлы, ақымақ болса бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мақау болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы», – деген. [1.14]. Осы ойларымен Мағжан Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді. «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс» – деп педагог Мағжан Жұмабаев қалың жұртты ұлттық тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді [1.20]. Оның тәрбиеге көңіл бөлуі қазақ халқын надандықтан ада ету еді.

Балаға тәрбие бергенде әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы — ұлт тәрбиесі. Тәрбиеші ең әуелі ұлттың адамы, халықтың қызметшісі. Бұл жөнінде кітапта: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» -деген бәтуалы байлам жасалады. [1.56]. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылуы туралы ескіден қалып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға

міндетті. Бірақ, ұлт тәрбиесін, ұлттың тәрбие жолында ұстаған жолын түгелімен дұрыс деуге болмайды. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болған сықылды, жамандық жағы да көп. Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр. Баяғыдан бергі ұлт тәрбиесінің ішінде ұнамсыз, зиянды әдет, жол-жоралар толып жатқан ұлттың біреуі - біздің қазақ. Қысқасы, ұлт тәрбиесі қанша қадірлі, керек жол болғанмен, адастырмайтын дұрыс жол деуге бола бермейді. Осыған орай, ол педагогтер, тәрбиешілер халықтық педагогиканы, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болуы керек дейді. Осы орайда Мағжан ұлт тәрбиесіне сын көзбен қарап, тозығынан озығын айыра білуге шақырады. «Киіз үйдің зиянды жағы болғаны сияқты, пайдалы жағы да бар. Сол киіз үйдің ішінде баланы ұстай білуде, өйткені таза ауа сол киіз үйде. Қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл» дегенді айтады. [1.24]. Яғни, баланы жастайынан шыңдау, өмірге үйрету қажет дегенді айтады. Автор ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті дей келе, баланың дене тәрбиесі туралы да бірнеше кеңестер айтады. Соған зер салайық.

Мағжан періштедей пәк баланың жан-дүниесін, ой-жүйесін, қалыптасу, толысу, даму баспалдақтарын бақайшағына дейін шағып білетінімен қайран қалдырады. Баланың туған анасы жете біле бермейтін кейбір беймәлім тұстарды кеменгер педагогтың қалт жібермей қадағалай қарайтынына еріксіз тәнті боламыз. Дүние есігін жаңа ашқан құйттай сәбидің бір минутта 40-44 рет демалып, тамырының 150 рет соғатынына дейін қазбалап айтуы бала жаратылысын жете білетіндігін көрсетеді. Кітаптың жалпы педагогика бөліміндегі «Дене тәрбиесі» бөлімінде бала туылғаннан әбден өскенге дейінгі күтімі, тәрбиесі түгел айтылады. Бала туылғанда салмағы қандай болатыны, дені сау, дұрыс өсіп келе жатса қандай салмақ қосу керек, түгел санамалап айтылады. Бастапқы айда күн сайын, мұнан соң жыл толғанша жетіде екі-үш рет, екінші жылда жетіде бір, үшінші жылда айында бір өлшеп отыру мақұл. «Баламды безбенге сал» деп айттың деп қазақтың әжелерінің ыршып кетуі де әбден мүмкін. Қайткенмен де біреу болмаса біреу, жүзден болмаса да мыңнан біреу осы педагогика көрсеткен жолмен жүрер деп сенеміз,-дейді педагог.

Бала бөлмесі. Ол кезде киіз үйдің ішінде бірнеше адам бірге тұрғанын ескерсек, баланың жеке бөлмесі деген күлкілі де естіледі. Бірақ біздің үмітіміз келешекте дейді, сорлы қазақ мәңгі сасық үңгірде құрттап, шіріп жата бермес, тұрмысын түзетер деп сенеміз. Бала бөлмесінің ішінде таза ауа болсын, әрі кір жуу, кір кептіру, кірлеген киім тастау жарамайды дейді. Әрі жылылығын да бақылап тұру керек.

Баланың тамағы, емізгі, қолдан тамақтануы, тамақтандыру тәртібі - осының барлығы да педагог еңбегінде толықтай аналар үшін де, тәрбиеші үшін де түсінікті етіп жазылған. Әсіресе, баланың

тамақтану тәртібі мен түн ұйқысы туралы кеңінен айтылады. Ол тәрбиешінің ұстанатын салты, оның ішінде айрықша айтатыны-қазақ салтының қателігі балаға кейде теріс жағынан әсер ететіні. Күнделікті өмірде қазіргі кезде де кездесіп жүрген қателіктер. Мысалы, баланың жеке бөлмесінің болмауы, бала терісінің маймен сылануы, тіпті осыдан 20-30 жыл бұрын да жіберген кемшіліктеріміз, теріні маймен бітеп, дем алуға мүмкіндік бермегеніміз. Тіпті бесікке жатқызғанда қатты тербетіп, тез ұйықтатып қоямыз деген қате ісіміз, қатты байлап тастауымыз. «Бала тәрбиесі-бесіктен»- деп халық даналығы айтқандай, жарық дүниенің есігін ашқан шарананы бесікке бөлеудің өзін аса сақтықпен, ұқыптылықпен жасау керегіміз айтылған. Осындай құнды ақпараттарды осыдан гасыр бұрын дәлелдей отырып, жазған Мағжан Жұмабайұлы тек педагогтерге ғана емес, болашақ ата-аналарға да жол көрсетіп берген-ді. Әлі медицина дамымаған заманның өзінде осындай еңбектің жазылуы қазақ қоғамы үшін ірі жетістік болған етін. Сәбидің тілін шығару үшін сөздерді әдейі бұрмалап айтуымыз өрескел қателік екендігін де жай ғана мысалдармен түсіндіреді. Себебі, сәби әлемді ата-анасы арқылы таниды. Санасы толысқанша балаға ата-анасы жасаған әрбір істің бәрі дұрыс болып саналады. Сонымен қатар, баланың серуендеуі, тістері жарған кезде қалай күтім жасау керек екені, қай жасында қанша тіс шығатыны түгел дерлік түсіндіріліп айтылады.

Тәрбиешілер балаға тәрбиені дұрыс бергенде ғана адам баласы бойындағы сан мың қабілеттің гүлдеген ағаш секілді, жеміс беретін мәуелі ағаш секілді жарыққа шығары сөзсіз. Ол үшін тәрбие дұрыс берілу керек. Білім алу, кемелдену, салауатты өмір сүру-бәрі тәрбиеден басталады. Тәрбиесіз берілген дүниенің бәрі адамға өз кесірін тигізерін, Әл-Фарабише айтсақ-«адамзаттың қас жауына айналады». Бұл еңбек нағыз қазақи менталитетке сай жазылған құнды еңбек. Әсіресе, қазақ қызының тәрбиесіне арнай тоқталған. Педагог – ғалым бала тәрбиесіндегі, әсіресе қыз баланы тәрбиелеуде әйелдің, ананың рөлінің зор екендігін айтады. Өйткені бала анаға жақын тұрады. Шешесі үйде баланың көзінше не істесе, қалай қимылдап, қалай сөз сөйлесе ертең ұшқанда баласы, әсіресе қыз бала соны істейді. Көбіне – көп қыз бала тәрбиесі анасына байланысты. Сол себептен ананың – әйелдің балаларының көзінше өте әдепті, мәдениетті болуын меңзейді. Бұл ақыл-кеңестер күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жойған емес, өйткені олар бала тәрбиесіне байланысты заманауи қоғамның ата-аналарға қойып отырған педагогикалық талаптармен үндесіп жатыр. Соның бірі, балаға «Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Ал балаға жер ортасының ыстықтығын түсіндірмекші болсаң, солтүстіктің суығымен салыстыр» – дейді. Осы орайда, балаға ертегіні айтқанда да жандандырып, суреттеп алып кел, ол сонда тез ұғады. «Бала ертегіні жан тәнімен тындайды. Ертегіге шын

көңілмен сенеді. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзін желге айтқанмен бірдей. Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін сезінсе, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», – дейді жазушы. [94].

Мағжан Жұмабаевтың бұл кеңестері қазіргі тәрбие беруде де өз маңызын жойған жоқ. Ақын еңбегінде ұлттық психологияны сөз етеді. Жан көріністерін білу, яки, ақыл, сезім, я көңіл, һәм қайрат деп бөліп қарастырады. Ол сыртқы сезімдерді: көру, есту, иіскеу, тату, сипау деп қарастырып, олардың атқаратын қызметіне, ерекшелігіне сипаттама береді. Оларды дұрыс жетілдірудің жолдарын көрсетеді. Бұларды жетілдіруде ұлттық дәстүрге сүйене отырып жүргізілуді ұсынады. Ол бала тәрбиесіне түрлі музыка құралдарының үнін естірту керек. Домбырамен күйлер тыңдатып, бала қиялына қиял-ғажайып ертегілерді, «Әлди-әлди, ақ бөпем» деп басталатын ескі бесік жырын айтудың маңызды екенін атап көрсетеді. Ой-қиялдың өрістеуіндегі тілдің роліне тоқтала келіп, «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі көрініп тұрады», – деген. Жастайынан ана әлдиін, әже ертегісін естіп өскен балада өз ұлтының бар болмысын бойына құйып өседі дейді. Қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыда қарастырып, ұлттың болашағы үшін алаңдаған дана ұстаздар А.Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, М.Дулатовтар тәрбиенің негізі – ұлттық құндылықтарымызды дұрыс игеруде екеніне аса үлкен мән берген. Осы құндылықтарды ұстаздар алдарында отырған шәкірттеріне мейлінше дұрыс ұғындырса, әр сабақта ұлттық дәстүр, рухани құндылықтар, бабаларымыздың есімдері мен қалдырған мұралары қамтылса, насихатталса, дәріптелсе берген білім де сапалы болады.

"Педагогика" - Мағжанның қарапайым бір еңбегі емес, жантану мен тәнтанудағы қазақша жазылған, қазақ санасына лайықтап жазылған шоқтығы биік дара дүние. Мағжанның "Педагогикасын" оқу барша қазаққа міндетті болу керек деп ойлаймын. Шағын ғана бұл кітаптан жантану керек пе, тәнтану керек пе, тәрбие керек пе, медицина керек пе – бар сұраққа шешім табасыз. Бұл кітап перзентінің бойына осы ақыл-кеңестерді, құндылықтарды сіңіремін деген әрбір анаға да, әжеге де, бәрімізге керек. Тек оқуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев «Педагогика», Алматы, Ана тілі 1992 ж.
2. М.Жұмабаев шығармалар жинағы. Алматы
3. А. Қалдыбекова Низами атындағы ТДПУ-дың профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты. М.Жұмабаевтың «Педагогика» кітабы-Түркістан өлкесіндегі тұңғыш ғылыми-педагогикалық әдебиет

АБДРАХМАНОВА ҚАРЛЫҒАШ ҚУАНҚЫЗЫ
Қызылорда қаласы С. Лапин атындағы
№261 орта мектеп директоры,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

*«Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне
баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса
қадірлі орын – мұғалімдердікі»
Мағжан Жұмабаев*

Қай кезде де қолға қалам алып, сөз тізіп, ой жұмбаздау салмақты сәт, жауапкершілікті іс.

Ойшыл Шәкәрімнің «бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» деп басталатын өлең мәніндей, бұл баяндама бұрынғы баяндамадан өзгерек болғалы тұр!

Себебі тіл, діл, салт-дәстүр сынды құндылықтар арқылы бала жанын емдей білген ұлттық педагогиканың жолбастаушысы Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегіндегі өрелі ойлар мен парасатты пайымды көзқарас сүзгісінен өткізудің өзі ізгілікті іс.

Шын мәнінде, замана сипаты мен қоғам дәуірі өзгерген сайын құндылықтарға деген құрмет өлшемі өзгеше реңк алды. Бұл ретте заңғар педагог Мағжан ұстанымы ұлт тәрбиелеу ісінде самаладай жарқыраған шам іспетті. Мұны оның еңбегіндегі мына бір жұп-жұмыр ой айғақтайды.

«Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

Иә, сөздің салмағын, міндеттің ауырлығын сезіне білетін педагог үшін осы бір оймақтай ойдың түбінде «педагог жауапкершілігі» деген үлкен жүк барын байқау қиын емес.

Мағжан – педагогика арқылы бала жанын емдеуге болатынын анық дәлелдеген тұлға.

Мағжан – жантану мен тәнтану ілімін қабыстыра отырып, бала болмысын ашқан зерделі педагог.

Мағжан – грек пайымындағы «бала жетектеуші құл» функциясын атқарған педагог рөлін биікке көтеріп, төрдегі орын мұғалімдікі екенін шегелей білген көрнекті азамат.

Демек, Мағжан әлемі, Мағжан философиясы, Мағжан педагогикасы, Мағжан мұрасы – адамзат баласына берілген үлкен олжа.

Хош! Баяндамама арқау болған «Педагогика» еңбегіндегі өрелі өлшемдерді өзімізше түйсініп көрейік.

Оқулықтың үлкен төрт бөлімнен – ақыл, құлық, сұлулық және дене тәрбиесінен тұруы көп нәрсені аңғартады.

Мағжанша тәпсірлесек, адам баласына осы төрт құндылық тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болады.

Тәрбиедегі бұл маңызды аспектілер барлық уақытта нағыз тәрбиенің тармақтары болып қала бермек!

Асылында, Мағжанның «Педагогика» еңбегінде бәрі бар. Философия, психология, рух пен ұлттық сарын.

Оның мына бір ойына зер салсаңыз, білім баспалдағы – тәрбиеден басталатынын түсінесіз.

«Жалпы адам баласына Жаратушы сан мың қабілет берген, бойдағы ашылмай жатқан қабілет кемелденуді тілеп, іштен мүлгіп жатады. Ашылмаған әрбір қабілет бейне бір аршылмаған бұлақ іспеттес сылдырлап ағуды қалайды. Ашылмаған қабілетті ашу үшін ең бірінші тәрбие дұрыс болу керек. Тәрбие дұрыс болғанда ғана адам бойындағы барлық қабілеттер жарыққа шығуға талпынған дәнекке ұқсап, мәуелі ағаш секілді әдемі жеміс беруге асығады. Білім алу, кемелдену, салауатты өмір сүру – бәрі тәрбиеден басталады. Тәрбиесіз берілген дүниенің бәрі адамға өз кесірін тигізері анық».

Осылайша ой қорытқан ол тәрбиені екі үлкен құндылықпен бөліп қарайды:

Дене тәрбиесі!

Жан тәрбиесі!

Мұғалім Мағжан: «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене – жанның құралы. Құралы мықты болса, иесі де мықты болады» дейді.

Демек, қандай да бір білім, ізгі тәрбие берілмесін дене дамуында тежеу болса, бұл екі құндылық ақсай бастайды. Мұны жәй сөзбен емес, ғылыми негізде де дәлелдей білген.

Кітаптағы әрбір тарауды, ондағы түсініктер мен дәлелдерді оқып отырсаңыз, анық байламға келесіз. Мағжан педагог дене тәрбиесін жан тәрбиесімен қабыстыруы керек деп санайды. Ал, жанды дұрыс тәрбиелеу үшін педагог психология ілімін өн бойынан өткізуі тиіс.

Себебі жан тәрбиесінің түзу болуы жүйке жүйесінің дамуына қадам жасайды. Яғни қалай десеніз де педагогика мен психологияның егіз ұғым екеніне көз жеткізесіз.

Тереңірек кіре берсеңіз, Мағжан жан көріністерін, сезім, құлық, қайрат, мінез сынды қасиеттер бала болмысын ашудың қажетті элементтері екенін жіпке тізген. Әрқайсынына жеке талдап, ғылыми негіздеме берген. Бұл қазіргі педагогикадағы көзге көрінбейтін, бірақ қажет амалдар.

Мағжан педагогикасындағы тағы бір деталь – адамгершілік!

Ол қоғамда адамгершілік бағдарлардың ортақ жүйесі болғанда ғана алдымызға ауқымды жалпыұлттық міндеттерді қойып, соған жете аламыз дейді. Ал мұндай адамгершілік бағдарды тек ана тілімізден, мәдени

құндылықтарымыз бен тарихымыздың әрбір парағына деген құрметтен табатынын ашып көрсетеді.

Ол «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі». «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды, жамандық жағы да көп», – деп жазады. «Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауға тиіс», - деп жіктеп көрсетеді.

Құндылыққа негіздеп оқыту, бала бойында дағдыны қалыптастыру сынды педагогикадағы маңызды аспектілердің бәрі де Мағжан еңбегіне арқау болған.

Мағжан үшін еркіндік – педагогиканың бірден-бір критерийі, тәжірибе – бірден-бір әдіс. Ол педагогика ғылымын оқу-тәрбие мәселелерін шешуге жаңа көзқараспен байытқан дидактикалық көзқарастардың өзіндік жүйесін жасады. Мағжанның ұстанымында оқытудың басым түрі әдеттегі мағынадағы сабақ емес, оқушылармен еркін әңгімелесу болуы керек. Балалар сол еркін әңгіме барысында оқуды, жазуды, есептеуді, т.б. үйренеді.

Мәселен, оның мына пайымы көп нәрсені аңғартады. «Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің іші пысады, мұғалім үсті-үстіне төпеп, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, бала мезі болып іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен басқыштап білдіруде. Сабақ оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың абайын (назарын) өзіне қарата алады»

Мектеп директоры ретінде емес, бала жанын түсінетін педагог ретінде Мағжан ұстанымына сай балаларды ұлттық рухта, ұлттық дәстүрге сай бейімдеп оқыту ісін тәжірибе жүзінде іске асырып, білім беру орнын аймақтағы тәрбие мектебі ретінде қалыптастырдық.

Мектебіміз ұлттық білім беру ұйымы болғандықтан, мұндай жауапкершіліктің ауырлығын армен, салмағын санамен сезінеміз.

Әрбір баланың дәстүрлерді дәріптеуге, ұмыт бола бастаған ойындарға деген ұмтылысы бала психологиясына едәуір әсер еткенін және бұл процестер бала бойында белгілі бір құндылықтардың қалыптасуына негіз болды.

Балалардың тарихты, тілге деген құрметті сезінуі, адамгершілік пен ізгілік сынды асыл дініміздегі қасиеттерді бойтұмардай етуі тұрақты жобаларымыздан көрініс тапты.

Тәрбие тінін қалыптастыру педагогтерге тікелей байланысты. Бұл ретте «Мағжан ізбасарлары» атты бастама жасадық. Зерттеуші және сарапшы педагогтерге арналған топ құрып, Мағжан оқуларын өткізіп, «Тәрбиедегі мақсұт» талдауларын өткізуді дәстүрге айналдырдық.

Мұның бәрі бала бойында, ұстаз ісінде рухани құндылықтар дағдысын қалыптастыруға жол ашып келеді.

Кітаптың екінші бөлімде Мағжан жалпы педагогика ғылымын талдайды. Педагогиканың қандай пән екенін сипаттай келе, онымен етене таныс болу керектігін айтады.

Көрнекті қайраткер оқу-тәрбие процесінің заңдылықтарын ашып, педагогиканың ғылым ретіндегі табиғатын анықтауға тырысты. Педагогиканың ғылым жолына мұрат еткен ұстаздарға эксперимент жолына батыл түсуді ұсынды. Мағжанша айтсақ, біздің заманымызда педагогика ғылымы философиялық айғақтармен емес, шыдамды, табанды, әмбебап тәжірибелер арқылы ілгерілей алады.

Оқушыларды оқыту және баланың шығармашылық қабілеттерін, оның бастамашылдығы мен дербестігін дамыту – Жұмабаев мектебінің басты міндеті. Ол педагогикадағы еркіндік принципіне сүйене отырып, бүкіл педагогикалық тұжырымдаманы негіздеді. Баланың ішкі жан дүниесін, оның тілегін, ынта-ықыласын, талпыныстарын зерделеу қажеттілігін өз замандастарынан да терең, жан-жақты түсінді.

Оқушыларды функционалды оқыту Мағжаннан алынған. Баланың алған білімін өмірде қолдана алуы, қабілеттерді ұштай алуы, соған сай әрекет етуі ғылыми еңбекте арнайы жазылған.

Мағжан өз еңбектерінде оқу – баланың интеллектіне әсер ету ғана емес, көп қырлы процесс. Сонымен бірге ол оқытудың саналылық және белсенділік принципіне ерекше орын береді. Егер мектепте оқушы өздігінен ештеңе жасауды үйренбесе, өмірде де тек еліктеп, көшіріп алады. Сондықтан Мағжан үшін оқыту процесі әр баланың бойындағы тәуелсіздікке деген құштарлыққа зиянын тигізбеумен қадірлі болуы тиіс.

Заңғар педагог оқу мен өмірдің байланысына да ерекше мән береді. Педагог оқушының өмірлік тәжірибесі неғұрлым бай болса, соғұрлым балаларды мектепте табысты оқытуға мүмкіндіктер көп болады, пәнаралық байланыстар оңай орнатылады және оқуға ынта артады деп есептейді. Ол табысты оқытудың негізі ретінде екі дидактикалық принципті – балаға үйретілген нәрсе түсінікті әрі қызықты болуын және баланың зейіні, көңіл күйі ең қолайлы жағдайда болуын назарға алу қажетін айтады.

P.S. “Адамның шын мағынасымен “адам” болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт. Өзінің һәм жақындарының ғана пайдасын іздемей, жалпы момын халықтың пайдасын іздеуі шарт. Халық пайдасын өз пайдасынан ілгері қоюы шарт. Адам шын адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін...»

Мағжан қазіргі альфа ұрпақтың қалауын дөп басқан даңқты педагог. Балаға сөз емес, жақын адамдарының іс-әрекеті көбірек әсер ететінін талдап берген ол тәнтану мен жантану арасын жалғайтын дағдылармен бірге ақыл, ар, әділет, ынсап секілді қасиеттер адам болудың басты алғышарты екенін тайға таңба басқандай жеткізді.

Ұлы ұрпақ тәрбиелеу – ұлық іс! Ал, ұлттық рух барда – ұлттық педагогика бар!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Сеңкібаев С.Мағжан Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі – ғасырлар тоғысында // Ізденіс. -2002. – №2. –Б.165-169*
- 2. Жұмабаев М. Өнер-білім қайтсе табылар //Ақиқат. –2009. –№10. –Б3*
- 3. Жұмабаев М. «Педагогика» // Алматы, «Самға» баспасы, 2023*
- 4. «Мағжан әлемі» кітабы*
- 5.Әдебиет порталы. Мағжантану негіздері*

АҚБАЕВА САЙРА ҚҰЛТӨРЕҚЫЗЫ
Маңғыстау облысы , Мұнайлы ауданы
«№3 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОД

Ғылым.Өнер.Технология. Қай қайсысын алсақ та, барлығы адамның қажеттілігінен туады. Қазір біздің қоғамға не қажет?

«Ақын өз еңбегінің («Педагогика») «Баланың қиялын, фантазиясын тәрбие қылу жолдары» деген бөлімінде ұлттық тәрбиеге, ұлттық педагогикаға аса құрметпен қарайды. Мұнда қазақ баласының қиялына канат бітіретін ұлттық тәрбие екенін пайымдайды.

Қиялдың адамның ақыл-ойының, өмірдің алға басуы үшін маңызы зор екені белгілі. Автор қиялдың пайда болу жолдарына, оның бала өміріне қажеттілігіне, бала фантазиясын тәрбиелеу, оқушы өміріндегі ертегілердің, ойынның, ойыншықтың маңызын жеке-жеке ашып жазады. Қазақ қиялы тәрбие көрген жоқ, әлі таза, әлі бала, әлі жылдар, күндер өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, тереңдеп, адамзат дүниесінің көгінде бір жарық жұлдыз болар деген иманымыз кәміл, – дейді М.Жұмабаев. Бүгінде жазушының бұл жазбасы толық орындалмады ма? Неге орындалмай жатыр?» – деп жазады зерттеуші Ақмарал ОЛЖАБАЙ.

Шынында, соған баса назар аударып, зерделеп, екшеп қарадық па?

Сөз атасы – ертегі,

Құраннан сыр шертеді,- деген абайтанушы-ғалым О.Жалел ойын ары қарай былай тарқатады: «Ата-бабаларымыз Құрандағы қағидаларды ертегіге айналдырып берген. Құрандағы ақиқаттардың берілу формасы - ертегі. Құранды тікелей түсіну мүмкін емес. Адамның рухани деңгейі өскен сайын ертегінің қабаттары ашыла береді. Ертегі адам қиялын шарықтатады.

Қазақтың физик ғалымы: «Ғалым болу үшін көп нәрсе оқымау керек, тек ертегі оқу керек. Басын тап-таза ұстап, ертегі оқыған бала кез-келген ғылымды меңгереді» десе, физик-теоретик Альберт Эйнштейн: «Талантыма қарыздар емеспін, қиялыма қарыздармын», - деген екен. Олай болса, ертегі тыңдап өскен қазақ баласы кез келген ғылымды меңгеріп, «адамзат дүниесінің көгінде жарық жұлдыз» болары хақ.

Оған бір мысал. М.Жұмабаевтың 19 ғасыр аяғында жазған «Әже» өлеңі уақыт таңдамайтын мәселені көтерген. 9 шумақтан, 4 тармақтан, 2 бунақтан, 7-8 буыннан тұратын кезекті ұйқасқа құрылған. Өлеңнің ерекшелігі шағын сюжетті, кішірейтуден бастап, әсірелей отырып градацияға ұласады. Бұл өлеңде әженің ертегісін тыңдаған тентек бала бұзықтығын қояды.

«Тәрбие тал бесіктен» бастау алатын болса, біз ұлттық тәрбиеге терең үңілуіміз қажет. Ғылым мен техниканың қарыштап өсуінің пайдасы мен зияны бірдей екені баршаға аян. Бүгінгі таңда дүниеге шыр етіп келген балаға бесік жыры мен әже ертегілері айтылмай, рухани жағынан өсіп жетілуіне мән бермей келеміз. Ана сүтімен пара-пар ұлттық тәрбиемізден алыстап кеттік. «Ертегі - рухани тәрбие негізі». Қазіргі заманда Мағжан суреттеген әжелер қоғамға ауадай қажет.

Мағжан ақын:

«Отырса бойы аспайды,

Қолындағы ұршықтан», - деп асыл әжені кішірейте суреттеу арқылы оның бойындағы үлкен даналықты көрсетеді.

Алдындағы көженің

Көрінбес беті қылшықтан..., - деп еңбек десе ішкен асын жерге қоятын асыл әжені,

Көжесін қойшы, кеңесін,

Тындамай үйден кім шыққан?! – деп үлкеннің кеңесімен өсіп-өнген қазақтың салт-санасын айна қатесіз көз алдымызға әкеледі. Ақын шығармасынан еңбекқорлық пен қазақилықты көреміз.

Ертегі айтса ұршығын,

Ұмытып әжең кетеді.

Жерді жатқан жүнді алып

Қайта –қайта түтеді,- деп әсірелей бейнелейді.

Ертегіге толы жан дүниесі ертегі айтқанда ермегін ұмытып, «тоқтайды сонда жөтелі» деп сырқатынан да айығып кетеді. Бары мен нарын салған асыл әже үлгісі көз алдыңнан кетпейді.

Ал кіріссе ертекке,

Басы қалт-қалт етеді:

«Ертеке-ертеке ерте екен...»

Аузы балп-балп етеді,- деп жырлайды.

...Сұр мергенде болыпты,

Сүліктей бедеу бір сұр ат»...деп бастағанда нан сұрап жылап келген тентек Кенжетай қарны ашқанын ұмытып, маужырып ұйқыға кетеді. Мағжан идеясы әдебиет жанрының проза саласында да қозғалған. Нағыз әжені Н.Ақыш «Нағыз әже қайда?» деп дәл көрсетеді.

« — Өзі мейірімді де, ақылды адам. Ешкімге ешқашан ұрыспайды, ұрса қалса, орнымен, теріс қылығыңа өзің ұялатындай етіп ұрсады. Үні де, қолы да, көзқарасы да жұмсақ, жұрттың бәрімен: «Қарағым, айналайын», — деп жылы сөйлесетін иман жүзді қария. Өзі ылғи шаруа істеп, күйбендейді де жүреді. Тіпті, ештеме істемеген күннің өзінде ұршық иіріп отырады...».

«Айналдырған екі бөлмені астан-кестен етіп мазаны ала бастаған кезде: «Келіндер, ертегі айтып берейін», — деп жалынып-жалбарынып жүріп, үй ішінен безіп кеткен тыныштықты әрең қайырып алушы едім. Құрғақ ақылды

құлақтарына қыстырмай, ойнақ салатын қос тентек «ертегі» деген кезде еріксіз жуасып, айтқанға оңай көнеді. Осылай алдап-сулаймын деп жүріп, бұл екеуін ертегі тыңдауға дәндетіп алған — менің өзім. Енді, міне, қымс етсе болғаны: «Папа, бізге ертегі айтып берші. Біз бұрын естімеген қызық ертегі..» — деп ай-шайға қарамастан, тақымдап келіп отырғаны. Тіпті, кейде мезгілсіз уақытта құмарта қалатындары бар» .

Өкінішке орай, олар ертегіні әкесінен естігенімен, ертегі айтып беретін әжені таба алмады. Әкесі ертегіні әжесінен естіп өскен. Қазір балабақшада «Қызыл телпек», «Айболит, «Кірқоймас» ертегілерін тыңдап өседі. Бұлар қазақ ертегілері емес. Бұл - ащы болса да шындық. Нағыз әжелер қайда кеткен? Оны қалай жоғалтып алдық? Оған не себеп болды?

Шындығында, әженің ертегісін тыңдап өскен жігіт балалы болғанда қыздарына өзі ертегі айтып беруді әдетке айналдырды. Құрғақ ақыл тыңдағысы келмейтін қыздары ертегіге құлақ түрді. Нағыз әжені көргісі келеді. Бұл әңгіменің өзектілігі тақырыбы мен идеясында жатыр.

Бұған технологияның өсуі кедергі келтірді ме, әлде салт-санамызды жаңғыртудың орнына ұмытуға шақ қалдық па? Беймәлім.

«— Жоқ, Аятай... Мен сендер секілді балалар бақшасында өскен жоқпын, мені тәрбиелеп, бағып-қаққан ауылдағы кәрі әжем болатын. Жаңағы қызық ертегілерді де мен сол кісіден естігенмін».

Болашақта балабақшада қазақы ертегілер бала қиялын шарықтатып, бала мінезінің қалыптасуына септігін тигізеді деп сенемін. Себебі уақыт таңдамайтын тақырып күн тәртібінен түскен емес және түспейді де.

«Сол түні өз әжем түсіме кіріпті. Осыдан отыз жыл бұрынғы қалпы, басында аппақ кимешегі бар екен деймін. Ескі мақаммен ыңылдап ән айтып, ұршық иіріп отыр. Мен болсам әжемнің бүйіріне басымды тығып, еш алаңсыз ірімшік жеп жатыр екенмін».

«Кітап оқымаған ойлаудан тыйылады». «Әдебиет- тәрбие құралы». Мінез - ойлаудан. Ойлау жақсы кітап оқудан бастау алса, жақсы ойлаудан әдет, құлық қалыптасады, жақсы әдеттен іс-әрекет пайда болады, жақсы іс-әрекеттен жақсы мінез туады, жақсы мінез адам тағдырын жасайды. Білімнен бұрын баланың мінез-құлқы басты назарда болуы шарт. Бүгінгі күн осыны талап етуде. Ол үшін кітап оқуды, оқып беруді үлкен көрсетуі қажет. Сонда ойы мен көзқарасы қалыптасқан толыққанды ұрпақ өсіп-жетіледі деп ойлаймын. Осы орайда «Ертегі мен мінез сабақтастығы» факультатив курсының бағдарламасы көмекке келе алады. Себебі ертегіге құмар бала, сөз тыңдап, қияли дамиды. Ертегі адам қиялынан туған дүние. Ертегіде ата-баба арманы жатыр. Ол бұл күні орындалып отыр. Біздің енді түсімізде емес, өңімізде ыңылдап бесік жыры мен ертедегі ертегілерді айтып, немерелерін уатқан нағыз әжелеріміз көп болсын. Жаһандану дәуірінде ұлттық тәрбиеміздің қайнар көзі болып табылатын, дәстүрімізді дәріптейтін, әлем деңгейіне жеткізетін әжелеріміз аман болсын.

20 ғасырда М.Жұмабаев «Әже» өлеңінде әженің орны, оның ертегісінің маңызды екенін қозғаса, 21 ғасыр жазушысы Н.Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесінде сол әжелерден ажырап қалғанымызды көрсетеді. Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» шығармасында ертегі тыңдап өскен бала өскенде мәрмәр жүрекке ауыстырған ет жүрегін өз жүрегіне қайта ауыстырып алады.

«Бала кезінде ең жақсы көріп тыңдайтын ертегісі «Ер Төстік» еді. Әжесі таңғажайып хикаяны айтып болып, – Міне, немелтайым, осындай да кеп болған екен, – дейтін күрсініп. Түнде түсіне, Ерназарды құдықтың жанында ұстап алып азапқа салған Бекторы кіреді. Оянғанда көргенін әжесіне айтатын». Бар ынтасымен ертегі тыңдаған бала мен нағыз әже көрініс тапқан.

«– Білгем, – Бекторы елжірей жымыған, – Қайтып келген санаулы адамның бірісің. Сол үшін ризамын. – Мыналар ешқашан қайтпайды, – Иегімен сөрелерді меңзеді, – Жүрексіз жүрген ұнайды екен. Жүрексіз жүргеннен шаршамайды екен, жалықпайды екен. Көбі құрдымның шетінде тұр. Ал көбі құрдымға баяғыда құлап кеткен.Кенет жер-дүние солқ ете қалды. Қайырболды жан-жағына қараған».

Бұл нені көрсетеді? Бірде бір адам олай ауыстырып көрмеген еді дейді. Мұнда терең ой, терең мағына жатқаны анық. Мифологиялық элементтер арқылы заман зарын айтып тұр. Қазіргі жемқорлық жайлаған заманда, байлыққа құныққан заманда, әлсіз адамдарды әкеліп жатқан жеңіл заманда, ата-анасын қарттар үйіне тапсырып, баласын далаға лақтырып жатқан тасбауыр, қатыгез адамдарды тудырып жатқан заманда әже тәрбиесі, ұлттық тәрбие бізге ауадай қажет болып тұр. Ұлттық тәрбие әрбір шаңырықта жатыр. Оны бізге ешкім жасап бермейді. Ол бізде бар. Ұлттық құндылықтың қайнар көзі салт-әстүрімізде жатыр. Ойларымды қорытындылай келе, мынадай ұсыныстар айтқым келеді.

1. Ұлттық дәстүрдегі мектеп ашу;
 2. Салт-дәстүрімізді кірістіріп бағдарлама жазу;
 3. «Ертегі мен мінез сабақтастығы» факультатив курстарын қосу;
 4. Барлығын балабақша бағдарламасынан бастау керек;
 5. Халықаралық деңгейде әр түрлі сайыс ұйымдастыру;
- Сонда еліміз үлкен жетістіктерге жетері анық. Сонда «алты алаштың басы қосылса, төр- ұстаздікі» болмақ. Болашақ жастарымыз,
- 1) Жасөспірімдеріміз өзін- өзі таниды;
 - 2) Рухани құндылықтарды бойына дарыта алады;
 - 3) Өз алдына мақсат қойып, соған жете біледі;
 - 4) Жеке пікірін, ойын өте сауатты жеткізе біледі;
 - 5) Функциональдық сауаттылығының бірізділігі қалыптасады;
 - 6) «Білімімен емес, мінезімен ұлтқа қызмет жасайтын» ұрпақ өсіп-өнеді.

АСЫЛХАНОВА ӘДЕМІ СЕРІКТАЙҚЫЗЫ

Астана қаласы

Ы.Алтынсарин атындағы BINOM мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МАҒЖАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

«Артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі!»

М.О.Әуезов

Талантты адам – бар жағынан талантты!

Мағжанның «Педагогика» еңбегін алғаш оқығанда әуелі ойыма келген дүние – орыстың осы мақалы болды. Қазақ әдебиетінде жеке мектеп қалыптастыра алған, поэзиясымен талай буын шәкірт тәрбиелеген, өлеңдерімен әдебиет аспанында шолпан жұлдыздай жарқыраған Мағжанды оқыған сайын тамсана отырып, суреті айқын, рухы тегеурінді, сиқыры тылсым өлмес өлең қалдырған Мағжан - ақындықтың пайғамбары екенін мойындадық. Ол сонымен бірге «Шолпанның күнәсі» сынды жалғыз ғана психологиялық ғажап әңгімесімен қазақ прозасын асқақтатқан ұлы суреткер екенін дәлелеп кетті. Орыстың, сондай-ақ шығыс пен батыстың классиктерін керемет тәржімалаған шебер аудармашы екені және рас. Әлеумет тұрмысын жақсартамын деп қоғамдық іске араласқан қайраткерлігі, жаңа мазмұндағы ұлт мектебін ұйымдастыруға тырысқан ұстаз, оқулық жазған ғалым, ағартушы, Алаш ренессансы сынды құбылыстың ішіндегі ғаламат пассионар тұлға болғаны оның сан қырлы талант екендігін сөзсіз мойындатты. Қазіргі сөз солардың ішінде оның қазақ педагогика ілімінің тұңғыш әліппесін жазғандығы хақында болмақ.

«Бас-аяғын жиғанда екі-үш баспа кітабы бар, адамы тегісінен қара танымайтын, мінезі тағы, ақылы айналмасыз, орныққан емлесі жоқ, тілі өңделмеген қазақ елі үшін кітап жазу, иә басқа тілден аудару, әсіресе «Педагогика» кітабын жазу – тауды орнынан қозғау, инемен құдық қазу». Мағжан атамыздың «Педагогика» еңбегін алғаш оқып танысып, пікір айтқан М. Жолдыбаев осылай деп бағалаған Мағжанның «Педагогика» еңбегі - соқтықпалы далаға түскен соқпақ жол болғаны рас. Бұл шағын көлемді баяндамада аталмыш кітапты тұтастай талдау мүмкін емес, біздің мақсатымыз – осы еңбектің ең маңызды деген тұстарына тоқталу.

Мағжанның педагогикалық көзқарастарын түсіну үшін төмендегі пікірлерін мысалға алмақпын. «Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамасы келгенше қазақ қанына қабыстыруға тырыстым» дегеніне қарап, әлемнің қандай бір мықты ғалымының еңбегі, қандай бір тәжірибелерде сыннан өткен үздік білімдер болмасын, ұлттық менталитетке, тарихқа, қазақтың қанына, жанына қабыстыра пайдаланбаса, бұл ұлттық

педагогиканың көсегесін көгертпейтінін Мағжан сол шақта-ақ ұғынған. Бұл мәселе қазіргі кезде де өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Тәрбиеге қатысты айта келіп «... ал енді адамзат туралы айтылғанда, (тәрбие) адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі» дейді. «Тиісті азық» дегенде Мағжан өте терең мағынаны қозғайды. Адам дене мен жаннан тұратынын айта келіп, адамды тәрбиелеу оның жанын тәрбиелеу екеніне баса назар аудартады. Замандастарымыз, әсіресе әкелер қауымы, қазір өзіміз куә боп отырғанымыздай, балаға тәрбие беру ұғымын - тамағын тойғызып, киімін киіндіріп, артылса заманауи гаджеттермен қамтамасыз етіп, түрлі үйірмелерге жазу деген көлемде шектеулі түсінетінін өкінішті болса да мойындауымыз қажет. Баланың көңілі толмай тұрғанын көрсе, «не жетпейді осы саған?» деп бұрқылдап, ренжіп жататын ата-аналарды байқаймыз, алайда баланың тәнін ғана қанағаттандырып, Абайша айтсақ, «жан құмарын» бере алмай жатқанымызбен ісіміз болмай жатады. Қорадағы малға да ішкізіп, жегізіп жатамыз, ал жаны бар адам баласының сезімдері мен рухани қажеттіліктері, оған бөлу керек көңіл мен уақыт, мейірім мен махаббат сияқтылар ескерілмей қалатыны қынжылтады (итке шөп бермейміз ет береміз, жылқыға ет бермейміз шөп береміз, сол сияқты адамға да жасына сай, жаратылысына сай өзінің қажетін беру керек). Осыған сәйкес, біз сұрақты өзімізге қоюымыз керек: «Мен осы баламның тиісті азығын беріп отырмын ба?» деген сыңайда.

«Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны» - деп көрсетеді Мағжан бұл еңбегінде. Бұл жерден Абаймен үндестігін көре аламыз. Абай мұны «ақыл», «жүрек» және «қайрат» дейді. Ақылы - ақылымен, денесі - қайратымен, құлық және сұлулық тәрбиесі – Абайдың жүрегімен үндес. Төрт тәрбие толық берілген адамды Мағжан «шын адам» десе, Абай «толық адам» концепциясын түзген. Мағжанның бұл төрт тәрбиесін қазір әлем мойындап отырған жетілген адамға тән мына қабілеттермен салыстыра аламыз:

- 1) Зияткерлік коэффициенті (IQ(Intelligence Quotient))
- 2) Эмоционалдық сауаттылық коэффициенті (EQ(Emotional Quotient))
- 3) Адамның өмірлік күш-қуатының өлшемі — VQ (Vitality Quotient))
- 4) Жүрек коэффициенті (LQ (Love Quotient))

Бұл жерден шығатын қорытынды, біз саналы, есті ұрпақ тәрбиелегіміз келетін болса, біржақтылыққа салынуымыз жөн емес. Мысалға, қарапайым тілмен айтсақ, ата-ана үйірмелер таңдағанда да осы төрт тәрбиені қамтуға тырысуы керек. Тәртеудің біреуі кем болғанда, ол жерде проблема туындайды (білімі мықты, - денсаулығы әлсіз; бәрін біліп тұр, жасайын десе қайраты жоқ, айтайын десе рухы жетпейді; денсаулығы мықты, - эмпатия жоқ; тек жүректі тәрбиелеген - сезімге беріліп қателіктер жасағыш). Әлемнің

мандайалды университеттері қазір абитуриенттердің осы қабілеттерін тексере отырып оқуға қабылдайды. Білімге ғана қарайтын біздер, ал шетелдік университеттер оның қандай да бір аспапта ойнағанын, волонтер болып қоғамдық істерге араласқанын, т.с.с. қалайды. Портфолио жинатып, сол арқылы болашақ студентін зерттейді. Мағжан осы төрт тәрбиесі толық болған адам ғана шын адам дей келіп, балам адам болсын деген ата-ана оның осы төрт тәрбиесін тең берілуін дұрыс дейді. Сонда ғана адам төрт құбыласы тең адам болатынын қадап айтады. Ал енді осы төртеуінің қайсыбірінде кемшіндік болатын болса, оған тәрбиеші жазықты екенін түйеді. «Бала ауру не зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден. Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мақау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген иран елінің мәтелі - шын дұрыс мәтел» деп жазады. Бұл жердегі тәрбиеші – әрине кең ауқымды қамтиды. Бұл біздердің терминіміздегі балабақшаның тәрбиешісі емес, тәрбиеге қатысушы барлық жандар. Осы мәселе қазіргі заңнамамызда да дәл осылай өзгерместен қабылданған ғой, мысалы кәмелет жасқа толмаған адам қылмыс жасаса, оған ата-анасы жауап беретінін қарастырсақ болады.

«Тәрбиеден мақсұт» бөліміндегі тағы бір назар аудартқан ерекше дүние -«тәрбиедегі мақсұт "адам" деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» дегені. Сырты келісті, келбетті болып, іші сыртына сай болмағанда, адам деген атты құр этикет етіп жапсырғанмен, адам болмастығын айтады Мағжан. «Әуелі тазалап ал іштің кірін, Болмасын сыртың - сұлу, ішің – ірің» дегеннің керін келтірмеу жағын ойлайды. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын...» дейді тағы бұл турасында Абай. Тағы да екі данышпанның үндестігін аңғарамыз.

«Балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата-ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, ешнәрсені оқып-білмей-ақ өз бетімен бере ала ма? Әркім өзі-ақ жол тауып кеткендей бала тәрбиесі соншама бір жеңіл нәрсе ме? Жоқ. Бұлай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» дегенінен ата-ана я ұстаз бала тәрбиесінде өзімбілемдікке салынбай, ерінбей оқып, үйреніп, үздік деген тәжірибелермен танысуын тілейтінін аңғарамыз.

«Тәрбиеден мақсұт — баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой» деген жазбасын қарастырғым келеді. Балаларымыз біздің заманымызда өмір сүрмейді. Олардың өмір сүретін заманы алда, олардың өмір сүретін заманы басқа. Біздің мақсат оларды сол келешек өмірге дайындау, келешек өмірінде қажет болатын дағдыларды қалыптастыру болуы керек. Бұл ұстаздан ағыстың қайда кетіп бара жатқанын алдын ала аңғара алатын көрегенділікті талап етеді. Мұның мәні, мысалы, қазір бәріміз білеміз, «жасанды интеллекттің» дәуірі басталып келеді, балаға кәсіби бағдар беретін болсақ, осы жасанды

интеллект арқасында жойылудың алдында тұрған кәсіптер мен мамандықтар бар екенін ескеруіміз керек дегенге саяды.

«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті» деп Мағжан ұлт тәрбиесін жоғары қояды. Алайда оның ұлтқа махаббаты мен құрметі соқыр махаббат емес. «Бірақ ұлт тәрбиесін, ұлттың тәрбие жолында ұстаған жолын түгелімен дұрыс деуге болмайды. Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр. Бұлардың арасынан жақсы-жаманын, алтын мен мысын тізіп ала білу керек» дейді тағы ол. Әр нәрсеге сын көзімен қарайтын адамның әдетінше, оның да асылы мен жасығын сұрыптап, асылын алып, жасығын тастау керек екенін айтады.

«Психология» бөлімінде бірнеше тұжырымдарынан қазіргі уақытта біздер шетелдік ғалымдардан алып, «енгізіп» жүрген терминдер мен ұғымдарды осыдан бір ғасыр бұрын жазып кеткенін көреміз. «Адам өз жанының көріністерін өзі бақыламаса, жан көріністерімен таныс бола алмайды. Адамға өзін-өзі тексеру, өзіне-өзі есеп беру деген оңай нәрселер емес. Өзін-өзі тексеріп, қаталарын көруге адамның менмендігі бөгет болады. Әйткенмен де, бұл адамның өзін-өзі тексеруі – оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне бірінші шарт» дейді Мағжан. Ал біз бұны «өзін өзі реттеу» деп шет елдіктерден аударып кіргізіп, «жаналық ашып» жүрміз. «Өзін тексермесе, адам ілгері баса алмайды» (рефлексия) (Абайдағы есті адам) «Өзінен ешбір кемшілік көрмей, қата таппай, өзіне-өзі риза болып, мәз болып жүретін адам зор адам емес, шөбір адам болады. Жаны жабайы, ауданы тар болады» (Риза болған Сэм). Осы сияқты қазіргі педагогикадағы алдыңғы қатарлы елдерден алған таңсық дүниелеріміздің бірсыпырасы Мағжанда бар болып шықты.

«Мүмкін болғанша тәрбиешінің шыншыл «физиономист» болуы керек» екендігі де заманауи педагогке назарда ұстайтын мәселе.

Біз осы дүниелермен Мағжанның педагогикалық көзқарастарын түгел талдадық демейміз. Оның педагогикалық пайымдары әлі талай-талай зерттеулерге азық болары анық. «Бала – өсіп келе жатқан өртең, жас буын, елдің негізі болғандықтан, тәрбиесі артықша міндетті, аса ауыр» [1, 98] екендігі рас болса, нар жүгін көтерген Мағжан бала тәрбиелейтін жол салу, пән кітабын жазу сияқты жұмыстың аса ауырын арқалаудан қашпаған екен. «Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз» деген екен ғұлама. Біз де баяндамамыздың соңын тәуелсіз еліміздің ертеңгі күнінің іргетасын соғып жатқан әріптес ұстаздарға қарата аяқтамақпыз:

-Бала – үлбіреген гүл: қатты күтім, шебер тәрбие, артық еңбек тілейді, ендеше артық еңбекке аянбайық, күтімімізбен шәкірттерімізді көркейтп, еліміздің көсегесін көгерте берейік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Нұр-Сұлтан. – 2022. – 160 б.
2. А. Сайлауқызы, С. Симбаева, М. Тлебалдиева. Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика» еңбегіндегі ұлттық таным. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Журналистика сериясы- № 4(141)/2022 – 90 б.
3. Абай. Қарасөздер. -Алматы. – 2019. -57 б.

БАПИШЕВА КЫМБАТ ДАУЫЛБАЕВНА
Астана қаласы ҚМұңайтпасов атындағы
олимпиада резервінің республикалық
мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МАҒЖАН ПЕДАГОГИКА ЕҢБЕГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ

«Қазақ қиялы тәрбие көрген жоқ, әлі таза, әлі бала, әлі жылдар, күндер өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, тереңдеп, адамзат дүниесінің көгінде бір жарық жұлдыз болар деп иманымыз кәміл», - дейді М.Жұмабаев. Қарап отырсақ Мағжан арманы күні бүгінге дейін толық орындала қойған жоқ десек артық емес. Біздің оқушыларымыздың ой-қиялы төмен, біз басқаның ойымен ойландық, соның тілімен сөйледік. Ендігі мақсат, баланың ойын дамыта отырып қиялына қанат бітіру. Сонда ғана педагог Мағжанның арманы орындалмақшы.

«Орыс учительдерінің бір сөз бар – қазақ баласы әдебиет, тарих сықылды ғылымдарға зерек болмайды. Бәлкім, математика пәніне зерек болады» - дегенмен бұл пікірді қате ме деп ойлаймыз. «Менің ойымша, - дейді М.Жұмабаев, - қазақ баласы математикаға ғана емес, әдебиет, тарих, жаратылыс, жағрапия сықылды ғылымдарға зерек болуға тиісті, дәлелім қазақ баласының жаратылысы осыны тілейді. Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы – қазақ баласы да қиял-құмар болуға тиісті. Яғни ол әдебиет, тарих сықылды қиялды көп керек қылатын ғылымдарға ұмтылуға тиісті», - дейді М.Жұмабаев [1]

Ертегі туралы жазғанында да педагог-ғалым, баланың өмірі үшін ертегінің маңызы зор екендігін айтады. «Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандарып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтқанмен бірдей.

Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», - дейді.

Баланың жақсы оқуы үшін оның ойлау қабілетінің де жетік болғаны қажет. Ойдың пайда болуын зерттей келе, Мағжан ой шығару үш түрлі жолмен болады: дедукция, индукция, аналогия деп бөледі. Міне, осы үш түрлі жолды әрі қарай дамыта отырып, баланың саналы азамат болуы үшін осы ұғымдардың қажеттілігін дәлелдейді. Мағжан тіл туралы ерекше тоқтап, үлкен сезіммен жазған, «Тілсіз ұлт, тілінен айыралған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрылмақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті... қазақ тілінде

қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түнде тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына иманымыз берік» деп жазды.

Мағжан Жұмабаев бала тіліне аса ұқыптылықпен қарауға шақырады. «Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжаңдап, сақау болып сөйлейтіндері бар. Бұл – зор қате. Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп» деп жазады аталмыш еңбегінде.

Мағжан Жұмабаевтың адам жанын терең сезінетін психолог-ұстаз екендігінің бір дәлелі оның осы «Педагогика» еңбегіндегі «Ішкі сезім яки көңіл көріністері» туралы жазғандары. Бала жанын терең түсінетін педагог Мағжан баланың көңілкүйіне егжей-тегжейлі тоқтай келіп, оның сезімдерінің дұрыс дамуы үшін үлкен тәрбиенің керек екендігін айтады. Ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Баланың маңындағы адамдар да дұрыс мінезді болу керек.

«Баланы қорқыту, оны жазалау дұрыс емес. Бір нәрсені бала жазадан қорыққаннан ғана істейді, бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді», - деген Мағжан ойларынан ғалам пікірінің алдыңғы қатарлы елдердің бала тәрбиесіндегі озық ойларымен сабақтас екендігін көреміз. Жасыратыны жоқ, күні бүгінге дейін біздің ата-аналар, мұғалімдер балаға зекіп ұрсудан, оның ар-намысына тиіп ауыр сөз айтудан арылған жоқ. Оқу-тәрбие ісін ізгілендіру, демократияландыру біздің мектептерімізге әлі жете қойған жоқ. Бұл мәселені Мағжан атамыз өз заманында көтергенімен, күні бүгінге дейін орындалмай жатыр. «Бала нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жиренетін болсын. Балаға махаббат, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін», - дейді педагог [2].

Сонымен қатар Мағжан Жұмабаев әдіскер. Мысалы, «Ішкі сезімдердің біреуі – іш пысу яки зерігу» деген бөлімде былай дейді: «Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің іші пысады, мұғалім үсті-үстіне төтеп, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, бала мезі болып, іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен басқыштап білдіруде. Сабақ оқытуда мұғалім өзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың абайын (назарын) өзіне қарата алады. Сабақ үстінде балалардың ойнауы, тыныш отырмауы бір-бірімен сөйлесулері мұғалімнің жинақы, жігерлі бола білмегендігінен» - деген пікірі оның үлкен әдіскерлігінің дәлелі болса керек. Дәл бізге, біздің «бала оқымайды» – деп кінәлауға дайын мұғалімдерімізге арналған. Мағжаннан үйрену әлі кеш емес.

«Сұлулық сезімдері» деген бөлімде педагог адам тек қана сырт сұлулығымен ғана емес, ішкі сұлулығымен ұнамды, сүйкімді болу керек дейді. Осы орайда ән-музыка, сурет, поэзияның орны ерекше екендігін айтады. «Тәрбиешінің міндеті – бала искусствоның қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол сезімдерін өркендету», - дейді де оған жетудің жолдарын көрсетіп береді. Мағжан егерде, сұлулықты өзі сүймесе, оның жүрегі сұлу болмаса, сұлулықты жан-тәнімен түсінбесе, педагогика саласындағы сұлулық туралы сыр шертпес еді.

Педагог-ғалым бала тәрбиесіндегі, әсіресе қыз баланы тәрбиелеуде әйелдің, ананың рөлінің зор екендігін айтады. Өйткені бала анаға жақын тұрады. Шешесі үйде баланың көзінше не істесе, қалай қимылдап, қалай сөз сөйлесе ертең ұшқанда баласы әсіресе қыз бала соны істейді. Көбіне-көп қыз бала тәрбиесі анасына байланысты. Сол себептен ананың - әйелдің балаларының көзінше өте әдепті, мәдениетті болуын меңзейді [3].

«Баланың маңайындағы адамдарының жүріс-тұрыстары да әдепті, сұлу болуға тиісті. Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады. Бала түрлі музыка құралдарының үндерін тындасын, сурет салып үйренсін. Ән салып, музыка құралдарында ойнап үйренсін. Топас адам – тірі өлік», - дейді Мағжан. М.Жұмабаевтың педагогисының құндылығы, өміршеңдігінің бір көрінісі, міне, осы. Сондықтан да негізгі пәндердің бірі болып мектептерде ұлттық, әлем мәдениеттері жүру керек. Этика, эстетика пәндері біздің мектептерде ерекше оқытылуы керек.

«Педагогика» кітабының соңғы бөлімі «Баланың жалпы жаратылысына» арналған. Бұл бөлім бүкіл кітаптың қорытынды бөлімі іспеттес. Бала тәрбиесінің оңай еместігін, оған екінің бірі бара бермейтіндігін, екінің бірі нағыз ұстаз, нағыз тәрбиеші бола алмайтындығын жазады. «Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару, баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек», - дейді азамат, ақын, педагог Мағжан Жұмабаев.

Бұл оқулық соңғы жылдарда 4 рет басылды. Мұндай халықтың сұранысына ие болған шығармалар, әсіресе, ғылыми еңбектер аз. Оқулық өте жеңіл және қызғылықты оқылады, дәлелдері анық, аяғыңды басқан сайын ой салады.

М.Жұмабаевтың «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегі жан-жақты ойластырылған, сындарлы жүйемен жазылған. Мұнда ол сол кездегі тарихи жағдайдан туатын міндеттерді қарастырды. Сондай-ақ бұл еңбегінде оқытудың сабақтан басқа түрлеріне тоқталады.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде тек педагогика мен білім беру, оқыту жайлы ғана жазбай, педагогика ғылымының психология ғылымының тығыз байланысын көрсете білген. Мағжан тек қана педагог емес. Адамның көңіл күйін, ішкі жан сезімін терең түсінетін психолог та. Оқушыға сапалы білім мен тәрбие берудің көзі оны психологиялық тұрғыда зерттей білу деген. Ол осы еңбекті 14 бөлімге бөліп, ең алғашқысын «Тәрбиеге» тоқталады. Демек, Мағжан Жұмабаевтың айтпағы неде?! Автор әр бастамадан сәтті нәтиже алу үшін тәрбие түзу болу керек. Білім беру, оқытудың есігі тәрбиеде деген.

Мағжанның педагогикалық көзқарасы тек мектепте, білім беруде ғана шектелмеген. Сонымен қоса отбасы мүшелеріне де құлақ салып тыңдайтындай еткен. «Баланы қорқыту, оны жазалау дұрыс емес. Бір нәрсені бала жазадан қорыққаннан ғана істейді, бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді», - деген Мағжан Жұмабаевтың сөзінен, ата-аналар сабақ алардай етіп жазған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1923.
2. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбеков Б. Қ 26 Этнопедагогика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. 302-б.
3. М.Бағыбаева. М.Жұмабаевтың психологиялық мұрасы // Ұлағат. 2003. №2 Б: 25-27
4. Жұртбай Т. Алаш ақиықтары. – Астана: Отырар. 2004. 8-б.

БИГОЖИНА БАХИНА ОЛЖАБАЕВНА
Астана қаласы
Шерхан Мұртаза атындағы
№63 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

XX ғасыр басында қазақ халқының тарихында елеулі із қалдырған Алаш арыстарының есімі ескерусіз қалмайды. Ұлт үшін туылған ұлы тұлғалардың қатарына Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Әлихан Бөкейхан т.б. жатқызамыз.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппе», «Әліп-би», «Сауат ашқыш», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» және Жүсіпбек Аймауытұлының «Жан жүйесі», Мағжанның «Педагогика» еңбектері біздің құнды жәдігерлеріміз.

Ал, ұлттық тәрбиенің негізгі бастауы-Мағжанның «Педагогика» еңбегінен басталады. Бұл-кітапта Алаш арысының ұрпақ тәрбиесіне ерекше ден қоя отырып, жас ұрпаққа беретін тәрбиенің бағыттары туралы айтылады.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде тәрбиенің төрт түріне тоқтала отырып, оларды дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық және һәм құлық тәрбиесі деп жіктейді. «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деген пікір айтады.

Қазақ халқы «Тәрбие басы- тал бесіктен басталады», - деп бекер айтпаған. Жаһандану заманында бәсекеге сай ұрпақ тәрбиелеу- мұғалім мен ата-ананың басты міндеті. Мағжан Жұмабаев атап өткендей, адам баласының бойына осы төрт тәрбие түгел берілсе, оның тәрбиесі де түгел болғаны.

Баланың бойында ұлттық тәрбиені қалыптастыру үшін оның қиялына әсер ететін ертегілер, өлең-жырлар, Қорқыттың күйлерін тыңдату маңызды екенін Мағжан Жұмабаев айтып өтеді.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» оқулығын жазғанда, елдің сауатын ашу мақсатын көздеген. XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ халқының зиялы қауым өкілдері халықты құлдық бұғаудан аман алып қалудың жолы-тек қана оқу ағарту екендігін білді.

Ахмет Байтұрсынұлы	Мағжан Жұмабаев
Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа, Жол сілтедім, жақын емес алысқа. Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, Дедім, - сен де қатарыңнан қалыспа!	Қарағым, оқу оқы босқа жүрме! Ойынға құр қаларсың көңіл бөлме. Оқымай ойын қуған балаларға, Жолама, шақырса да, қасына ерме!

Ұрпақ тәрбиесі-елдің болашағы. Менің ойымша, ұлт тәрбиесін сақтау үшін баланың санасына ұлттық дәстүріміз бен мәдениетімізді құя беруіміз керек. Қазіргі ХХІ ғасырда баланың санасын жаһандану үрдісіндегі өзгерістер мен жасанды интеллект жаулап бара жатқаны, әрине, өкінішті.

«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы,тұрмысы, мінезі көрініп тұрады»,-деп Мағжан бекер айтпаған. Бұл-жастайынан ана әлдиін, әже ертегісін естіп өскен бала өз ұлтының бар болмысын санасына құйып өседі деген ұғымды білдіреді. Өкінішке орай, заман ағымына байланысты бала тәрбиесін қолдан шығарып алған ата-ананы көргенде жүрегің қарс айрылады. Біз қазақ деген текті халық едік. Сол тектіліктің нышанынан ада болған ұрпағын көрсе, Ахмет, Мағжан ағаларымыз не дер еді деген сауал мені де мазалайды.

Сонымен қатар,Мағжан Жұмабаев ана тіліміздің адам өмірінде, ұлт өміріндегі ұстанған орнына «Педагогика» еңбегінде:

«Тіл-адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Қысқасы, адамның толық мағынасымен «адам» аталуы тіл арқасында»- деген баға береді. Жалпы ақынның ана тіліміз туралы айтқан өзіндік пікірлері қазіргі таңда да жалғасын тауып келеді.Бір өкініштісі, ана тілімізде сөйлемейтін дүбәралардың арқасында біздің тілімізді менсінбейтіндердің қатары көптігі жаныңды сыздатады.

«Ұлттық тәрбие» атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген Мағжан Жұмабаев.Мағжан сонымен бірге ұлт тәрбиесіне де сын көзімен қарап, баланы жастайынан шындап, өмірге үйрету керек дегенді айтса, біздің халқымыз:«Тәрбие дегеніміз-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық дәстүрлерін жас ұрпақтың бойына сіңіру»-деп атап көрсеткен және тәрбиенің негізі- ұлттық құндылықтарымызды дұрыс игеру екенін атап өткен. Осы бір ауыз сөзден-ақ, Мағжан мен халық арасындағы айтылған пікірлердің үндестігін байқаймыз.

Мағжан Жұмабаев: «Әрбір тәрбиешінің қолданылатын жолы-ұлт тәрбиесі. Ұлт тәрбиесі өз ұлтының арасында,өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші сол баланы ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» дей отырып, «Ұлттың тілінің кеми бастауы -ұлттың құри бастауы» [2,16] деп ұлт пен тіл, мәселесін басты орынға қойды.

Менің ойымша,ұлттық тәрбие дегеніміз...

Ұлттық тәрбие-ұлттық сана-сезімі қалыптасқан,ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қосатын,ұлттық құндылықтарды ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.Ұлттық тәрбие-ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге,салт-дәстүрімізге деген құрмет жатыр.

Әрине, Мағжан Жұмабаев айтып өткендей, баланың бойында жан мен тән тәрбиесін қатар ұштастырсақ, яғни, төрт тәрбиені қалыптастырсақ, түйінді мәселелерді тез шеше алатын, адалдық жолды нәсіп еткен, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлтжанды тұлғаны жан-жақты қылып шығарар едік. Біз, осыдан бір ғасыр ұрпақ бұрын тәрбиесін бүге-шігесіне дейін берген Мағжанның: «Адам баласына дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық һәм құлық тәрбиесін беру керек» деген қағидасын өскелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек. Ол үшін балам аман болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын дегім келеді. Тәлім-тәрбие беру барысында адамгершілік пен имандылық, ізгілік, елжандылық үрдістерін тиімді қолдансақ, ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыруда қателеспейміз деп ойлаймын.

Сонымен қатар, Мағжанның суреткерлігіне, өлеңмен өрілген ойларының көркемдігіне тоқталып өтсем...

Мағжан өлеңдеріндегі ажарлаудың түрлері:
эпитет, теңеу, ассонанс,
аллитерация

Қанды ор боп ақын
жолы қалады да
Мөп-мөлдір, дөп-
дөңгелек ұқсайды
Айға.
Торғын ет,
шапақтай бет, тісі
– меруерт.
Сұм сұлу анадайдан
ағатайлап.
Билеген асау
жүрек, қайнаған
қан,
Шомылып қанды
ыстық көз

...Өткізген балаусадай
бөбек күнім,
Барқыттай белес-
белім жатыр.
Айбынды арыстандай
құмды кезген,
...Күңіреніп қалың
қалмақ елім жатыр...

Кең дала көресің гой
ана жатқан,

Жібектей жасыл
шөптер бетін жапқан...

Ерлерді ұмытса да
ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да
ел, жел
ұмытпас...
Ерлерді ұмытса да
ел, шөл ұмытпас...

Тұранның шегі
шетсіз шөлі
қандай,
Теңіздей кемері жоқ
көлі қандай!
Тұранның дария
аталған
өзендері.

Қорыта келе, ұстаз, ата-ана ретінде ұлттық құндылықты бала бойына сіңіре отырып, тәрбиелесек, ертеңгі ел тұтқасы, ел қорғаны болар азаматтар өсіп шығары сөзсіз. Осы бағытта Алаш қайраткерлерінің қалдырған мұралары да біздің ұлттық кодымыздың қалыптасуына үлкен үлесін қосады. Оған, әсіресе, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі-ұлт тәрбиесіндегі басты назарға ұстайтын асыл дүние. Мағжанның бойындағы ағартушылық, ғалымдық, қайраткерлік, ақындық қасиеттерін

сараласаңыз-өзінен бұрынғы үш ғұламаның Абайдың ақындығын, Ыбырайдың ағартушылығын, Шоқанның ғалымдығын көреміз.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін Мағжан да ел жұртына жалғыз оралған жоқ. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, сынды ақын, ғалым ағаларымызбен бірге оралды.

Мағжан-қазақ халқының өшпес жұлдыздарының бірі. Тоқсан ауыз сөздің түйінін Жәркен Бөдешұлының өлең жолымен аяқтағым келеді:

Мен қара жер емеспін, сатылып кететін,

Мағжан да емеспін атылып кететін....

Қара жер құнарлығы үшін сатылды,

Мағжан сатылмағаны үшін атылды...

Осы баяндаманың басында ұлт тәрбиесінің Ахмет пен Мағжаннан бастау алатынына тоқталсам, қорытындысында олардың еңбектеріндегі өзектес мәселелерге және жастардың танымына қысқаша сипаттама беруді жөн көрдім.

Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы

Қазақ халқының санасын оята отырып, халықты оқу-білімге шақыру;

Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымын насихаттай отырып, тіл тазалығын сақтау;

Қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулығын оқыта отырып, жас ұрпақтың зейінін арттыру.

Мағжан Жұмабаев тағылымы

Шығармаларында ел туралы айта отырып, қазақ халқын оқу-білімге, өнерге шақыру;

Бала тәрбиесі мен оқыту үрдісіне ерекше көңіл аудару;

Педагогика және әдістеме ғылымына өз үлесін қоса отырып, оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдылау.

Қазіргі жастардың танымы

Ұлт зиялылары бастаған ұлы көшті жалғастыру;

Азаматтық ұстанымымыз-ұлтқа жанашыр, халқының адал перзенті бола білген тұлғаларды насихаттау;

XXI ғасырда ғылым мен білімді тереңінен игеру.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫН ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Мағжан Жұмабаев қазақтың аса дарынды ақиық ақыны. Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі қайталанбас жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін 20-шы ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтереді.

Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, жаңа өлшеулеп шығарған Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық күдіретін бірден байқаймыз. Тасқыны қатты, тегеуріні берік ұлттық сезім селі ширатыла ширығып барып, екпінін баспаған күйі түркішілдік арнасына құйылды. Халық өлеңдерінің мазмұнымен бірге оның ырғақ үйлесімін, ішкі рухын, әуезділік әсемдігін жанымен қабылдаған ақын кейде ән күй ғана түсіндіріп алатын сезімдерді сөзбен жеткізеді. Мағжанның ақындық ерекшелігі де, бәлкім осы болар.

М.Жұмабаевтың педагогикалық идеясын, оның адамгершілік-этикалық көзқарастарын ақын, педагог, азамат және жай адам ретінде сипаттаусыз зерттеу мүмкін емес. Шығармашылықтың педагогикалық мазмұны оның мінезінің ерекшеліктерінен, оның дүниетанымынан, халық өмірінің тереңдігін қабылдауынан басталады. Бұл М. Жұмабаевтың педагогикалық маңыздылығын анықтайтын жазушылық мұрасының адамгершілік бастауы.

Педагог адамгершілік тәрбиенің мақсатын адамгершілікке бағытталған ойлау және іс – әрекет қабілеттерін дамытудан көреді. Дұрыс таңдау жасау қабілеті, мұғалімнің пікірінше, адам бойында өзін-өзі жетілдіруге саналы түрде ұмтылу, ерік-жігер мен мінезді қатайту, өзінің идеалын іздеу процесінде қалыптасуы мүмкін моральдық принциптер мен берік моральдық сенімдердің болуын талап етеді. Қазақ педагогы адамгершілік тәрбие мәселелерін шешудің тағы бір маңызды құралы ретінде эстетикалық қажеттілікті оятуға және көркемдік талғамды тәрбиелеуге, балада өнерде, көркем шығармашылықта өзін – өзі көрсету қабілеті мен ұмтылысын дамытуға арналған эстетикалық тәрбиені қарастырады. Терең діндар адам бола отырып, бұл сезімдерді адамгершілік өзін-өзі жетілдіруге итермелейтін руханилықтың негізі деп санай отырып, баланың діни сезімдерін тәрбиелеуге үлкен мән берді. Жұмыста отбасылық тәрбие мәселелері маңызды орын алады. М. Жұмабаев балаға сөз емес, оған жақын адамдардың іс-әрекеттері әсер етеді және осыған байланысты балаларды тәрбиелеуде отбасындағы қолайлы жағдай, ата-аналардың жоғары моральдық қасиеттері үлкен маңызға ие дейді. Ол мектептің оқу-тәрбие процесінде мұғалімнің рөліне үлкен мән берді[1].

1922 жылы Орынборда қазақ тіліндегі педагогика бойынша алғашқы теориялық жұмыс - "Педагогика" әзірленді, ол ұлттық педагогикалық ғылымның қалыптасуына негіз болды және бүгінгі күннің сұраныстарына сәйкес келетін жалғыз және бірегей педагогикалық шығарма болып табылады. Тілдің қоғамдағы рөлін терең түсініп, оны оқу - тәрбие процесінің басты міндеттерінің бірі деп санай отырып, Жұмабаев педагог-практик ретінде оны ұлттық мектепте оқыту әдістемесін әзірлеуге тікелей қатысты. "Педагогиканың" негізін қалаған идеялардың дамуы 1923 жылы пайда болды.

Басқалар үшін өмір сүру маңызды - бұл қасиетті тәрбиелеу-адамгершіліктің маңызды міндеттерінің бірі. "Педагогикада" М. Жұмабаев адам адамды жақсы көруі керек, бұл білім мен тәрбиенің маңызды жақтарының бірі - оқу-тәрбие процесінде берік адамгершілік іргетастың маңыздылығы туралы айтады. Ізгіліктерді игеру ең ерте балалық шақтан басталуы керек, бұл бүкіл жұмыс барысында "педагогикада" көрінеді.

М. Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастарының негізгі ережелері:

- Педагогикалық процестің негіздерінің бірі оның психологиялық негіздемесін қарастырады.

- Тәрбие мен оқытудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, принциптерін айқындайтын жетекші факторлар этнопедагогика, этнопсихология идеялары болып табылады: "әр ұлттың балалары өз халқы арасында өмір сүріп, еңбек ететіндіктен, тәрбиеші оларды ұлттық дәстүрлер рухында тәрбиелеуге міндетті".

- Адамгершілік тәрбиесінің факторлары: отбасы мен мектеп, тәрбиешінің жеке басы.

- Тіл мен әдебиетті интеграциялау идеясы, осыған байланысты тілді оқытудың құралдарын, формаларын, принциптерін, кезеңдері мен реттілігін анықтау[2].

Мұғалімнің жұмысында тәрбие мәселелері маңызды орын алады. Жас ұрпақтың, әсіресе екі жасқа дейінгі дене тәрбиесіне үлкен мән бере отырып, үйлесімді, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру күшті моральдық өзексіз мүмкін емес деп есептеді. Педагог адамгершілік тәрбиенің мақсатын адамгершілікке бағытталған ойлау және іс – әрекет қабілеттерін дамытудан көреді. Дұрыс таңдау жасау қабілеті, мұғалімнің пікірінше, адам бойында өзін-өзі жетілдіруге саналы түрде ұмтылу, ерік-жігер мен мінезді қатайту, өзінің идеалын іздеу процесінде қалыптасуы мүмкін моральдық принциптер мен берік моральдық сенімдердің болуын талап етеді. Қазақ педагогы адамгершілік тәрбие мәселелерін шешудің тағы бір маңызды құралы ретінде эстетикалық қажеттілікті оятуға және көркемдік талғамға тәрбиелеуге, балада өнерде, көркем шығармашылықта өзін-өзі көрсету қабілеті мен ұмтылысын дамытуға арналған эстетикалық тәрбиені қарастырады. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу әдістерінің ішінде М. Жұмабаев мысал әдісін ғана емес, жазаны, сендіру, әңгімелесу әдісін де бөліп көрсетеді. Ғалым физикалық жазаға теріс қарайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жаңа мазмұнды, жаңа тәсілдерді, өзге де Педагогикалық менталитетті көздейтін жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Халықаралық деңгейде өзін сенімді түрде танытып келе жатқан біздің дамып келе жатқан республикамыз бұл тенденциялардың ықпалынан тыс қала алмайды. Білім беру реформасы табысының басты критерийі еліміздің кез келген азаматы тиісті білім мен біліктілікке ие бола отырып, әлемнің кез келген елінде сұранысқа ие маман бола алатын деңгейге жету болып табылады. Қазіргі мектептің алдында тұрған әлеуметтік тапсырыс өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті тұлғаны қалыптастырудан тұрады.

Ол оқу-тәрбие процесінде мұғалімнің рөліне үлкен мән берді. Жұмабаев тәрбиешіге қойылатын негізгі талаптарды әзірледі: олар кәсіпқойлықтан, балаларға деген сүйіспеншіліктен, тілді жақсы меңгеруден және жақсы сөйлеуден, баланың жеке басын құрметтеуден тұрады.

Білім беру мазмұнын жаңарту, ең алдымен, орта білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістерін қайта қарау, оқушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу болып табылады. Қоғамның әлеуметтік және рухани өмірін қайта құру кезінде М. Жұмабаевтың педагогикалық ізденістері өзінің оқыту, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, халықтық білім беру жүйесін демократияландыру мәселелерімен өзекті болып табылады, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу, халықтық білім беру жүйесін демократияландыру мәселелерімен өзекті болып табылады. Қорытындысында М. Жұмабаев өз заманының Жаңа мектебі мен жаңа педагогикалық ғылымы туралы заманауи мектептің проблемаларын бейнелейтін, заманауи педагогика мәселелеріне жаңа көзқарас пен өзіндік көзқарасты көрсететін идеялар мен әзірлемелер көрнекі және қолжетімді түрде көрсетілді. Балаларды шығармашылықпен ойлауға, олардың рухани қажеттіліктері мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, патриотизмге баулуға және дарынды тұлғаларды "жоғалуына" жол бермей анықтауға үйрету ниеті - мұның бәрі Мағжан Жұмабаевты білім беру жүйесін реформалау жолы туралы ойлануға және жаңа тәсілдер мен әдістерді іздеуге мәжбүр етті[3].

Қазіргі кезеңде экономикалық, экологиялық, этнопедагогикалық ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан мектептерінде оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын қайта ұйымдастыру және осылайша жастардың білімі мен тәрбиесіне өзгерістер енгізу көзделуде. Тәрбие жүйесі адамгершілікке, ұйымшылдыққа, патриотизмге, ұлттаралық мәдени қатынастарға негізделген. Әр халықтың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұрпақ тәрбиесіне өзіндік тарихи көзқарасы бар және өз тұжырымдары бар. Ол жазбаша, оқу құралында, ауызша әдебиетте, ұлттық өнерде, халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында, мәдени мұраларында байқалады. Тарихи процесті озық моральдық дәстүрсіз, тарихқа өткен тәжірибені әкелген ұрпақтар сабақтастығынсыз елестету мүмкін емес.

Әлеуметтік мұра неғұрлым бай болса, өткен мен қазіргі мәдени мұра соғұрлым жақсы болады, біздің өміріміздің мәні соғұрлым терең болады,

мақсатымыз айқын болады. Сонда ғана біз адамгершілік, ақылға қонымды рефлексиялардың біртұтас қауымдастығын өсіреміз. Өскелең ұрпақ үшін еліміздің ежелгі ұлттық өнерінің табиғатын тәрбиелеу және білу, бүгінгі және болашақ ұрпаққа қамқорлық жасау, оның тектілігін тарихтың рухани шындарымен таныстыру қажет болады. Басқа елдің озық пікірін қабылдау, әр ұлттың ең жақсы дәстүрлері мен мәдени мұрасын таңдау да игі іс.

Ұзақ жылдар бойы "ұлтшылдық" әдебиетін ұсынды деп айыпталған қазақ педагогикасының көрнекті қайраткерлерінің бірі Мағжан Жұмабаев құнды шығармалардың авторы болып табылады. М.Жұмабаевтың Қазақ педагогика ғылымында ерекше орын алатын "Педагогика" еңбегі алғаш рет 1922 жылы Орынбор қаласында жарық көрді. Мұғалім-практиктердің еңбегі туралы М. Жұмабаев былай дейді: "Мен ғалым-тәрбиешілердің пікірін таңдауға тырыстым. Мен қолымнан келгенше қазақтың қасында болуға тырыстым".

Оқулықтың бірінші бөлімі педагогиканың жалпы мәселелеріне арналған. Онда төрт көзқарас көрсетілген: дене тәрбиесі және ақыл-ой тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі және этикалық тәрбие және олардың бір-біріне табиғи тамырлануын түсіндіреді. "Тәрбиеші баланы сол күйінде емес, болашаққа лайық етіп жасауы керек", - дейді М.Жұмабаев.

Сол кездегі ақынның ойларын қазіргі заманның тәрбиелік мақсатының талаптарымен ұштастыруға болады. Оның туған халқының бай оқу-тәрбие мұрасын игеруге бағытталуы да қажет [3].

"Ұлт тәрбиесі ұзақ уақыт бойы сынақтан өткен жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші ұлт тәрбиесімен, сөзсіз таныс болуы керек.

Бұл ұлт тәрбиелеуге және тәрбиелеуге міндетті", - деді Мағжан Жұмабаев. Халық тәрбиесін құрметтейтін ақын оны да көпшілік назарына алу керек екенін айтады. "Көптеген жаман, жаман әдеттер әр ұлттың тәрбиесін басып озады", - дейді Мағжан тәрбиешінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру мәселелеріне назар аудара отырып. Ұлттық бояуды Жұмабаевтың көшпелі қазақ тұрмысындағы оқу-жаттығуға қатысты да байқауға болады. «...Киіз үйде баланы қалай ұстау керектігін білді. Егер бұл киіз үйде болмаса, нағыз таза ауа қайда болады? Отбасында жаратылыспен бірге құшақтасып, оның алдында малмен бірге жүріп, бірге өскен баланы тәрбиелеу жақсы болар еді... Қазақ баласын тәрбиелеу қазақ өмірімен байланысты болуы тиіс", - деп жазады Жұмабаев. Оның бұл ойлары адамның табиғатпен ортақтығын ескере отырып, тәрбие жұмысының шығармашылықпен байланысына назар аударады. Табиғат-анадан бас айнарудың және немқұрайлы салқындықтың салдары экологиялық алаңдаушылықпен дәлелденеді, ол бүгінде ғылыми проблемаға айналууда. Ғалымның педагогикалық жүрегі, поэтикалық сезімі ұрпақтардың тәрбиесіне табиғаттан тыс қарай алмады.

Мағжан салаға ерекше назар аудара отырып, психология пәніне көп көңіл бөледі. Оның рухани күштер туралы пікірлерінде дала өмірі мен қазақ жазушыларының шығармаларын, ұлттық психологиялық бірегейлікті, талғампаз шеберлікті пайдалану мүмкіндігі де құпталады. Сыртқы сезімдерді дұрыс жетілдіруге, оларды көру, есту, иіс сезу, достық, сүйіспеншілік, ет сезімі

ретінде анықтауға ерекше назар аударады. М. Жұмабаевтың пікірінше, " бұл сезімдер дені сау және күшті, екіншісі өткір, терең, дұрыс болуы керек. Олардың біреуі жақсы, біреуі нашар тәрбиеленген, ал біреуі тірі және сау". Әрбір сезімді психологиялық тұрғыдан қарастыру, әрқайсысына өз анықтамасын беру және оларды тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлерге сүйену қажеттілігі туралы айту. Сонымен, есту қабілетін дамыту үшін нәресте жарықтың туған күнінен бастап әр түрлі дыбыстардың есту қабілетін дамытудағы маңыздылығына назар аударады, мұнда бесік жырының тәрбиелік мәніне ерекше назар аударылады. Жұмабаевтың назарды тәрбиелеу туралы ойы қазіргі уақытта да өз мәнін жоғалтқан жоқ. Ол білім беру жүйесінің сабақтастығын мұқият қадағалайды, бұл әсердің күшті, жеке болуын талап етеді, оқушылардың зейінін дамыту үшін жаңа білім мен ескі білім бір-бірімен байланысты және болашақ әсерге дайындық кезінде ескерілуі керек. Адам өзінің назарын ерікті, еріксіз, табанды, шектеусіз ішкі, сыртқы деп жіктейді. Баланың ерекшеліктері мен жасына, тәрбие әдістеріне ерекше назар аударады. Адам өзінің өмірінде есте сақтайтын орынды көрсетіп, оны естуге, көруге, қозғалуға арналған жад ретінде қарастырады. Маңыздысы, адамның жасына байланысты сананың өзгеруі де өзекті және баланың есте сақтау қабілетінің дамуы туралы айтады. Жұмабаев қиялды еріксіз және ерікті деп бөледі.

Баланың қиялының табиғатына назар аудара отырып, ол ертегінің, балалар ойындары мен ойыншықтарының оның дамуындағы рөлін де қарастырады.

Мағжан Жұмабаев сонымен қатар эстетика сезімдері туралы ғылыми ұғымдарды ашып, оларды өнер адамына тән мәнерлі бейнелермен түсіндіреді.

Кітапта ойлау, тұжырымдама, ой, қорытынды, ішкі сөйлеу мәселелері де қамтылған. Ақын Тілдің адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелейді және оның ұлттық мәнін оқырманға жеткізеді. "Ұлт тілінің төмендей бастауы ұлттың құрыла бастағанын көрсетеді. Бұл ұлттың тілінде жер, Тарих, өмір, осы ұлттың табиғаты айнада көрінеді. Қазақ тілінде қазақ сары - сайран даласы, желдің екпіні, Тынық, желсіз түн, сары-дала, жайбарақат, тойымсыз тұлғалар көрінеді", - деп жазады Мағжан. Бала рационалды тілде темпераментпен байланысты ұғымдарды ұсынады, баланың табиғаты, табиғаты туралы түсінік береді. "Адамның шынайы мағынасы бар "адам" болуы-бұл өзін-өзі сүюдің, жалпы адамзатты сүюдің, жақындарына деген сүйіспеншілікке қанағаттанбаудың шарты.... Адам өз халқының адамдарын, сондай-ақ басқа халықтардың адамдарын сүюге міндетті. Жердегі адам адамды жақсы көреді. Бұл әлемдегі тіршілік қауіпсіздігіне, өзара сүйіспеншілікке, жалпы адамзаттың ынтымақтастығына тікелей тәуелді бүгінгі әлем мәселесімен"" адам болмысының іргелі сипаты, жоғарыда келтірілген пікірлер жақсы сәйкес келеді[4].

М. Жұмабаев білім беру-тәрбие процесінің заңдылықтарын ашуға, педагогиканың ғылым ретіндегі сипатын анықтауға тырысты. Ол мұғалімдерге эксперимент жолында батыл болуды ұсынды, бұл педагогиканың ғылым ретінде дамуына ықпал етуі керек еді. "Педагогика ғылымы қазіргі заманда

философиялық аяндармен емес, шыдамды, табанды тәжірибелермен ілгерілей алады", - деді М.Жұмабаев. Педагогикадағы еркіндік қағидатын негізге ала отырып, Жұмабаев барлық педагогикалық тұжырымдаманы негіздеді. Жұмабаев-ұстаз, оның замандастарының кез-келгеніне қарағанда баланың ішкі әлемін, оның тілектерін, қызығушылықтарын, ұмтылыстарын зерттеу қажеттілігін тереңірек және жан-жақты түсінгендігімен де үлкен.

Мағжан Жұмабаев оқытудың өмірмен байланысы арасында ерекше орын алады. Ағартушы оқушының өмірлік тәжірибесі неғұрлым бай болса, балаларды мектепте сәтті оқытудың мүмкіндіктері соғұрлым көп болады, пәнаралық байланыстар орнату және оқу мотивациясын арттыру оңайырақ болады деп санайды. Табысты оқытудың негізі ретінде ол екі дидактикалық принциптің сақталуын келтіреді:

- балаға үйрететін нәрсе түсінікті және қызықты болуы үшін,
- оның рухани күштері ең тиімді жағдайда болуы үшін.

Білімнің берік игерілуінің маңызды алғышарты ретінде ағартушы оқушының білімнің мәні, идеясы және оның әрбір термині туралы нақты түсінігінің болуын қарастырды. Білімнің мақсаттарын түсіну оқушының ақыл-ойын жандандырады, оқудағы қиындықтарды жеңуге және оның ең жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге күштерін жұмылдырады. М. Жұмабаевтың жоғарыда аталған мәселеге деген көзқарасындағы бастапқы психологиялық-педагогикалық ұстанымы баланың білімге деген табиғи ұмтылысына сүйену болды. "Балаларда оқуға деген ұмтылыс соншалық, бұл тілекті қанағаттандыру үшін олар көптеген қиын жағдайларға бағынады және көптеген кемшіліктерді кешіреді", - деп атап өтті М.Жұмабаев.

Өз кезегінде М.Жұмабаев оқушылардың белсенділігін, олардың шығармашылық қызметін ынталандыратын, оқуға қолайлы атмосфера құратын әдістер мен әдістердің тұтас жүйесін әзірледі. Жұмабаев баланың ішкі әлемін, оның тілектерін, қызығушылықтары мен ұмтылыстарын зерттеуге ерекше назар аударды. Ал қазір мұғалім сабақтағы басты тұлға болса да, сабақтың барлық барысын өзі құрастырып, сезсе де, жаңа бағдарлама бойынша ол көрінбейді. Сабақтың негізгі "бет-бейнесі" - оқушы. Әр түрлі оқушы: дарынды, талантты, тыныш, үлгерімі төмен, мазасыз, қызық... Өскелең ұрпақты тәрбиелеуге үлкен мән бере отырып, М. Жұмабаев қазіргі қоғамның прогрессивті дамуындағы гуманитарлық мұғалімнің рөліне басымдық береді. Тұлғаға бағытталған білім беру идеясын бүгінде бұқаралық мектеп қабылдады. Бұл мұғалімдер демократиялық, ізденімпаздықтың пайдасына оқытудың авторитарлық, Нұсқаулық - репродуктивті сипатынан бас тартатынын білдіреді. Тұлғаға бағытталған оқыту ұғымы өзі туралы айтады. Бұл білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, онда баланың өзіндік ерекшелігі, оның өзіндік құндылығы, табиғи сыйлығының ашылуы бірінші орынға қойылады.

М. Жұмабаев терең діндар адам болған, сондықтан ол бұл сезімдерді адамгершілік өзін-өзі жетілдіруге итермелейтін руханияттың негізі деп санай отырып, баладағы діни сезімдерді тәрбиелеуге үлкен мән берді. М. Жұмабаев балаға сөз емес, өзіне жақын адамдардың іс-әрекеттері әсер етеді және осыған

байланысты балаларды тәрбиелеуде отбасындағы қолайлы жағдай, ата-аналардың жоғары моральдық қасиеттері үлкен маңызға ие деп мәлімдейді[4].

Мұғалімнің жұмысында тәрбие мәселелері маңызды орын алады. Жас ұрпақтың, әсіресе екі жасқа дейінгі дене тәрбиесіне үлкен мән бере отырып, үйлесімді, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру күшті моральдық өзексіз мүмкін емес деп есептеді. Педагог адамгершілік тәрбиенің мақсатын адамгершілікке бағытталған ойлау және іс – әрекет қабілеттерін дамытудан көреді. Дұрыс таңдау жасау қабілеті, мұғалімнің пікірінше, адам бойында өзін-өзі жетілдіруге саналы түрде ұмтылу, ерік-жігер мен мінезді қатайту, өзінің идеясын іздеу процесінде қалыптасуы мүмкін моральдық принциптер мен берік моральдық сенімдердің болуын талап етеді. Қазақ педагогы адамгершілік тәрбие мәселелерін шешудің тағы бір маңызды құралы ретінде эстетикалық қажеттілікті оятуға және көркемдік талғамды тәрбиелеуге, баланың бойында қабілеттілікті дамытуға арналған эстетикалық тәрбиені қарастырады. Жұмабаев мысал әдісін ғана емес, жазаны, сендіру, әңгімелесу әдісін де бөліп көрсетеді. Ғалым физикалық жазаға теріс қарайды.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуге үлкен мән бере отырып, Мағжан қазіргі қоғамның прогрессивті дамуындағы адамгершілік мұғалімнің рөлін басты рөлге алады. Бұл идея қоғам мен мемлекеттің басым міндеттерінің бірі жоғары адамгершілік, жауапты, шығармашылық, бастамашыл, құзыретті Қазақстан азаматының қалыптасуы мен дамуын тәрбиелеу, әлеуметтік-педагогикалық қолдау болып табылатын қазіргі заманғы отандық біліммен үндеседі.

Жаңашыл педагог Мағжан Жұмабаев көптеген бұрынғы көзқарастар мен дәстүрлерді қайта қарастыруда, оқытудағы жаңа бағыттарды дамытуда үлкен рөл атқарды. Қазіргі білім беру жүйесінде ғылымды ізгілендіру жүріп жатыр. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық қызметі қазіргі білім беру бағдарламасында, атап айтқанда жаңартылған білім беру мазмұны жүйесінде өзекті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш.Елеуенов. Мағжан. Астана, 2008
2. Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер / Құрастырған Ж.Сүлейменов. – Петропавл, 2006. – 428 б.
3. Мағжан: әдеби-көркем көпшілік журнал. – 2007 ж
4. Жұмабаев М «Педагогика» Алматы: Ана тілі, 1992. — 140 б.


ЕРМАГАНБЕТОВА АЙДЫН КАБДРАШОВНА

Астана қаласы «Райымбек батыр атындағы
«Қазғарыш» мектеп–лицейінің
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

М. ЖҰМАБАЕВ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ АҚЫЛ ТӘРБИЕСІ НЕГІЗІНДЕ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қытайлықтар ұлы қытай қорғанымен, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - деген екен, ұлы кемеңгер жазушы М.О.Әуезов.[1.17-бет] Бүгінгі жаһандану үрдісінде кезек күттірмес міндет жеке тұлғаның ұлттық құндылығын тәрбиелеу. Мағжан атамыздың мұралары арқылы оқушының мәдениетін, білімін кеңейтіп, ақыл мен парасаттылығы жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті келешек ұрпақ алдындағы парызбен ұштастыра білетін ұлтжанды саналы азамат тәрбиелей алатынымыз даусыз. Себебі, поэзияның озық үлгісін көрсетіп кеткен ақиық ақынның әрбір шығармасы тұнып тұрған құндылыққа толы дүниелер.

Бүгінгі күнгі жеке тұлға бейнесі қандай болу керек?



Ақиық ақынның әрбір өлеңдерін оқыған сайын «Адам бол, еңбек ет, еліңді, жеріңді сақтай біл, алға ұмтыл, рухани қасиеттерді бойыңа дарыта біл» деген сөздері құлағыңда жаңғырып тұрады.

Арыстандай айбатты
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін! [2.47- бет]

Ақын неге жастарға сенеді? Сен бүгінгі жастардың бойынан қандай қасиеттерді көргің келеді?

Мен жастарға сенемін! - деп өмір бойы «алаш» ұранын көтеріп өткен Мағжан ақын үшін болашақ ұрпақтың орны бөлек. Өзінің өлеңінде ол жас жеткіншектерге үлкен үмітпен қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен сүйкімді мінезді, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. «Мен жастарға сенемін!» деп асқақтай сөйлейді. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді»- деп, атам қазақ айтқандай, жастарға зор рух беріп, болашаққа сеніммен

қарауға үйретеді. Тәлім-тәрбие берудің басты саласының бірі – ұлтжандылық, халқы үшін адал қызмет ету деп білді.

Ұлтжандылықтың, елін сүюдің ғажайып күш екендігін терең сезінген ақын өз шығармаларына осы тақырыпты үнемі арқау етті, көп көңіл бөліп, халықты елі үшін жанын пида етуге, жастарды елжандылық рухта тәрбиелеуге баса көңіл бөлді.

«От» деген өлеңінде:

«Шынында да менің өзім де от

Қысылған қара көзім де от.

Мен оттанмын, от - менен,

Жалынмын мен жанамын,

Оттан туған баламын» - деп жырлайды. [2. 39- бет]

Ақын - неге от? Қараңғылық дұшпанын жою да - от. «От»сөзі өлеңінде ақынның өмірлік мақсат, мұратын бейнелейтін көркемдегіш құрал ретінде алынған.

Ақын атамыздың «от» деп отырғаны – халықтың ұлттық рухы. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге, өз өркенетиемізді күллі әлемге танытуға болатынын айтып отыр.

Мағжанның балғын поэзиясы екі ғасырдың жалғасқан жылдарына тура келеді. Қоюлана түскен тарихи оқиғалар, тап күресінің жалын ата, айналасын түгел жаңғырта түскен, болашақтың ұшқын оттары жалтылдай бастаған кез еді. Сол жылдары ана сүті ерінен кеуіп үлгермеген, бірақ ақындық қуатын ішіне сыйдыра алмаған М. Жұмабаев туған даласына қарап,

«Кең дала, көресің ғой, ана жатқан,

Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.

Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,

Әне, сол, анам еді мені тапқан»,- деп оқырман қауымына өзінің жырымен жазылған ұлттық паспортын ұсынды. [2. 52- бет] Мағжан жүрегіндегі халқына деген махаббаты оның поэзиясынан орын алды. Мағжан поэзиясында үнемі ой үстінде, қимыл үстінде көрінетін халық бар. Кең даладағы шапқан ат, ат құлағында ойнаған, асаумен алысқан сағыныштарын ән-күймен түсіндіретін, жасыл даласындағы көл дариясын сүйетін халық бар. Адам мен жер – Мағжан поэзиясының ең күшті, халықтық рухы. Халық атамекенін қалай сүйсе, Мағжан да солай сүйген.

«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған кім қарсы тұрар?

Көкте – бұлт, жерде желмін гулеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?- деп басталатын «Мен кім?» өлеңінде ақынның дәл өлеңіндегідей өзінің айбатты да қайратты, адал қайсар екенін көреміз. [2. 59 - бет] Тек өзін ғана емес, барлық қазақ халқын « көктегі күшке, түпсіз, теңізге, қызуы мен жалынға, жүйрік тұлпарға» теңеп тұрған сияқты. Патшадай қаһарлы, қазыдай әділ, бидей шешен халыққа қарсы тұрар күш жоқ екеніне тәнті боламыз.

Өмірге құштарлық, айналасындағы адамдарға, туған табиғатқа, жер – анаға ғашықтық туралы ойлар – Мағжан өлеңдерінің басты сипаттарының бірі. Ақын нені жырласа да ерекше махаббатпен, шынайы жүрекпен жырлайды. Сол себепті де оның өлеңдері сырлы, сазды, көркем «Сүйемін» атты өлеңін қартайған анасына,, күнделікті тұрмыстың жетегінде жүрген қарапайым жарына деген сезімін суреттеуден бастайды. Өлеңде өмірдің жүрекке жылы, көзге таныс суреті бар. Ана да, жар да әркімге қымбат екенін есіне қайта салғандай. Дүниедегі теңдесі жоқ жандар – халқы, анасы, жары, ешқандай теңеуге келмейтін қымбат дүниелер.


Ақын:

Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін,

Сол елімді сүйемін-деп, өзінің туған елі мен жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігін жайып салады. [2. 58- бет].

Ақын қазақ тілін 1913 жылы 20 жасында жазды.


1. Өлеңді мәнерлеп оқу.
2. Төмендегі топтастыру кестесі бойынша ойтолғау.



3. Түсініктеме күнделігі. Сөздікпен жұмыс.

Ерікке ұмтылған-тәуелсіздікке. Ұшқыр жаны кісенде- қазақ тілі тәуелді. *Қос қанат* -көне, баба тіл. *Нұрлы жұлдыз-* жарық сәуле. *Кен тілім* -бай тілім.


4. Шығармашылдық жұмыс. Ана тіліне деген ойларыңызды өздеріңізге ұнайтын суреттер мен сөздер арқылы жеткізіңіздер.



1. Ана тілі, аспандағы жұлдыздай әрқашан мәртебең биік болсын!
2. Аяулы тілім, көктегі Күндей жарқыра!
3. Ана тілім – жүрек үні!

Мағжан қазақ тілін сарқылмас кенішке бағалаған. Тіл аман тұрса, құлаған туың да қайта тігілмек. «Алтын күннен бағасыз белгі боп» көрінсе де, алынбас қамалың осы болу керек. Бытыраған балалары болса, бауырына жинап алар да осы «Баба тілі – Нұрлы жұлдыз» дейді ақын. Бұдан Мағжан поэзиясының өміршендігін байқаймыз. Ана тілін біз сақтасақ, ана тілі бізді сақтайды. Мағжанның «Ана тілі - сарқылмас кенің» деген қағидасына қосыламын. [2. 46-47 бет].

Қорыта келе, ақын өлеңдеріндегі құндылық атауларын топтастырайық.



Жас ұрпаққа алаш азаматтарының ұлттық құндылыққа тола мұраларымен тәлім-тәрбие беру арқылы ғана біз өзіміздің ұлттық тарихи бітім – болмысымызды, өзге жұртқа ұқсамайтын ұлттық ерекшелігімізді ой - санамызды, ойлау машығымызбен дүниетанымымызды қорғап қалып, жаһандану үдерісіне бейімделе аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ж. Бектұров. Ақиқаты осы еді. Алматы, «Ғылым», 1995, 67- бет.
2. Ж. Жұмабаев. Көп томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы, «Жазушы», 2002, 39-59 беттер.
3. М. Жұмабаев Педагогика (1923 жылы Ташкентте шыққан 2-басылым) / Алматы: «Marfu Press» баспасы -2022. 184- бет.
4. Ш. Елеукенов. «Мағжан Жұмабаев». А. , «Білім», 1990 ж.
5. «Қазақ тілі мен әдебиет журналы», 2013-2015 жылдар;

ЕСБАЕВА КУЛАШ УСЕНОВНА

Астана қаласы

М. Мақатаев атындағы

№74 мектеп- гимназиясының

бастауыш сынып мұғалімі

МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚИТУ

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев – 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі, асыл ақын. Сол кездегі дәстүр бойынша алдымен ауыл молдасынан тәлім алады. Осыдан кейін отбасы Бекен Мағжанды Қызылжардағы Бегішов медресесіне жібереді. 1910-1913 жылдары бес жыл оқығаннан кейін мұсылманша орта білім беретін бұл медресе жабылды. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқиды. Осында жүргенде «Садақ» журналын шығарып, оған өлеңдерін жариялайды. Абайдың өлеңдер жинағымен танысады, татар ақын-жазушыларымен достасып, оны араб, парсы, түрік тілдерін үйретуге шақырады. Орыс тілін үйренеді. Абай сияқты Шығыс пен Батыс поэзиясынан нәр алады.

Мағжан Жұмабаев – лирик ақын, аудармашы, педагог-ғалым. Мағжан Жұмабаев ондаған өлең, жүздеген лирикалық поэма жазумен қатар ұстаздық қызмет атқарып, алғашқы педагогикалық оқулықтарды жазды. Оның қаламынан туған «Бастауыш мектепте ана тілі» (1925), «Сауатты бол» (1926), «Педагогика» (1922) оқулықтары педагогика мен әдістеме ғылымына қосылған тың үлес деп бағаланды. «Педагогика» оқулығы туралы сол кезде алғашқы сын айтушы Молдағали Жолдыбаев: «Не дегенмен, кітаптың шығуы аса пайдалы. Ахметтің «Сауат ашқыш», «Әліп - билеріне» қосымша саяси сауат ашатын орындардың бұл кітапты алдырулары керек-ақ»-дейді. Ол өзінің «Педагогика» оқулығында тұңғыш рет ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра оқытудың тәсілдерін қарастырып, бала тәрбиелеудің және олармен қарым-қатынас жасаудың жолдарын ғылыми тұрғыдан көрсетті. Оның озық ойлы сол кездегі айтқан тұжырымдары бүгінгі күні де өзекті. «Баланы заманына лайық етіп отырып, тәрбиелеу керек»-деген Мағжанның ойы бүгінгі күн үшін айтылғандай. Бүгінгі атом, компьютер, космос заманында оқушы ғылымның соңғы жаңалықтарын біліп қана қоймай, оны игере білу өмір талабы. Педагог-ақын өзінің әрбір шығармасы арқылы оқушыларды отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттады. Мағжанның педагогика саласындағы әрбір еңбегіндегі қазақ халқының ежелден келе жатқан тәрбиесі, даланың табиғат мінезі ерекше көрініп тұрады. Ол өзінің педагогикасында оқушыларды ұлтқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу керектігін ерекше айтады. «...Тәрбиедегі басты мақсат баланы ұстаздың дәл өзіндей етіп қорқытып, тәрбиелеуінде емес, қазіргі және болашақ өмірге сайма-сай тәрбиелеуінде». Мағжанның бұл сөздері ХХ ғасырдың 1920 жылдары айтылса да, бүгінгі күн үшін өзекті маңызын жойған жоқ. Бүгінгі және болашақтың ұрпағын қалай тәрбиелеп, оқытып шығару керек? Егеменді еліміздің ұрпақтарын ұлылыққа баулу бүгінгі мектептің парызы. М.Жұмабаев кезінде осы бағытты меңзеді, елдің егемен мектебі

болуын қалаған. Өйткені оқушыны ұлттық рухта тәрбиелеп шығару тек ұлт мектебінің қолынан ғана келеді. Кешегі өткен ұлы бабаларымыздың істері бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болуға тиіс. Олар ұлан-байтақ жерімізді қасықтай қаны қалғанша қызғыштай қорғап, бүгінгі ұрпаққа аман-есен тапсырды.

М. Жұмабаев өз ғасырынан озып туған ғұлама адам. Ол ұлы ұстаз, ақын, философ, әдебиетші, тарихшы. Оны оқып, зерттеу бүгінгі ғалымдар мен ізденушілер үлесіне тиеселі болмақ. Мағжанның әділ бағасын беру, бүгінгі ұрпақ үлесіне тиісті. М. Жұмабаевтың өмірі мен өнегесін, оның әдеби-педагогикалық мол мұрасын жүйелі түрде оқу-тәрбие ісіне енгізіп, жас жеткіншектерді тәрбиелеуде қолдансақ, олардың жан-сезіміне, Отанға, ел-жұртқа деген сүйіспеншілік, нық сенім, ұлтжандылық, ұлы адами құндылықтарды қалыптастырамыз.

М. Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбегінің бірі, «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы». Оның бұл мұрасы 1923 ж. Ташкентте жарық көрген. Мұнда ол, сол кездегі мектептер жәйін, оқыту технологиясын сөз етеді. Мағжан әрдайым ана тілінің мәселелерін әсте естен шығарған емес. Мағжанның қазақ тілінің жетік, үлкен әдіскер, лингвистика саласын терең білетіндігін байқауға болады. Мағжан ана тілін бастауыш, яғни 1-сыныптан дұрыс оқыту керектігі туралы арнайы сөз қозғаған. Құр ғана жалаң сөз арқылы емес, әр алуан қосымша әдіс-тәсілдерді төмендегі сыныптарда кеңінен қолдану қажеттігін көрсете отырып, сынып сайын қажетті материалды сұрыптау ұстанымдарына да мән берген. Ол төрт жылдық бастауыш мектепте ана тілін оқытуды жүйелеп, сыныпта қалай, қай дәрежеде оқыту керектігін баяндаған. «Бірінші жылы баланың тілін дұрыс сөйлеуге, өз ойын айтуға дағдыландыру, қысылмай сөзбен жарыққа шығаруды» ұсынады. Тілдің ұлттық ерекшелігі, қолданыс мәнері ана тілі оқулықтары арқылы айқын көрініс берумен қатар, ол баланың тілін ұстартып, ойын ұштап, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда үлкен тәрбиелік қызмет атқарады деп қарайды. Егер бала өзіндік ойын, алған әсерін жеткізе алмаса, балаға көмек мұғалімнен болу керек. Егер бала әсер алмаған жағдайда сабақ жеткіліксіз немесе мұғалім толық танымады деп есептейді. Бұл ой ғалым Мағжан Жұмабаевқа дейін де айтылды. Мәселен, педагог Спандияр Көбеев: «Баланың сөйлеген сөзі мағыналы, тұжырымды болуына өте зер салып отырған жөн. Мұғалімнің сұралуына толық жауап беруге баланы дайын отыруға дағдыландыру керек. Бұл орнында әңгімелесу методіның орны зор», - дейді. [1;178]. Мағжан Жұмабаевтан кейін де бұл ой білім беру жүйесінде негізгі мәселе ретінде сөз болды. Зерттеуші Сейіл Жиенбаев: «Мұғалім өзі ғана айтып түсіндіргеннен де әңгімелесу методі арқылы баланың өзіне ойлантып, өзіне тексертіп отырған артық» - дегенді айтты. [2;81].

Бастауыш мектептің үшінші сыныбында бала бастан кешкен оқиғалары негізінде өз ойынан «жазбаша сөзді өркендете» алуы тиіс. Байқаймыз, зерттеуші оқыту теориясын терең білген. Мәселен, бірінші сыныпта оқушы пән мұғалімі арқылы түсінгенін, шығармалардың негізінде алған әсерін сыртқа шығара алуы тиіс. Ал, екінші сыныпта түсінгенін сауатты әңгіме емлеге сай

баяндай алуы тиіс. Үшінші сыныпта ойын сауатты жазбаша жеткізе алуы тиіс. Әрі бұл жерде ғалымның оқыту оқыту жүйесіне «әңгіме емле», «жазбаша сөзді өркендету» сияқты терминдерді байқауға болады.

Осы тұрғыдан келгенде, Мағжан Жұмабаев көрсеткен бұл дағды ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының «тіл құралы» атты еңбегінде айтылады. Ұлт ұстазы «Сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгертіліп, қалайша біріне-бірі қисындасып жалғасатын жүйесін білу керек», - дегенді айтады[3;7].

Байқаймыз, бұл тұста да екі ғалымның пікірлері бір-бірімен ұштасады. Мағжан Жұмабаев үшінші сыныптан баланы сөйлеумен қатар жазуға да үйрету керектігін, мектепте балаға қысқа әңгімелер жаздыруға дайындау керектігін талдап көрсетеді. Ғалымдарымыз сол кездің өзінде-ақ жазу балаға пайдалы екенін ағылшын психологиясымен оқымай-ақ білген. Қазірде әлем психологтары жазу балаға пайдалы екенін, бала миы жазу кезінде екі есе жұмыс жасайтынын және мидағы жадының ұзақ уақытқа дейін алған ақпаратты сақтайтынын айтады. Бірақ бұл теорияны шетел психологтарынан бұрын балаға пайдалы екенін ХХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ғалымдарымыз оқыту жүйесіне негізген.


Бастауыш мектептің төртінші сыныбында белгілі бір мәтіннің жобасымен толық танысып, баланың ұғымына лайық әдеби танымдық түсініктерді оқуға дағдыландырылуы тиіс. Сонда бала бастауыш мектептің соңғы бөлігінде ой қорытып үйренуі керектігін, өмірдегі әртүрлі шындықпен ғылым заңдылықтарын әрі нақты талдап, жинақтап, анализ жасап және ой қорытып, синтез жасап үйрену керектігін айтады. Ғалым ұсынған бұл білімділік дағды жаңартылған білім беру мазмұнының жаңалығы ретінде танылған. Блум таксономиясының жинақтау, бағалау бөлімдерімен мазмұндас екенін көреміз. Мәселен,



Содан соң, зерттеуші бастауыш мектептің білім деңгейіне қойылатын мынандай талаптарды көрсетеді.

- Баланың тілін өркендету һәм дағдыландыру;
- Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақтар жаттау;
- Тілді бақылау һәм емле.

Мағжан Жұмабаев бастауыш мектепте оқу жеңіл тапсырмалардан біртіндеп ауырлау керектігін де атап көрсетеді. Бұл дидактикада жеңілден ауырға қарай принципі деп аталады. Оны оқыту жүйесіне алғаш енгізілген – Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов. Ал бұл принцип жаңартылған білім беру жүйесінің бірінші ерекшелігі – спиральді білім беру бағдарламасымен мазмұндас. Бірақ, бұл қазіргі білім беру жүйесінде ХХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ұстаздардың әдісі емес, Кембридж әдісі ретінде танылды. Ол – дұрыс емес.



ЖЕҢІЛ ТАПСЫРМАДАН АУЫРҒА



СПИРАЛЬ ӘДІСІ

Сонымен қатар, Мағжан Жұмабаевтың ойынша, бала білімді неғұрлым көп пысықтаса, ол білім есте ұзақ және сонша берік болып қалады. Бұл жұмыс түрінің сауатты іске асырылуы үшін мұғалімнің алдында мынандай төрт түрлі талап қойылу керек деп есептейді.

- Оқушыны оқу материалдарымен таныстыру және оны бірнеше рет бекіту;
- Оқығанды еске түсіру, іс жүзінде қолдандыру;
- Білімді және іскерлікті қолдану арқылы жүйелеу;
- Білімді және іскерлікті бақылау және есепке алу.

Пән мұғалімі сабаққа даярлану алдында өзінің дайындығын, сабақтың дидактикалық құрылымын зерттеп алу керектігін айтады, әрі өткізілген сабақ процесін де зерттелгені жөн деп есептейді. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде қолданып жүрген «LESSON STADY» зерттеумен мазмұндас.


Біз білеміз, сабақ процесін зерттеу әдісі «LESSON STADY» қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылығын байқау мақсатындағы бір әдіс ретінде саналып жүр.

Жоғарыда айтып кеткендей, Мағжан Жұмабаев оқыту теориясын терең білген. Осыған орай, білім беру жүйесінде басшылыққа алатын қазіргі дидактикалық принциптерді өзі зерттеп отырған дәуірінде –ақ басшылыққа алғандығы байқалады. Олар: саналық принципі, алдын ала болжау принципі, материалды дұрыс орналастыру принципі, жүйелілік принципі. Әрі осы принциптерді ұсына отырып, ұстаз мынандай талаптарды орындай алуы тиіс деп есептейді.

- Білім мазмұнын педагогика, психология ғылымдарының қазіргі даму дәрежесіне сәйкестендіру, жаңа әдіс-тәсілдермен жаңашыл ұстаздардың тәжірибесін қолдана алу;
- оқушылардың ғылыми теориялық ойлау қабілетін дамыту, бастауыш мектептің өзінде-ақ тек индукциялық қана емес, дедукциялық оқытуды сауатты енгізу;

- шәкірттерге жаңа ғылыми ұғымдарды түсіндіру, жүйелі түрде қайталау, пайдалану, сауатты қолдану, іске асыру;
- оқыту әдістері арқылы оқушыларды ғылыми әдістермен таныстыру, оларды ізденушілікке, шығармашылыққа баулу, зерттеу тәсілдерін пайдалану үшін кітаппен, анықтамалармен жұмыс істеуге ынталандыру;
- әрбір ғылымның ашқан жаңалықтарын оқушылардың санасына жүйелі түрде қарапайым ұғымдармен берік түрде жеткізе алу;
- ғылымдағы жаңалықтардың жан-жақты байланысын көрсетіп, оқушылардың білім деңгейімен ұштастыра алу;
- белгілі ғалымдардың өмірбаянымен, олардың қосқан үлесімен оқушыларды таныстыра алу.


Өзімнің сабақ беріп жүрген 4-сыныптағы Мағжан Жұмабаев пен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығын өткен кезде ВЕНН диаграммасы арқылы екі ақынды салыстырып, талдау жасады. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрақтар құрастырды. «Қарағым» өлеңі мен «Шәкірт ойы» өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Өлең мазмұнына талдау жасады. Өлең жолында кездескен, Қарманған қарап қалмас – *бұл жерде* «оқысаң, өнерлі, білімді боласың деген мағынада, Кемеңгер – данышпан, ақылды дегенді білдіретінін мағына екенін біледі. Екі шығарманың тақырыбы: жастарға, оқушыларға арналған, халықтың мүддесі.



Тақырып	Идеясы	Өлеңге сипаттама	Автордың іс-әрекеті	Өлең бойынша үш сұрақ	Менің көзқарасым
«Қарағым» өлеңі					
«Шәкірт ойы» өлеңі					

«**Пікір пирамидасы**» әдісі арқылы «Қарағым» өлеңі мен «Шәкірт ойы» өлеңі бойынша ойларыңызды жинақтап, жазыңыздар.

1. Өлең не туралы? – 2 сөз
2. Өлеңге сипаттама – 3 сөз.
3. Әрекет орны мен уақыты – 4 сөз
4. Өлеңдегі басты оқиға – 5 сөз
5. Өлеңнің басты кейіпкерлері – 6 сөз
6. Өлеңді оқу барысында алған әсеріңіз – 7 сөз
7. Өлең туралы жеке пікіріңіз – 8 сөз



Қорыта айтқанда, мектеп-білім ошағы, тәрбие ордасы, тағылым табалдырығы. Мектеп-тұлғаның толық қалыптасуына жағдай жасайтын әлеуметтік орта. Әр жеткіншек зерттелмеген құпия. Сол зерттелмеген құпияны ашып, баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін білу ұстаздар міндеті. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр екенін ескерген жөн. Ендеше елдің ұлтжанды азаматын тәрбиелеуде ерінбей еңбек етіп, болашақтың нұрлы болуына үлес

қоса берейік. Ұлылар ұлағатынан ой түйе білейік. Мағжанның педагогикалық мұрасы бала тәрбиелеуде қазір де ата-аналарға, мұғалімдерге, жалпы оқушы көпшілікке таптырмас аса құнды еңбек.

Пайдаланған әдебиет:

- 1.Көбеев С. Орындалған арман. – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1951.-210б.
- 2.Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы. 1992. -143б.
- 3.Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері!). – Алматы: Ел-шежіре, 2015. – Т.3.-348б.

ЖАНУЗАКОВА ИНДИРА КАБЫЛКАЛЫКОВНА
Астана қаласы №28 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» МЕН ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКА

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім.

М.Жұмабаев

Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев ақындығы мен қатар ұстаздықты да мұрат етіп, сол жолда құнды, ғылыми еңбектер жазған. Сол еңбектерінің бірі – «Педагогика» еңбегі. Өз заманында да, қазір де ақынның еңбегі мұғалімдерге де, ата-аналарға да таптырмас бағалы мұра. Мағжан – бірінші болып қазақ тілінде педагогиканы жеке ғылым және жеке пән ретінде қарастырған ғалым. Өзінің өткізген курстарының дәрістерін қолданып, С.Л.Рубинштейн, И.В.Скворцов, А.А.Смирнов сынды беделді ғалымдардың еңбектерін зерттей келе, қазақ тілінде «Педагогика» атты еңбегін жазады.

Мағжан «*«Педагогика» қандай пән?»* деген сұрақтың жауабына *«Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Сол басқа адамдардың тәрбие майданындағы тәжірибелерін көрсеткен жеке бір пәнімен, яғни тәрбие пәнімен таныс болу керек. Тәрбие пәні педагогика деп аталады»*, -деп өз еңбегінде педагогика сөзіне анықтама береді [1,15]. Бала тәрбиесіне ата-ана мен мұғалімнің өз тәжірибесі аз екендігін, басқа ғалымдардың тәжірибесіне жүгіну керектігін атап көрсетеді. Мағжанның *«Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару зой»* деген сөзі қазіргі заманда да өз өзектілігін жоғалтқан емес [1,16]. Педагогика – тәрбие жөніндегі ғылым. Баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу және өз заманына лайық тәрбие беру – қазіргі педагогикадағы өзекті мәселелердің бірі. Адамзат ғасырдан-ғасырға өсіп келе жатқан жас ұрпағына өз іс-тәжірибесін, қалыптасқан әдет-ғұрыптарын, өмірден білгені мен түйгенін, бір сөзбен айтқанда, өмір мектебін үйретуді парызы деп санаған. Әрбір келешек ұрпақтың өмірден өз орнын таба алуы ең алдымен өткен ұрпақтың жинаған әлеуметтік тәжірибесін меңгеруіне байланысты. Уақыт өткен сайын заман да өзгереді, сол заманына лайық тәрбие беру мен ұлттық тәрбиені де қатар алып жүру керектігіне Мағжан өз еңбегінде тереңінен тоқталады.

Мағжан педагогиканы бес бөлімге бөліп, әр бөлімге жеке тоқталып, түсінік береді. Ол – көптеген жаңа терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізу арқылы қазақтың төл терминологиясын қалыптастыруға елеулі үлес қосқан ғалым.

Мағжанның педагогикасы мен қазіргі педагогикаға тоқталатын болсақ, әрине, айырмашылық өте үлкен. Дегенмен де ұлттық педагогиканың негізінде Мағжанның педагогикасы жатыр. Мағжан – қазақ педагогикасының негізін қалаушы. Заман өзгере келе, ұлттық педагогикамыз да қарықтап дамыды. Елімізде ұлттық педагогикамен қатар, әлем педагогикасына да көп көңіл бөлінуде. Қазіргі кезде педагогтер көбінесе «Мұғалімге арналған нұсқаулық»

бағдарламасын негізге ала жұмыс жасайды. Бұл Бағдарлама сындарлы оқытуға бағытталған. *«Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайды тиімді пайдалана білуді қамтамасыз етеді»* [2,6]. Сындарлы оқыту оқушылардың ойлауын дамытуды, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа білімдерін байланыстыра отырып оқытуды көздейді. Мысалы, «Мұғалімге арналған нұсқаулықта» американ психологі Авраам Масолудың «Қажеттіліктер иерархиясында» (1968) *адамның өсуі мен жетілуінің сатылары* көрсетілген. Мағжанның «Педагогика» еңбегінде де осы «Қажеттіліктер иерархиясы» бойынша *баланың өсуі мен жетілуінің сатылары* қарастырылған.

Мағжан «**Дене тәрбиесі**» бөлімінде жаңа туған баланы өлшеу, жылылық, дем алу, тамыр соғу, тамағы, шомылдыру, киімі, бесікке бөлеу, ұйқы, баланың қозғалуы, серуен т.б. баланың физиологиялық өсуін егжей-тегжей сипаттап жазады. *«Жаңа туған бала бір кесек ет деуге болады. Оның жан тұрмысы әлі білінбейді. Сондықтан ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін баланың дене тәрбиесіне жұмсауға міндетті»* деп бала өмірінің алғашқы кезеңінде дене тәрбиесін бірінші орынға қояды [1,20]. Мысалы, Мағжан баланың тамағы туралы айтқанда, бастапқыда ең дұрыс тамағы бұл ананың сүті екендігі, егер қолдан асыраса, онда ешкінің сүті пайдалы екендігі, емізікті қолдану, аралас тамқатану және тамақтанудың тәртібі туралы егжей-тегжей түсінік береді. «Дене тәрбиесі» бөлімінде баланың физиологиялық және биологиялық қажеттіліктері туралы айтылады және бұл бөлімі Авраам Маслоудың төменгі деңгейімен сәйкес келеді. Екі ғалым да баланың физиологиялық және биологиялық қажеттіліктері орындалмайынша, жан дүниесі дұрыс қалыптаспайды деген тұжырымдары ұқсас келеді. Келесі «**Жан тәрбиесі**» бөлімінде *«... бала өскен сайын тәрбиеші күшінің көбі баланың жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті»* екендігіне тоқталады. Мағжан бұл бөлімде мидың физиологиялық қызметі туралы айтып, мидың қажуы мен тынықтырудың қарапайым жолдарын ұсынады. Ал қазіргі ғалымдар баланың қалай оқитынын және қалай білім алатынын зерттейді. Ми бөліктерінде ақпараттың қалай сақталатынын, жадыны қалай жаттықтыру керектігін қарастырады. Мысалы, МАН-да *«Соңғы кездері жүргізілген нейрғылыми зерттеулер бойынша қысқа мерзімді «жұмыс» жадысы серпінділікке бейім және ұзақ мерзімге созылмайды (бірнеше секундтан бірнеше минутқа дейін гана), ал ұзақ мерзімді жады анағұрлым тұрақты және өмір бойы сақталуы мүмкін»* адамның жадысының қызметіне зерттеулер жүргізілгені туралы жазылған. Әрине, бұл технологияның даму жетістіктерінің нәтижесі [2,20].

Жан көріністерін тапқа бөлу: білу немесе ақыл көріністері, ішкі сезім немесе көңіл көріністері, қайрат көріністері. Абайдың бұл таптарды ақыл, қайрат, жүрек деп атайтынын жазады. Осы үш таптың арасында берік байланыс бар. Әсерлену арқылы баланың сыртқы көріністі қабылдауы мен білім алуы іске асады. Сыртқы сезім әсерленулерге: көру, есту, иіскеу, тату, сипау, ет сезімдері жатады. Бұл сезімдер арқылы әдемілікті, әсемдікті, жақсылықты қабылдай білуге баланы үйрету керектігі айтылады. Мысал ретінде Абайдың «Құлақтан

кіріп, бойды алар» өлеңін келтіреді. Сыртқы сезімдерді тәрбие қылуға көп көңіл бөлуді ұсынады. Мағжан «*түрлі сабақты ауыстырып отыру ғана емес, бір сабақтың өзін де түрлендіріп, жаңалап беруге*» және баланың зейінін зарықтырып алмас үшін сабақты түрлендіріп өткізуге баса назар аударады [1,76]. Қазіргі кезде «Мұғалім оқушыларда Чиксентмихайи (2008) «өзіндік мақсат» деп атайтын және Райан мен Деки (2009) «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттерінің болуына жағдай жасауға тырысуы тиіс» яғни мұғалім оқушыларды жұмысқа ынталандыруы және сыныпта олардың сабаққа белсенді қатысуына мүмкіндік беруі тиіс [2,34]. Оқушы сабаққа белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгеруге қол жеткізе алады. Егер сабақ оқушы мен оқу материалын қосатын «көпірді салуға» негізделсе, онда осы сабақты ұйымдастыратын мұғалім көпірдің екі жағын да қадағалай алуы тиіс. Метатану – оқушылардың өздігінен оқу және проблеманы шешу стратегияларын түйсінуі, түсінуі, таңдай білуі, қолдана білуі, яғни, оқушылардың саналы білім алуы мен ойлауын дамытуға ықпал ететін үдеріс.

Ішкі сезім яки көңіл көріністері бөлімінде Мағжан бала ішкі сезім арқылы заттарға не құбылыстарға баға беретіндігін айтады. Ішкі сезім мен әсерлену арасындағы айырмашылықтарға тоқталып, ішкі сезімнің жасалу жолдарын көрсетеді. Адам әсерлену арқылы сыртқы көріністермен танысса, ішкі сезім арқылы сол сыртқы көріністер мен құбылыстарға баға береді. Баланың өмірінде ішкі сезім үлкен орын алады. Баланың ересек адамнан ішкі сезімінің айырмашылығы баланың ішкі сезімдері ұшқыр болады. Бала тез қуанады, тез ашуланады, күлуі де жылауы да тез. Сондықтан «... тәрбиеші дұрыс, пайдалы, жоғары нәрседен ләззат алуға, пайдасыз, төмен нәрседен жиренуге, һәм осы ұмтылу мен жиренуді терең, берік қылуға тырысу керек», мұғалім баланың ішкі сезімдерін дұрыс, оң болуына үйретуі керек[1,122]. Мысалы, ұялу сезіміне қарсы өзіне-өзі ыразы болу сезімін баланың бойында қалыптастыруды ұсынады. Баланың өзін емес ісін мақтау керек. Мақтағанда да мақтауға тұрарлық ісін ғана мақтау керек. Аяу мен достық сезімі. Адам біреудің қайғысына ортақтасқандай, оның қуанышына ортақтаспайды. Біреудің қуанышын көргенде адамда қызғаныш пайда болады. Міне, мұғалім баланың бойында осындай қызғаншақтық мінезді әлсіретуге ұмтылу керек дейді. Бала есейіп ойнай бастағанда, бойында достық сезімі пайда бола бастайды. Бала дос балалардың сөзін көбірек тыңдайды, сондықтан ата-анасының баланың достарының дұрыс дос болуларына көңіл аударуы маңызды. Жаратылыстың сұлу көрінісі сұлулық сезімін оятады. Мұғалім баланың жаратылыстың сұлулығын сезіне білуіне көмектесу керек. Сұлулық сезімдері баланың дұрыс сұлу ләззат іздеуіне сұлу нәрсені сүюіне, жамандықтан жиренуіне көмектеседі.

Құлық сезімі: Баланы құлық туралы ой жүргізгізіп үйрету. Мағжан «*Адам әрбір ойына, әрбір ісіне баға беріп отырады. Ізгі ойы, ізгі ісі адамда жағымды сезім тугызады. Адамға қалай да болса, қашан да болса, пайда келтіретін ой мен іс ізгілік*» екеніне үлкен мән береді [1,130]. Адам есейген сайын, білімі артқан сайын, оның құлық сезімдері де арта түседі, жоғарылай түседі. Адам қоғамда өзінің ізгі ойы мен ізгі ісімен пайдасын тигізуге ұмтылуы тиіс. Баланың

бойында сүю сезімі анасын сүюден басталады. Есейе келе, елін сүюге ұласады. Елін сүйген бала адамзатты да сүйе біледі. Ізгілік деген – анасын сүю, анасына ізгілік тілеу; туысқандарын сүю, туысқандарына ізгілік тілеу; өз елін сүю, өз еліне ізгілік тілеу және пайдасын келтіру; адамзатты бауырым деп білуі. Сондай адамды ізгі адам дейміз. Абайдың сөзімен айтқанда, «толық адам», ал Мағжанның тілімен айтқанда, «құлықты адам» дейміз. Құлық сезімдерінің өркендету жолдары: баланың бойында құлықты сезімді қалыптастыру үшін әдеби және тарихи шығармаларды оқыту керек, баланың тәртібіне, әсіресе, мектептегі тәртібіне көңіл бөлу керек және балаға құлық туралы ой жүгіртіп үйрету керек.

Қорытындылай келе, Мағжанның сөзімен айтқанда, мұғалім баланы адамзат дүниесінің керек мүшесі бола алатын төрт жағы түгел адам қылып шығару үшін күш-жігерін, білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай еңбек етуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев «Педагогика», -Алматы: Ана тілі. 1992.-160 бет.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012
3. Әдебиет порталы, <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/985>

ЖАППАРОВА ГУЛНИСА СЕРИКОВНА
Астана қаласы Нәзір Төреқұлов атындағы
№35 мектеп-лицейінің тарих және
география пәні мұғалімі, педагог-шебер

«МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚИТУ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ЖҰМЫСЫ

Қазіргі таңда білім алушының қажетіне қарай оқыту мен дағдыға негізделген білім беруде педагогтің оқыту мен оқу тәжірибесін анағұрлым жетілдіру мақсатында Lesson Study (LS) сабақты зерттеу мен Action Research (AR) іс-әрекеттегі зерттеуді ұйымдастыруда бақылау әдісі маңызды инструмент болып табылады. Бақыладуды ұтымды жүргізуде біріншіден педагогтің жалпы бақылау, бақылауды қалау жүргізу керек туралы түсінігі, өзінің бақылау дағдысын дамыту жолдарын білуі керектігі маңызды. Бұл педагогикалық оқу жұмысымда мен осы сұрақтарға жауап беруде және өзімнің педагог ретінде бақылау дағдымды дамытуда әдебиеттерге шолу жасағаным туралы жазылған. Отандық (негізгі әдебиет: Педагогика. Мағжан Жұмабаев, 1922 жыл Қызылжар) және ағылшын тіліндегі әдебиеттерге көбірек мән беріліп, бақылауды жүргізудің артықшылықтары мен кемшіліктері талданды. Нәтижесінде бақылау дағдымды дамыту туралы түсінік қалыптасты.

Менің педагог ретінде бақылау дағдымды дамытудың маңызыдылығы өз басымнан өткен мына жағдай ықпал етті. Сабақта оқу мақсатына сәйкес өз сыныбыма бейімдеп алған оқыту әдіс-тәсілі өз нәтижесін бермейтін кездерді байқадым. Осыны ойлана келе «қаншалықты мен оқушы үнін тыңдай алып жүрмін?»- деген сұрақ мазалады. Сыныпта әртүрлі білім алушылар бар. Олар талантты, дарынды, сонымен қатар сабақты нашар оқитын болуы мүмкін. Педагог білім алушылардың бәрін оқытуға дайын болуы керек. Оны жүзеге асыру үшін педагог білім алушылардың сабақты қалай оқып, ұғатынын бақылау керек (Т. Чичибу, Л. Ду Тоит, А. Тулепбаева. Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Астана 2013ж. 10-бет).

Оқушы қажетіне сәйкес оқытуды ұйымдастырудың негізі педагогтің бақалау дағдысымен байланысты екен.

Бақылау- зерттеу әдісі зерттеушіге "нақты жағдайда" тақырыбын зерттеуге және "тірі / нақты ақпаратты" алуға мүмкіндік береді (Wellington, 2015, 205-бет)

Мағжан Жұмабаев педагогтың толық адамды қалыптастыруының екі жолын ұсынады. «Әр нәрсені үйренудің белгілі түзу жолдары бар.... бірінші – өзін бақылау. ... екінші жолы – бақылау, ...» (Педагогика. Мағжан Жұмабаев, 1922 жыл).

Өзін бақылау дегеніміз- өткенді еске түсіру деген деп атайды және оның күрделі іс екендігін жазады «... бір уақытта екі іс істеуі, әрі бақылаушы, әрі бақыланатын зат болуы» (Педагогика. Мағжан Жұмабаев, 1922 жыл).

«Екінші жолы – бақылау, яғни бір адамның өзінен басқа адамдардың жан көріністерін бақылауы. ... жан көріністерін сыртқы сезімдермен бақылауға болмайды.» (Педагогика. Мағжан Жұмабаев, 1922 жыл). Бұған мысал келтіре ашсам, «адамдардың жан көріністері» дегені білім, дағдысы, адами құндылық күйі деп алсақ, білім алушының алған білім нәтижесін, өмірде оны пайдалана алу дағдысы әлеуетін иіскеп не сипап яғни сыртқы сезімдермен байқай алмаймыз деп түсіну. Сонда бақылау адамның немесе оқушының белгілерін мысалы, жүріс-тұрысы, айтқан ойлары, қозғалуын және т.б. бақылау, тексеру деп түсінген дұрыс. Бақылау жүргізгенде педагогке емес, оның іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына назар аударған абзал (Д.Шаматов Ә.Әлиасқар Д ... Білімге құштарлық. Нұр-Сұлтан: 2020ж.88-бет).

Бақылауды ұтымды жүргізу үшін педагог ең бірінші өзін-өзі бақылауды жүргізе білуі керек. Себебі өз тәжірибемде өзге әріптестерімнің сабағына кіргенде мына білім алушы менде сөйлемейді мына сабақта сөйлейді екен, мына әдісті осылай қолдансам болады екен және т.б. өзімізбен салыстыра бақылап отырымыз, кері байланыс бергенде өзге әріптес біз байқамаған жайыттарды айтқанда «мен неге байқамадым?» деген сұрақ туындайды. Бұның негізі өз тәжірибемізде өзімізді-өзіміз бақылауды жиі және сабақта кездесетін әр элементті назарға алып үйренсек, сол элементтердің барлығын өзге сабақтардағы бақылауда көре аламыз.

Бақылау жүргізуде алдымен мақсатты анықтап алған дұрыс. «Сыныпты бақылау үшін сіздің нақты мақсатыңыз болуы керек» (Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе. Доктор Елена Вилсон, профессор Айжана Абубаева, 75-бет).

Бақылауды дағдыны нығайту мен толықтырудың 3 жолы бар. Ол өз жазбанды жүргізу, аудио және бейнежазба жасау.

Жақсы тәжірибе ретінде мәнмәтін туралы ақпаратты жазу болып табылады, Аудио және бейнежазба мейлінше тұрақты үлгіде кейбір өзара әрекетті бекітіп алады (Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе. Доктор Елена Вилсон, профессор Айжана Абубаева 79-бет).

Қорыта келгенде педагог ретінде кәсіби шыңдалу үшін бақылау дағдыны дамыту қажет екенін, баланың жан, қажетін түсіну үшін бақылау жүргізу үшін ең бірінші өз ісінді бақылау жүргізе отырып өзгені бақылау керектігін ұқтым. Өзіңнен өзің есеп алуды қалыптастырсаң, есеп кітапшасын жүргізсең тіптен жақсы, өз-өзіңді бақылау дағдыңды қалыптастырып жастың деген сөз және бұл өзгерудің белгілері. Бақылауды жүргізгенде төмендегідей бақылаудың артықшылықтары мен кемшіліктерін байқауыңыз мүмкін.

Бақылаудың артықшылығы:

1. Бақылауда шынайы көріністі көреміз. Бақылау шынайы, сенімді жағдайларда алынған ең объективті көріністі береді, оны сұхбат барысында алуға болмайды. (Creswell, 2014).
2. Өз тәжірибеңе қайта қарау мүмкіндігі. Өз қатасын көре білген адам келешекте сол қатаны істемеуге ұмтылады (Педагогика. Мағжан Жұмабаев, 1922 жыл)

3. Оқушы қажетіне қарай оқуды ұйымдастыру мүмкіндігі. Оқу процесі оқушылардың қажеттіліктеріне сай жоспарланады (Т. Чичибу, Л. Ду Тоит, А. Тулепбаева. Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Астана 2013ж.). Оқытуды оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге (Lesson Study, Алматы, 2022ж. «Жарқын» баспасы).

4. Педагогтер арасында дамуға деген байланыс күшейеді. Мұғалімдердің кәсіби дамуын желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға (Lesson Study, Алматы, 2022ж. «Жарқын» баспасы). Зерттеу сабағы қарапайым идея болып табылады. Егер оқытуды жақсартқыңыз келсе, сабақ туралы бірлесе ойласу, жоспарлау және бақылау бойынша басқа мұғалімдермен ынтымақтасудан маңызды не болмақ? (Lewis, 2002)

Бақылаудың кемшілігі:

1.Өзінді-өзің бақылауда шешімдердің субъективтілігі. Өзін- өзі тексеріп, қаталарын көруге адамның менмендігі бөгет болады. (Педагогика. Мағжан Жұмабаев, 1922 жыл)

2.Субъективті шешімдерден өзгені бақылауда қалыптасқан шешімдердегі қателіктер. Сыныптағы шебер басқарылатын бақылау бақылаушыға да, бақыланатын адамға да пайда әкелуі мүмкін, бұл екі адамның да кәсіби дағдыларын ақпараттандыруға және арттыруға ықпал етеді. Алайда, егер ол нашар өңделсе, ол кері әсер етеді, ең нашар жағдайда дұшпандық, қарсылық және күдік тудырады (Wragg, 2011).

Сонымен қоса білім алушы қажетіне қарай оқытуда педагогтік зерттерлер (LS және AR) Қазақстандық білім беру жүйесіндегі жаңалық емес XX ғасырда талданған оқыту тәсілі екені Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» кітабы арқылы білдім және осы оқулық педагогтік (LS және AR) зерттеуді дамытуда жергілікті әлеуетке бейімдеп қайта жаңғыртуға болатын негіз екеніне көзім жетті, себебі қазіргі таңдада өз құндылығын жоймағандығын кітаптан келтірілген үзінділерден көруге болады.

Педагогикалық оқу жұмысымды «Мен педагогика майданында бәйгі алып жүрген жүйрік емеспін. ... кітаптың жалпы негізінде көп кемшіліктер болуға мүмкін. Мұғалімдер тексеріп оқып, қате жерлерін көрсетсе, сансыз рахмет айтар едім» (Педагогика, 1922 жыл) деген Мағжан Жұмабаевтың сөзімен аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Педагогика. Мағжан Жұмабаев, 1922 жыл Қызылжар.
2. Wellington, J. (2015). *Educational Research* 2nd ed. London: Bloomsbury Academics.
3. Д.Шаматов Ә.Әлиасқар Д ... Білімге құштарлық. Нұр-Сұлтан: 2020.
4. Wragg, T. (2011). *An introduction to classroom observation (classic edition)*. Taylor & Francis Group.

5. Білім беру-зерттеу әдістеріне кіріспе. Доктор Елена Вилсон, профессор Айжана Абубаева.
6. Т. Чичибу (Жапония), Л. Ду Тоит (Оңтүстік Африкалық Республикасы), А. Тулепбаева (Қазақстан Республикасы). Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық= Руководство для учителей по реализации подхода Lesson Study= Handbook for teachers on Lesson Study/ағылшыншадан аударылған / Чичибу Т., Ду Тоит Л., Тулепбаева А.-Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013,-Астана: Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2013, - Astana: Center of Excellence АЕО «Nazarbayev Intellectual Schools», 2013.
7. Lesson Study, Алматы, 2022ж. «Жарқын» баспасы.

ЖУНУСОВ ДОСАН БОЛАТОВИЧ
Қызылорда қаласы, “Baiterek school”
жеке мектеп жанындағы облыстық
“ДАРЫНДЫ” балаларға арналған мектеп-интернаттың
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

МАҒЖАН «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ (*Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеяларына жаңаша көзқарас*)

Психологиялық-педагогикалық идеялар, көрнекті ғалымдардың еңбектері, ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының көптеген ақылды қайраткерлері қазіргі педагогикалық және психологиялық ғылымның дамуына үлкен әсер еткені сөзсіз.

Соның ішінде Мағжан Жұмабаевтың терең ғылыми-педагогикалық зерттеулері ерекше назар аударуға тұрарлық. Оған соңғы жылдары көрнекті ақын ретінде ғана емес, ұстаз ретінде де ерекше көңіл бөлінді. Ұлы отандасымыздың педагогикалық қызметі заманауи білім беру жүйесінде сұранысқа ие бола бастады.

Орынбор курстарында оқылған дәрістерге сүйене отырып, М.Жұмабаев 1922 жылы қазақ тілінде педагогика бойынша алғашқы теориялық еңбегі - «Педагогика» кітабын жазды.

Әлемдік және халықтық педагогиканың озық тәжірибесін жинақтай отырып, қазақ педагогикасының дамуына негіз салды. Бұл ретте ол қазақ халқының рухани-адамгершілік дәстүрінің маңыздылығына тоқталды.

Мен өз мақаламда қазақтың педагог жазушысы, ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі жеті педагогикалық идеясын мысалға ала отырып, қазіргі заманауи педагогтардың идеяларымен салыстырдым және жаңа көзқарас тұрғысынан талдауға талпыныс жасадым.

1. Ұлттық тәрбие беру туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. [1, 6 бет]

Жапондардың бала тәрбиесінде: Жапондар бала тәрбиесінде ұлттық тағылымды бірінші орынға қояды. Жапонияда жапон тілі жетінші сыныпқа дейін үйретіліп, содан кейін ағылшын тілі оқытыла бастайды. Университет және басқа да ЖОО-да дәрістер 95 % жапон тілінде оқытылады. [2]

Жаңаша көзқарас: Жапония мемлекеті - бізден әлдеқайда ілгері дамып кеткен мемлекет. Олардың алға қарай жылжуында ұлттық тәлім-тәрбиенің үлкен ролі бар. Бізде бесіктен белі шықпаған балаға ағылшын мен орыс тілін оқытамыз, нәтижесінде ол бала үш тілді де қарық қылып меңгермейді. Көріп отырсыздар, Ұлттық тәрбиені алдыңғы қатарға қою мәселесін Мағжан атамыз

осыдан бір ғасыр бұрын айтып кеткен, бүгінде педагог жазушының пікіріне қайта оралып, жаңа көзқараспен қарауға тура келіп отырғаны жасырын емес.

2. Қалыптастырушы бағалау туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Балада жақсы оқысам, молдадан мақтау, сый аламын, жаман болсам, молдадан таяқ жеймін, ұрыс естимін деген ой да болмасын. Мұндай болса, баланың іскерлігі соған жұмсалып, мұғалімнің беріп отырған сабағын білейін деген шын ынтамен тыңдамайды. [1,66 бет]

П.Блэк және Д.Уильямс, «Қара жәшік» ішіндегі жұмыс. (1998): Оқушы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды икемдеуде бағалау кері байланыс ретінде қолданылса, бұндай бағалау қалыптастырушы бағалауға айналады [3,140 бет]

Жаңаша көзқарас: Қалыптастырушы бағалау – аты айтып тұрғандай, баға қойылмайды, бала төмен баға алып қаламын деп қорықпайды, оқуға деген ынтасы төмендеп кетпейді, кері байланыс беру арқылы оқушының жетістіктері мен олқылықтары айтылып, алдағы сабақтарда оны түзету жолдарына ұсыныс беріледі. Демек, қалай оқу керектігін үйрете отырып, бағалау әдісі тиімді екендігі бүгінгі күні дәлелденіп отыр.

3. Дамыта оқыту туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Балаға білім бергенде жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек. Мысалы, балаға дыбыстарды айыртқанда, балаға таныс сөздерді алып, дыбыстарға айырту керек. Жағрафия оқытқанда тұрған ауылдан бастау керек. [1,67 бет]

Дамыта оқыту технологиясы. Д.Б. Элконин – В.В. Давыдов: Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. [4,24 бет]

Жаңаша көзқарас: Өткен сабақты жаңа сабақпен байланыстырып беру, оқушының жаңа материалды игеруі мен түсінуі үшін мысалдар келтіруді қарапайым өмірден алып, күнделікті тұрмыс-тіршілікпен байланыстырып отырып түсіндіру, шынайы өмірмен салыстыру – дамыта оқытудың бірден-бір таптырмас тәсілі. Мысалы, Ыбырай Алтынсаринның «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесіндегі басты кейіпкерді бүгінгі күнгі меценат кәсіпкерлермен салыстыру, сол арқылы жас жеткіншектерді кәсіпкерлікке баулып, еңбек етуге, қайырымдылық жасау ісіне тәрбиелеуге болады.

4. Қызығушылықты ояту туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922):Болашақ әсерге даярлану болсын. Яғни бір нәрсені күтіп барып жолықтырсаң, сол нәрсеге іскерлік күшті болады. Сондықтан мұғалім балаларға жаңа бір нәрсені білдірмек болғанда балаларды күткізіп, даярландырып қойсын. Мысалы, сұрауды жалпы класқа берсін. Сонда бар класс құлағын түріп тұрады. [1,67 бет]

Эдвард Глэйзер (1941) Сын тұрғысынан ойлау: «Антиципация» әдісі - бұл әрі қарай талқыланатын нәрсені күту. Мәтіндегі бірінші сөйлемді оқимыз. Бірінші сөйлемді оқуға байланысты қандай ойлар мен сезімдер пайда болды. Өңгіме не туралы болмақ? [5]

Жаңаша көзқарас: «Қызығушылықты ояту» («Ой қозғау», «Ой шақыру», «Миға шабуыл») стратегиясы — сабақ барысында оқушының есте сақтау және жадыларының қабілетін сұрыптап, байқау үшін арналған стратегия.

«Болжау» немесе «Күту» стратегиясы – мысалы, 3-сыныптағы «Құмырсқаның қанағаты» ертегісінде «Ғұлама құмырсқаны сауытқа салып, қасына бидайдың бір дәнін қояды» деген сөйлемді оқимын да «Бір жыл өткен соң құмырсқаға не болады?» деп сыныпқа сұрақ тастаймын. Әрі қарай оқушылар өздері болжайды.

5. Сабақтағы «Сергіту сәті» туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Сабақ уақытында балалар іскер болмай бастаса, мұғалім дереу балаларды босатып, жүгіртіп, ойнатып, кластың ауасын жаңарту керек. Бір сабақтың ішінде де балаларды тұрғызып, отырғызып гимнастика жасатып, ән салдырып алуға болады. Мұндайда бала сергіп қалады. Ән мен гимнастиканы бір келтіруге де болады.[1,68 бет]

Психологиялық тренингтер (1940): «Біз бұл әдістерді психологиялық тренингтер деп атап, олар оқыту процесіне 1940 жылдары енді деп жүрміз. Тренинг ағылшын тілінен аударғанда «train» жаттығу, жаттықтыру деген мағына береді. Тренингтер – өзі-өзі реттеуге бағытталған психокоррекциялық әдістер жиынтығы. [6]

Жаңаша көзқарас: Қанекей, балалар, әрбір жаңа күн – таңнан басталады, ұйқымызды ашып, сабаққа сергек кірісу үшін «Көбелек жаттығуын» ойнаймыз, менімен ілесіп, қимылды сөзімен бірге айтып қайталаңыздар:

Таңертең көбелек оянды, тартылды,

Қанаттарын бұлғады, терең тыныс алды,

Азғана айналып, барлығына күліп,

Қайта гүліне оралды.

Яғни сергіту жаттығуларын таңертең сабаққа келген балалардың ұйқысын ашу үшін де жасатуға болады екен.

6. «Салыстыру» туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Мысалы, мен адам туралы ойлаймын. Сәрсембай, Бейсембай, Фахыредден, Иван туралы емес, жалпы адам туралы. Сонда мен Сәрсембайдың қара шашын, Фахыредденнің сопақ басын, Иванның сары сақалын, яғни солардың әрқайсысының дербес сындарын алып тастап, бәріне ортақ сындарды, мысалы, екі аяқты, екі қолды болуы, сөйлей, ойлай білуі сықылды ортақ сындарды аламын. Міне, осы көп заттардың ортақ сындарын алып жия білу, екінші түрлі айтқанда, зат туралы ой, ұғым деп аталады. [1,89 бет]

Бенджамин Блум «Блум таксономиясы» (1956): 1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. [7]

Жаңаша көзқарас: Блум таксономиясының «Түсіндіру» деңгейіндегі әрекет етістіктерінің бірі салыстыру. Біз көбінесе садыстыруды «Венн диаграммасы» әдісіне саламыз, яғни екі кейіпкерді салыстырып, айырмашылықтарын бір бөлек етіп алып, ортақ қасиеттерін бір бөлек жазамыз. Сол арқылы зат, ұғым туралы сыни ойлауды туындатамыз. Міне, байқағандарыңыздай, Блумның 1956 жылы ашқан жаңалығын, 1922 жылы Мағжан атамыз оқыту үдерісіне енгізіп қойған екен.

7. «Мектепте алған білімін өмірде қолдану» туралы

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922): Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласына адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. [1,145 бет]

Жаңартылған білім беру бағдарламасы (2015): Қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан да білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептер мен орта мектептерде де енгізіле бастауы көңілді қуантады. [8]

Жаңаша көзқарас: Оқыту жүйесіне келетін болсақ, бұл мектептегі басты мақсат – функционалдық сауаттылық, яғни, баланың мектеп табалдырығында алған білімі оның болашақ өмірінде қолдана алуына жарау керек. «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу қажет», - деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов атамыз айтқандай, мұғалім дайын білімді ұсынбайды, балаға тек бағыт-бағдар беріп отырады. Оқушы пікір таластыра отырып, коллаборативтік ортада ынтымақтаса отырып, тапсырманы орындайды. Бұл арқылы бала барлық жағдаятты өз жүрегімен сезіне отырып, топтық жауапкершілікті түсінеді. Міне, білім осылай беріледі.

Қорыта айтқанда, «Мағжан Жұмабаев - қазақ халқының алғашқы кәсіби педагогтарының бірі», - деп, сеніммен айтуға болады. Демек, біз қазіргі уақытта шетелдік педагог-ғалымдардың пікірлерін «айды ашқандай» тамсанып, жаңалық ретінде өз тәжірибемізге енгізіп жүрміз, ал бұл идеяларды бір ғасыр бұрын Мағжан атамыз аталмыш еңбегінде дәлелдеп, нақтылап айтып кеткенін енді біліп жатырмыз. Осы тұрғыда айтарым: «Біреудің қаңсығын өзімізге таңсық қылуды» қойып, өз халқымыздан шыққан Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек

сынды арыстарымыздың педагогикалық идеяларына жаңаша көзқарас танытатын уақыт жетті демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. «Педагогика» кітабы. 1922 жыл.
2. Рахымов Б. филология ғылымдарының докторы, профессор. Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ. Жұлдызды Жапония <https://ortalyq.kz/zh-ldyzdy-zhaponiya/>
3. Тренерлерге арналған таратпалар. «Педагогикалық шеберлік орталығы» Астана қ. <https://znanio.ru/media/fiz-razdatka-trenera-na-kaz-i-rus-2549864>
4. Дамыта оқытудың тиімділігі. <https://kitaphana.kz/refkaz/236-pedagogika/2920-damita-okitudin-timdiligi.html>
5. «Кездесу» ойыны - Жаттығулар «Сәлемдесу» <https://engime.org › jattifular-s..>
6. Оқу үдерісіндегі қалыптастырушы бағалау. <https://ulagat.com/2020/07/31/%D0%BE%D2%9B%D1%83->
7. Блум таксономиясы. <https://adister.weebly.com/1041108310911084-109010721082108910861085108610841080110310891099.html>
8. Сугирова Б.А., Саудабаева М.А. «Мазмұны жаңарған білім – заман талабы». <https://bilimainasy.kz/%>

ЖУСУПОВА МИРАМКУЛ МУРАТХАНОВНА

Астана қаласы

Шерхан Мұртаза атындағы

№63 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қазақ халқының тарихында оқу - ағарту ісінде еңбек етіп, халықтың санасын ашуды көздеген ұлы тұлғалары болды. Соның бірі де, бірегейі-Мағжан Жұмабаев. Өз заманының қайталанбас тұлғасы, этнопедагогиканың негізін салушы Мағжан өзінің қысқа ғұмырында артына өшпес із қалдырды.

Мағжан - жүректің қылын шерте білген сыршыл ақын. Еліміздің тарихында тұңғыш педагогика оқулығын жазған. Мағжан Жұмабаевтың «Бастауыш мектептегі ана тілі» еңбегі 1925 жылы жазылса, «Педагогика» оқулығы 1922 жылы жарық көрді. Мағжан ана тілінің мектептің дәл төрінен орын ала алмай жатқанын, мектебімізде ана тілі әлі дұрыс жүйеге құрылмағанын айта келіп, «Осы күнгі мектеп баласы ана тіліне өзінің тілі емес, мұғалімнің тілі» - деп қарайды деген пікір білдіреді. Ақынның «Педагогика» атты ғылыми еңбегі он төрт ірі бөлімнен құралса, әр бөлімінде педагогика ғылымы жан - жақты сараланған. Мағжан педагогикасының жалпы мақсаты: ақыл тәрбиесі, құлық тәрбиесі, сұлулық және дене тәрбиесі. Осыдан байқағанымыздай, Мағжан өзінің педагогикалық ұстанымында ақыл, сұлулық, дене тәрбиесіне және мінез - құлыққа ерекше ден қойған.

Ал, Мағжанның ағартушылық еңбегі төрт бағытта жүргізілді. Оның мақсаты: оқуға, жазуға үйрете отырып, баланың ұғымына сай жазба әдебиет түрлерімен танысып, оқушыларды дағдыландыру. Жалпы Мағжанның еңбектерін өлеңдерін қай тұрғыдан алып қарасақ та, педагогикамен тығыз байланысын байқаймыз.

Мағжан Жұмабаев өзінің қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан өлшеусіз нәр алған біртуар, әмбебап зиялы қайраткер болды. Сонымен қатар, тәлім - тәрбие ғылымының теориялық жағына төңкерістен кейін тұңғыш, терең үнілушілердің бірі болуы - Мағжан дарынының тағы бір қырын көрсетеді. Осы тұрғыдан Мағжан 1922 жылы "Педагогика" атты (Ташкент, Орынбор) ғылыми еңбек жазды.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» оқулығын жазғанда, елдің сауатын ашуды көздеген. XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ халқының көзі ашық азаматтары елдің санасын оятудың бір жолы - оқу, білім екенін білді. Бұл дәуірде Мағжан «Ақынның ақыны» ғана болып қойған жоқ. Ол ең алдымен ұстаз - ағартушы еді. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары өздерінің саналы ғұмырларын - қазақ халқын сауаттандыру ісіне арнады. Соның нәтижесінде, Аханның «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», «Әліппе» әдістемелік құралдары, Мағжанның «Бастауышта қазақ тілін

оқыту», «Сауатты бол», «Педагогика» оқу құралдары мен әдістемелері жарық көрді. Мағжанның «Педагогика» оқу құралы несімен ерекшеленеді?



Мағжан Жұмабаев «Педагогика» пәнін беске бөле отырып, олардың мағынасын айқындайды.

1. Жалпы педагогика дегеніміз адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді.
2. Дидактика дегеніміз оқытудың негізгі жолдары.
3. Методика - бір пәнді қалай оқытудың негізгі жолдары
4. Мектепті басқару - мектеп қалай салынатынын, қалай басқару керектігін көрсетеді.
5. Педагогика тарихы - бұл пәннің не нәрсені кеңес қылатындығы туралы.

Мағжан - бір ұлттың ақыны ғана болып қоймай, көркем әдебиетпен бірге ұлттық тіл, ұлттық тәрбие туралы да өрелі ойлар айта білді. Ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алатын ұлттық рух, салт-дәстүр, тілі екендігіне аса назар аударды.

Мағжанның қазақ педагогикасына қосқан үлесі:

1. Балаға сөзді бұзып сөйлемеу керек және балаға ұқпайтын жат сөзді үйретпеу керек.

Өкінішке орай, біздің қоғамда ана тіліміздің тұнығын жат сөздермен былғайтын жандар жеткілікті. Ұлы Абайдың өзі де:

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол ақынның білімсіз бейшарасы,- деп бекер айтпаған.

2.«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирену керек» деген қағиданы берік ұстанған.

Оған ақынның:

Сөзімді біреу алмас, біреу алар,

Құлағын біреу салмас, біреу салар.

Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,

Солардан аз да болса, белгі қалар,- дегені дәлел бола алады.

Мағжан еңбектеріндегі ұстаздық - тәлімгерлік идеялары біз үшін құнды дүние. Өз өлендерінде халықты өнер, білім алуға шақырады. Автордың туған халқының тәлім - тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық.

«Ұлт тәрбиесі - деп жазды ол, - баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті» деген. Ол - өмірдегі тәжірибелерінің нәтижелеріне сүйене отырып, ұлттық тәрбие ісінің ұлттық жолда болуын қалайды және әр ұлт өзінің ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті екендігін айтады.

Бұдан шығатын қорытынды: біз үнемі Мағжанның ақындығына тоқталамыз, оның осы күнге дейін зерттелмей келе жатқан «Педагогика» саласындағы еңбектеріне толық зерттеу жүргізбейміз. Қазіргі таңда Мағжанның педагогикалық идеяларын оқу құралы ретінде мектеп бағдарламасына кіргізсе, нұр үстіне нұр болар еді. «Оқушыны тұлғалық жағынан қалыптастыру үшін мұғалімнің кәсіби біліктілігін қалыптастырудағы рөлі маңызды» - деп Мағжан бізге дейін айтып өткен. Осы тұрғыда Мағжанның: «Тәрбиеші мен баланың арасы өте жақын болуға тиісті» деген сөзі еріксіз есіңе түседі. Қазіргі таңда мұғалім мен баланың арасындағы келіспеушілікті көргенде, қарныңның ашқанына емес, қадіріңнің қашқанына жылағың келеді.

Ұлттық тәрбие дегеніміз - дені сау, ұлттық сана - сезімі оянған, рухы биік тұлғаны тәрбиелеу болса, ұлттық педагогика - оқушы бойында елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу. Мағжан Жұмабаев қалдырған сара жолды жалғастыра отырып, қазақ педагогикасына өз үлесімді қосу менің де басты азаматтық ұстанымым деп білемін.

ЖУМАГУЛОВА ГУЛДАНА ЖАКИПОВНА
Астана қаласы М.Мақатаев атындағы
№74 мектеп- гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы- мұғалім.
Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты
алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын- мұғалімдердікі.
Мағжан Жұмабаев.

Мағжан Жұмабаевтың қазақ педагогикасына қосқан үлесі ерен. Соның ең бастысы, тұңғыш педагогикалық оқушылықтар жазып қалдырды. Алғашқы 1922 жылы жазған «Педагогика» атты еңбегі 15 бөлімнен тұрады. Ғалым ол оқулықты он төрт ірі бөлімге бөліп қарастырып, педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпаққа тәрбие – тәлім беруде көмектесетін көмекші құрал ретінде қалдырды. Оқулықта- ақыл, мінез- құлық, дене тәрбиесі, сұлулық әрқайсысы жеке дара бөліп қарастырылды. Қазіргі таңда бұл еңбек ата-аналарға, мұғалімдерге тапсырмас көмекшіге айналды. Педагогика- сөзі қазірге таңда мұғалім сөзімен, мағынасымен қатар қолданылса да, негізгі түп мағынасы «Тәрбиеші» баланы жетелеп жүріп тәрбиелейтін адам, дегенге сыятындай. Мағжан атамыздың бұл кітабы бала тәриесімен айналысып жүрген кез- келген адамға керекті құрал деп ойлаймын.

М.Жұмабаевтің «Педагогика» туралы ой пікірлер.

1922 жылғы алғаш жарық көрген «Педагогика» кітабының алғы сөзінде бұл кітап мұғалімдер семинарында оқулықтан дәрістерден жинақталған. Кітаптың 2-3 жыл бқлын жазылғанын, кештеу басылып шығуын сол кездегі көтерілістердің әсері болғанын айта отырып, кітаптың бір орыс ғалымының тура аудармасы деп айтуға келмейді. Бірнеше адамның еңбектерінен қазақ тіліне қолдануға келетіндерін жинақтап алғанын айтады. Кей орыс сөздерінің аудармаларын сол курсқа келген мұғалімдер арасынан аударуға көмектескенін алға тартады және кейбір басқа шет тілдерінде халықаралық деңгейде кеңінен қолданылған термин сөздерді аудармай сол күйі қолданған. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым. Біздің менталитетімізге сәйкес келетін жерлерін сүзгіден өткізе отырып жинақтаған.

Тәрбие – кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал адамзатқа келгенде «адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне өзі қожа болғанша тәрбиелеу» дегенді білдіреді. Яғни адам баласын өмір бойы тәрбиелеу керек деген емес, өз ісіне жауап бере алатын болғанша «тиісті азық беріп» дұрыс бағыт беріп үйрету.

Тәрбие төрт түрлі- дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі. Адамзатқа осы төртеуі түгел берілсе ғана толық болады. Дене тәриесі- ол материалдық тәрбиеге сәйкес келетіндей. Ақыл тәрбиесі- түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын адам болса. Сұлулық тәрбиесі- сиқырлы үн, әдемі

түрден ләзәт алып, жаны толқындалатындай болса. Жамандықтан жаны жиреніп, жақсылыққа жан құмар болса- құлық тәрбиесіне сай. Осылар түгел болса нағыз толық адам қылып шығарамыз. Бұлар толық болмаса- онда бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Сол қырын дұрыс дамытып жұмыс жасамаған.

Тәрбиедігі мақсат. Адамды және сол адамның ұлтын ал одан да арыға күші жететін болса онда барлық адамзатты бақытты қылу. Педагогика қандай пән? Жарайды, тәрбие беру керек, бірақ балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші, ата- ана, мұғалім тәрбие жолын ешкімнен үйренбей ақ, оқып білім

– Жоқ, бала тәрбиесі бұл өнер. Өнер болғанда да қиын өнер. Педагог «бала жетектеу» деген мағына береді.

Дене тәрбиесі- бала алған дүниеге келгенде дене тәрбиесіне аса мән берген дұрыс.

Қорытынды

Мағжан Жұмабевтің Педагогика кітабының қазіргі ұлт тәрбиесінде алар орны ерекше. Бұл кітапты жалпы бала тәрбиесімен айналысып отырған барлық адам, ата- ана, мұғалім, ата- әжелер оқыса. Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу де білім беру де жеңіл болар еді.

Бала тәрбиелеу оңай нарсе емес, оны өткен заманның тәрбиесімен салыстыруға мүлде келмейді. Қазіргі уақытта ата- ананың жұмыс бастылығынан, балаларды көп уақытын сапасыз өткізіп жатқандығынан білім ордаларында білім беріп, оқушыларға жаңа дүниелерді меңгерту оңай дүние болып тұрған жоқ. Осыдан он жыл бұрын бірінші орынға ақыл- ой шеберлігі (21 ғасыр тілімен айтқанда IQ) жоғары адамдар мықты болса, қазір өзінің эмоцияларын басқара алатын адамдар (EQ-і жоғары адамдар) бағалана бастады. Білім әрқашан сусындап отыратын нарсе, адам өмір бойына үздіксіз білім алып жетіліп отыруы керек. Сонда ғана өз ісінің шебері болары анық.

Мағжан Жұмабаев айтқандай дене тәрбиесін, ақыл тәрбиесін, сұлулық пен мініз- құлық тәрбиесін ұштастырып қатар алып жүргенде ғана толыққанды өмірге бейім тұлға тәрбиелей аламыз.

КАЙЫРБАЕВА АЙГЕРИМ СУИНДИКОВНА
Астана қаласы
№31 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Өзектілігі:

Қазіргі әлемде, жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлер орын алған кезде, әсіресе әлемдік дағдарысқа байланысты, ұлттық бірегейлік пен азаматтық тәрбиені қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Өз ұлты мен қоғамына саналы және жауапкершілікпен қызмет ете алатын тұлғаны қалыптастыруға арналған Мағжан педагогикасы өзекті бола түсуде.

Мақсаты: Мағжан Жұмабаевтың педагогикасы арқылы ұлттың болашағын, бірегейлікті қалыптастыру үшін ақпараттық технологиялар арқылы жаңғырту.

Міндеттері:

- Мағжанның педагогикалық әдістері мен технологияларын білім беру үдерісіне енгізу.
- Ұлттық бірегейлік пен мәдениетті дамытуға ықпал ететін оқыту ортасын құру.
- Білім алушылардың тұлғалық дамуына қолдау көрсету және жәрдемдесу.
- Білім беру қоғамдастығында Мағжанның педагогикалық идеяларын насихаттау және жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

Мағжан оқудағы күш принципін дамытуға елеулі үлес қосты, мұнда ол оқушылардың білімінің мақсатын түсінудің болуын, қиындықтарды жеңуге және сабақтағы белсенділіктің ең жоғары нәтижесіне ықпал етуді атап өтеді. Оқушылардың қызығушылығын тудырса, материалды олар жүйелі түрде қайталап, содан кейін білім, білік, дағдыны бақылау жүзеге асырылып, нәтижеге қол жеткізуге болады. Табиғи қабілеттілік принципі бойынша ол көптеген қиын жағдайларды бағындыруға ықпал ететін, өз кезегінде оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық белсенділігін ынталандыратын оқуға деген құштарлықты ерекше атап көрсеткен.

Табиғатқа сәйкестік принципі әлеуметтік педагогиканың негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Мұғалім баланың дамуындағы табиғи факторға көңіл бөлуі керек. Бұл жерде мұғалімнің оқушыға әсер ететін ортаның аспектілерін ескеруі маңызды.

Мағжан баланың эмоционалды есте сақтау қабілетін, қиялын, білімге деген құштарлығын дамыту үшін мұғалім сабақта көрнекі құралдарды қолдану қажет деп есептеген. Ол зерттеп жатқан заттардың түрі мен бейнесін көрсету арқылы баланың жады мен санасына көмектесетіні анық. Бүгінгі таңда көрнекі құралдарды пайдалану жолдары өте көп әрі қолжетімді. Қолданыстағы ғаламтор желісінің өзі ұстаздар үшін үлкен көмекші екені айтпаса да түсінікті.

Мағжан әңгімелерін қызықты сюжетке сай құрастырып, кейіпкерлердің ішкі күйін, іс-әрекетін бейнелі түрде суреттеп, балаларды батырларға баурап, жанашырлық танытуға баулыған. Тарихи оқиғалардың өзін ертегіге айналдыруға болатынын көрсеткен. Бұл әңгімелер балалардың есінде өмір бойы сақталады. Бұл нәтижеге мұғалім тілінің мәнерлілігі, адамгершілік әсер ету күші, жазу қабілеті, педагогикалық шеберлігі, балаларға деген сүйіспеншілігі арқасында қол жеткізіледі.

Мағжанның іс-тәжірибесіндегі әдіс-тәсілдердің бірі – оқушылардың белсенділігін арттыруға ықпал еткен қиын жағдай. Ол оқушылар жаңа нәрсе жасайтын жағдайларды ойлап тапты, нәтижесінде пассивті оқушылар өз бетінше жұмыс істей алатын дәрежеге жетеді. Бұл әдістің басты құндылығы – оқушылар салыстырады, бақылайды, қорытынды жасайды, сұраққа әрқашан дайын жауап бола бермейтініне көз жеткізеді, әркім әртүрлі жауап бере алады, өз көзқарасын білдіруге құқылы екенін түсінеді. Бұл ретте мұғалім әр баланың пікірін байқауы керек, өзі үшін жауапты таңдап алмауы керек. Қиындық жағдайы балалардың осы мәселелерді шешуге үйренуіне және қиындықтардан қорқуды тоқтатуына әкеледі.

Сонымен қатар, білім берудің маңызды принциптерінің бірі оқушылардың әрқайсысымен жеке тіл табысуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл тәсілді жүзеге асыру әрбір баланың мінезі, оның қызығушылықтары, қабілеттері туралы түсінік береді,

мұнда баланың отбасы мен жақын ортасы маңызды рөл атқарады. Мағжан шәкірттерінің әрқайсысының ерекшеліктерін жақсы білген, оқушының әрбір жеке қасиетін саралай білген. Қазақ мұғалімінде педагогикалық бақылау сияқты дарын болған. Ол балалардың қателіктерін тыңдай білген, олардың қателіктерінің психологиялық-педагогикалық себептерін анықтап, әр баланың психологиясындағы өзіндік ерекшеліктерін аша білген.

Мағжан Жұмабаев ана тілін сүйген, өз халқының ғана емес, өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтеген. Кез келген өз Отанының патриоты сияқты ол да ана тілінің адамзат тарихында лайықты орын алатын күнді армандады. Мағжан Жұмабаев – бүгінгі тәуелсіздікке жету жолымызды көрген көреген адам. Халқының тағдырына алаңдаған ұлы гуманист еді. Бүгінгі таңда мұғалім жаңартылған білім беру мазмұны жүйесінде бағдар бола отырып, білім беруді жаңғыртудың басты тұлғасы.

Қазіргі білім беру жүйесінде шығармашылық ойлауы жоғары, озық, инновациялық технологияларды меңгерген, эксперименттік-тәжірибелік іс-әрекеттермен айналысатын мұғалім басты рөлге ие. Бүгінгі таңда мұғалімнің кәсіби шеберлігі ғана емес, оның білім алуға, біліктілігін арттыруға деген ұмтылысы да бағаланады. Әрине, қазіргі мектептердің жағдайы өзгеше, бірақ осы нақты жағдайда Мағжан Жұмабаевтың идеяларын шығармашылықпен пайдалану қажет. Мағжан Жұмабаевтың идеологиялық қалыптасудың күрделі де қиын жолын бастан өткергенін, қазіргі білім беруде қолданып жүрген отандық білім берудегі тың көзқарастар мен идеяларды қайта қарауда орасан зор рөл атқарған жаңашыл ұстаз екенін айта кеткен жөн.

Педагог Мағжанның еңбектеріне бет бұрып, оның педагогикалық қызметінің негізгі бағыттарын зерделеу бүгінгі мұғалім үшін маңызды. Жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән бере отырып, Мағжан қазіргі қоғамның озық дамуында адамгершілігі мол ұстаз рөліне бірінші кезектегі міндет жүктейді. Бұл идея қоғам мен мемлекеттің бірінші кезектегі міндеттерінің бірі.

М.Жұмабаев оқушыларға әртүрлі эмоционалдық әсер етудің тұтас әдістемесін жасап, оны мектеп оқушыларының тарихқа деген қызығушылығын ояту, ой белсенділігін арттыру үшін кеңінен пайдаланды. Оқыту әдістерін қолдануда икемділіктің қажеттілігі жөнінде Мағжан дұрыс айтқан. Кез келген әдіс оның мәнін түсінбей, жанды жанын сезбей, формалды түрде қолданылса, бұрмалануы мүмкін деп мәлімдеді. Бұл орайда Мағжан Жұмабаевтың тұжырымдары ағылшын педагогі А.Нильдің тұжырымдарымен толық сәйкес келеді. Ол балаға қысым көрсетудің қажеті жоқ, сонда ол өз мүмкіндіктерін дамытады деп сенді. Оның негізгі қағидасы: бала бақытынан маңызды ештеңе жоқ, жеке бас бостандығынсыз бақытты болу мүмкін емес. Мақсаты: баланың басын біліммен толтырмай, ойлауға үйрету. Нәтиже: еркін, өзіне сенімді, ойлайтын адам қалыптасады.

Рухани-адамгершілік тәрбие міндеттерін жүзеге асыра отырып, қазіргі заман мұғалімі М.Жұмабаевтың педагогикалық идеяларын үлгі етіп, балаларға ақынның өмір жолын, шығармаларын зерделеуді ұсынуы керек, өйткені сол ойлар мен идеялардың барлығында терең ой бар. Оның еңбектерінен М.Жұмабаевтың ақын,

публицист, теоретик, ұстаз ғана емес, жоғары адамгершілік тазалық пен күш-қуаттың орасан зор жүгін арқалаған, рухты, өзінің болашақ ұрпағы үшін жақсы өмірді армандаған жоғары деңгейдегі педагог, халық ағартушысы екенін аңғаруға болады.

М.Жұмабаевтың түсінігінде тәрбие әсіресе жас ұрпақ үшін маңызды, ол төрт құрамдас бөлікке негізделген: дене тәрбиесі, психикалық денсаулық, сұлулық пен тәртіпті түсіну. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» адам болмысына негізделген. «Педагогика» авторы қызықты және егжей-тегжейлі түрде баланың өсу кезеңдерін сипаттайды, қабылданбайтын және зиянды дәстүрлерді көрсетеді, гигиеналық нормаларды, күн тәртібінің маңыздылығын насихаттайды және баланың дамуында кезеңдерге сәйкес келмейтін күтуден сақтандырады. «Педагогикада» балалардың қауіпсіздігіне, сыртқы әлемге зиян келтіруден және шектен тыс қамқорлықтан қорғауға көп көңіл бөлінеді. М.Жұмабаев үшін рухани және тәндік саулық бір-бірімен тығыз байланысты. Тәнге күтім жасау бірте-бірте жанға қамқорлыққа айналады, ал дене сау болса, сана мен ой таза, эмоция күшті болады, ал егер дене шаршаса, ол ауырады, ойлар шаршайды. Жеке тұлғаны, оның дүниетанымын қалыптастыру – ұстаз іс-әрекетінің трамплині. Ұстаз М.Жұмабаевтың пікірінше, өзін-өзі бақылау, іштей қарау, қазір «рефлексия» деп аталып жүргені салауатты өмір салтын қалыптастырудың алғашқы қадамы.

Басқа адамды түсіну адамның өз эмоцияларын, әсерлерін, ойларын түсіну арқылы ғана мүмкін болады. Мұғалім оқушылардың іс-әрекеті мен ойының сипатын түсініп, бағалай алатындай физиолог болуы керек. Бала үшін белсенділіктің өзгеруі айтарлықтай маңызды, ақыл-ой әрекеті мен белсенді ойындардың үйлесуі білім берудің шарттарының бірі болып табылады. Көрнекі қабылдау қажеттілігі, дыбыстың әсері, дауыс ырғағы тәрбиеге ықпал етеді. Қиял – тұлғаның толық ашылуының ірге тасы. 7 жастан 15 жасқа дейін оқудың ең өнімді жасы – ол есте сақтайтын, бірақ түсінбейтін, кейіннен білімін тереңдетіп, олардың мәнін түсінетін жас. Қазіргі физиологтар ерте білім беруді ұсынады, бірақ бұл адам физиологиясының өзгеруіне байланысты емес, қазіргі өмірдің ұтқырлығына байланысты. Бала үшін, оның тұлға ретінде қалыптасуы үшін дара ойындар да өте маңызды, өйткені оның сөздік қоры әлі еркін сөйлесуге мүмкіндік бермейді, бірақ ол таныс жағдаяттарды жаңғырта отырып, ойнау арқылы өзін дамытады.

Жаңашыл ұстаз М. Жұмабаев талай ескі көзқарастар мен дәстүрлерді қайта ойластыруда, білім берудегі жаңа бағыттарды игеруде үлкен рөл атқарды. Қазіргі білім беру жүйесінде ғылымды ізгілендіру жүріп жатыр. Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай келе, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық қызметі қазіргі білім беру бағдарламасында, яғни жаңартылған білім беру мазмұны жүйесінде өзекті болып табылады. М.Жұмабаевтың озық педагогикалық ой-пікірлері қазақ ақыны әрі педагогы, заманымыздың ағартушы-педагогы әлемдік деңгейдегі – В.Г. Белинский, К.Д. Ушинский мен Л.Н. Толстой, Д.Дьюи, А.Ниль сынды ұстаздар қатарынан лайықты орын алуы тиіс деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Әдеби шығармашылықтың ғылыми-педагогикалық, оқу-әдістемелік қызметімен ұштасуы Мағжан Жұмабаев талантының жан-жақтылығын, танымының энциклопедиялық сипатын ашады.

Тілдің қоғамдағы орнын терең түсініп, оны зерттеуді басты міндеттердің бірі деп есептеген Мағжан қазақ тілін оқытудың әдістемесін жасауға тікелей атсалысты.

Өмір тәжірибесі бойынша дана, сөздік қоры мол, практикалық жағдаяттарды қолдана алатын ересек адам өмірдің барлық қызықтарын аша алады. Сондықтан да М.Жұмабаев ұстаз тұлғасына, оның қасиеттеріне үлкен мән берген. Қазіргі психологтар оқушылар үшін мұғалімнің білімі емес, білімді басқа көздерден де алуға болады, бірақ оның күнделікті қарым-қатынас процесінде айналасындағы балалар бойына сіңіретін сенімдері маңыздырақ деп санайды. Оқушылардың қасында ұстаздың үнемі болуында тәрбиешінің бойында тәрбиеленетін адамгершілік қасиеттердің негізі жатыр. Ұстаз көтерген гуманизм – адамгершіліктің ең маңызды міндеттерінің бірі, басқалар үшін өмір сүре білу – білім мен тәрбиенің маңызды жақтарының бірі. Ұстаздың басты мақсаты, М.Жұмабаевтың пікірінше, бұл адамның жанында басқалар өзін жайлы сезінуі үшін бұл дүниеде қалай өмір сүру керектігін үйрету. Оқыту арқылы іргелі білімді әр түрлі өмірлік жағдайларға төзімділікке, нәпақа табуға, ұлттық болмысын, ерекшелігін бағалай білуге үйрету керек. Ұстаз М.Жұмабаевтың тілге деген қастерлі көзқарасы, тіл мен әдебиет пәнін ұштастыру, тіл үйретудің принциптерін, формаларын, әдістерін, кезеңдерін айқындау М.Жұмабаевтың «Педагогикасындағы» негізгі ойлардың бірі. Мұғалімге қойылатын талаптарда мұғалім тілді жетік меңгеру, жақсы сөйлеу қажеттігін атап өткен. Тіл – адамның аудармашысы, баланы дұрыс тілге үйрету, бұрмаламау, баламен қарым-қатынас жасауда табиғилық маңызды, физиологиялық жетілумен бірге оның тілі де байытылады. «Педагогиканың» авторы ұлттық тілде баламасы жоқ кірме сөздердің қолданылуын да қарастырып, М.Жұмабаевтың болжамы түпнұсқадағы аударманың орынсыз екенін ескертті.

Мұғалімнің іс-әрекетінің нәзіктігі оның кәсіби және күнделікті мінез-құлқындағы этикалық норма болып табылады. Тәрбиеші баланы сөгуге, тәртіпке салуға өте сақ болуы керек. Мақтау, мадақтау – бала психикасына әсер ету тұтқалары, жанашырлық, достық – тәрбиеші өсіретін сезімдер. Достықта өзімізді жоққа шығарылады. «Сұлулық сезімі адамдарға дұрыс, сау ләззат іздеуге, сұлуды сүйуге... жамандықтан тыюға көмектеседі» - деп баланың айналасында айтылған сөздер әдепті, әдемі болуы керек екенін көрсетеді. Баланың ішкі дүниесі бай болуы үшін әдемі өнерді терең білуі керек, айналасындағы көптеген үндерді, музыкалық әуендерді, бояуларды естуі керек. Жақсы ой, ізгі іс жағымды сезім тудырады, «Жақсылыққа ұмтылу, жамандықтан ада болу – адам шығармашылығының мәні». Эмоция жетілген сайын онымен бірге білім де өседі. М.Жұмабаев көтерген адамгершілік қасиеттер діни постулаттарға да қайшы келмейді. Өзі терең діндар тұлға болғандықтан ұстаз діни нормаларды адам

болмысының, кемелдікке ұмтылуының көрінісі деп есептеді. М.Жұмабаевтың көзқарастары біздің шындыққа сәйкес келеді, олар білім беру жүйесі реформаланып жатқан және осы алуан әлемде этникалық бірегейлікті сақтау маңызды болып тұрған бүгінгі күні аса өзекті.

КУЗБАЕВА РАХИЛА КУРАЛБАЕВНА
Астана қаласы, №13 орта мектептің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Мағжанның «Педагогикасы» және ұлт тәрбиесі.

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы- мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын- мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар.

Мағжан Жұмабаев

Ол өзінің қысқа ғұмырында поэзия биігіне самғап, оның асқар асуынан нәр алған тұлға. Ең бастысы, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Оның 1922 жылы «Педагогика» атты оқулығы- педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлесі. Бұл ғылыми еңбегі он бес бөлімнен тұрады. Ғалым оқулықты он төрт ірі бөлімге құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырды. Бұл оқулықтың басты мақсаты- ақыл, мінез-құлық, сұлулық, дене тәрбиесін жеке-жеке бөліп қарастырды. Қазіргі таңда «Педагогика» ата-аналарға, мұғалімдерге, студенттер мен оқушылар үшін аса бағалы еңбекке айналды. Ағартушы еңбегін төрт бағытта жүргізді.

Ағартушы еңбегін төрт бағытта жүргізді. Атап айтсақ, оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдылау, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрімен таныстыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төр тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам Болғандығы..... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» - деп Мағжан Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берді. Шынында оның өзіндік сыры бар. Өйткені өмір есігін енді ғана ашқан бала алдымен оқымайды. Оны тәрбиелейді. Сондықтан да «баланы жастан» деп қазақ тегін айтпаса керек. Оқу құралының бірінші бөлімі педагогиканың жалпы мәселесіне арналған. Оның пікірінше, тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Әрине, тәрбиенің бұдан басқа да түрі жетерлік. Алайда автор адам өміріне қажеттісін ғана айтқан. Бұл оқулық Мағжан Жұмабаевтың көзі тірісінде

екі рет жарық көрді. Алғаш рет 1922 жылы Орынборда, екіншісі 1923 жылы Ташкентте қайта басылды. Ал біздің қолымызға кітаптың ұзақ жылдардан соң үшінші рет 1992 жылы Алматы қаласында «Ана тілі» баспасынан жарық көрген соңғы нұсқасы тиді. Оқулықтың 1922 жылы 15 қыркүйекте алғаш басылуында автор алғысөз жазған.

-Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсында оқылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге дейін басылып шығып, жарық көре алмады. Айып менікі емес. Бүлінген замандікі. Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды. Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан көшіре бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым. Бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай қазақша сөз табу көп күшке теді. Қалайда, курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппадым. Мен педагогика майданында бәйге алып жүрген жүйрік емеспін. Кітаптың құрылысында, тілінде, түрлі ат қоюда, хатта кітаптың жалпы негізінде көп кемшіліктер болуы мүмкін. Мұғалімдер тексеріп оқып, хата жерлерін көрсетсе, сансыз рақмет айтар едім, - дейді М.Жұмабаев.

Ағартушы екінші бөлімде жалпы педагогика ғылымын талдайды. Педагогиканың қандай пән екенін сипаттай келе, онымен етене таныс болу керектігін айтады. Бір сөзбен айтқанда автор педагогиканың өзін тәрбие пәні деп пайымдайды. Оған дәлел пәннің аты дейді. Жалпы педагогика пәнін – дидактика, методика, мектепті басқару, педагогика тарихы деп беске бөледі. Автор бұл оқулықта әлемдік педагогиканы арқау етеді. Атап айтсақ, бала тәрбиесінде ұлттық педагогиканың алатын орны ерекше екенін бірнеше мысал келтіре отырып дәлелдейді. Ұлттық тәрбиенің құндылығын көрсете отырып, оның кем – кетіктері мен жаман жағынан аулақ болуды айтады. Ол «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі». «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды, жамандық жағы да көп», - деп жазады. Осыған орай ол педагогтер, тәрбиешілер халықтық педагогиканы қолдана отырып, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болу керек дейді. Расында, егеменді елдің басты ұстанымы – өз педагогикасы, ұлттық тәрбиесі, сондай-ақ ұрпағы тәрбиелі, білімді болуы керек.

Сондықтан бүгінгі жас буынды келешегіміз үшін елін, жерін, халқын, мәдениетін, тарихын сүйетін ұлтжанды ұрпақ ретінде тәрбиелеуіміз қажет. Бұл еңбегінде Мағжанның жан-жақты екенін аңғаруға болады. Бір сөзбен айтқанда, ол адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін терең түсінетін психолог. Оны бір ғана мысалмен дәлелдеуге болады. «Педагогика» оқулығында «Бөлеу һәм бесік» бөлімінде автор былай дейді.

– Қазақтың қатыны баланы бесікке екі жерден тас қылып байлап тастайды. Бұл балаға зиян. Бұлай ету баланың қан жүруіне, жүрек соғысына зиян. Баланы ұйықтарда, жылағанда шешесі долданып тарс-тұрс тербетеді.

Қарғап, сілейді. Бір кезде бала ұйықтайды. Бұл сау ұйқы емес. Шайқап, шайқап баланың басын айналдыру, баланы есінен тандыру. Тербетіп ұйықтату – талдырып ұйықтату деген сөз. Бала ұйықтап жатқан жоқ. Балаңда қасың болмаса, тербетпе. Қазақ әйелі! Бесік баланың орны. Естен тандырып, талдыратын орын емес,- дейді Мағжан Жұмабаев. Сондай-ақ адам өмірі үшін ұйқының, қозғалыстың, серуеннің мәнінің зор екенін арап айтады. Оқулықтағы жазбасына қарап, авторды дінді, оның тарихын жақсы білгенін, жақсы-жаман жақтарымен етене таныс болғанын білуге болады. Оған осы бөлімдегі «Жан» туралы пайымдауы дәлел болады. Ол «Жанды ешкім көрмесе де, жанның барлығына дау жоқ», дейді. Әсіресе баланың жанын жақсы тәрбие қылу үшін, жанды көзбен көріп, қолмен ұстамай-ақ оның ісін, көрінісін, жақсы тексеру жетеді. Психология пәні осы үшін қажет екенін баса жазады. Сонымен қатар жан тәрбиесін 11 бөлім бойынша талдап, 11-ші бөлімнің өзін тағы да шағын екі бөлімге бөледі. Ал соңғы бөлімін «Әсерленуді» «Жалпы сезім яки дене әсерленулері» деп оның өзін бес түрге бөліп, жеке-жеке сипаттайды. Сыртқы сезім әсерленулерін спаттағанда оны алты бөлікке бөледі. Адам анатомиясының заңына сүйене отырып, осы алты сезімді қарапайым, түсінікті сипаттайды. Жазушы өзінің педагогикасын «Абайға», яғни топшылау сезіміне де ерекше көңіл бөліп жазады.

Жалпы «Педагогика» кітабындағы үлкен бөлімнің бірі «Суреттеу» деп аталады. Оны алты түрге бөледі. «Суреттеуді бет алды бір-бірімен байлай беруге болмайды. Оның белгілі жолдары бар дей келіп», оның екі жолын көрсетеді. Олар – жақындық пен тұқымдастық ассоциациясы. Жақындықтың өзін – көршілестік, замандастық деп екіге бөледі.

Ал «Балаға берілетін кітап үлкен харіппен басылуы керек. Әсіресе жағрапия оқығанда балаға көршілестік ассоциациясы көп көмек көрсетеді. Картадан бала бір жерді атаса, соның жанындағы екінші жер алдына елестей қалады» деп жазады. Мағжан Жұмабаев сол кез үшін де, бүгін де құнын жоймаған оқытудың принциптеріне ерекше көңіл бөледі. Белгілі бір тақырыпты түсіндіргенде өткен тақырыппен байланысты салыстырмалы оқытудың берері мол екенін дәлелдейді. Мәселен, «Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Ал балаға жер ортасының ыстықтығын түсіндірмекші болсаң, солтүстіктің суығымен салыстыр» - дейді. Қазіргі кезде де қоршаған ортамен, өмірмен, әртүрлі оқиғалармен байланыстыра оқыту – басты орында. Дегенмен бүгінде мұғалімдер бұл заңдылықты дұрыс орындай бермейді. Себебі мұғалімдер ең бірінші кінәні балаға артады. «Бүгінгі балалар әлеуметтік желіге байланып, милары уланған. Сондықтан сабақ оқымайды» деп шағымданады. Алайда ұстаздың басты шеберлігі оқымайтын баланы оқытып, тыңдамайтын «тәртіпсіз» баланы тыңдата білу ғой. Оқушының өзіне еркіндік беріп, белгілі бір сұраққа жауапты оның өзіне ойландырып, не нәрсеге де көзін жеткізу, міне, оқытудың бүгінгі үлкен тәсілі осы болуға тиісті. Бәріміз де оқушы болдық. Пәнді оқытуда жаңалық болмаса, оқушы үшін қызықсыз болады. Оған оқулықтағы білім аз. Оған қосымша өзі білмейтінін білуге қызығатын білім керек. Әйтпесе ақпараттар ғасырында баланы қызықтыру қиын.

Педагог-ғалымының оқулықта ерекше сипаттаған бөлімі қиял туралы. Қиялдың адамның ақыл-ойының, өмірдің алға басуы үшін маңызы зор екені белгілі. Автор қиялдың пайда болу жолдарына, оның бала өміріне қажеттілігіне, бала фантазиясын тәрбиелеу, оқушы өміріндегі ертегілердің, ойынның, ойыншықтың маңызын жеке-жеке ашып жазады. «Баланың қиялын, фантазиясын тәрбие қылу жолдары» деген бөлімінде ұлттық тәрбиеге, ұлттық педагогикаға аса құрметпен қарайды. Мұнда қазақ баласының қиялына қанат бітіретін ұлттық тәрбие екенін пайымдайды.

-Қазақ қиялы тәрбие көрген жоқ, әлі таза, әлі бала, әлі жылдар, күндер өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, тереңдеп, адамзат дүниесінің көгінде бір жарық жұлдыз болар деген иманымыз кәміл,-дейді М.Жұмабаев. Бүгінде жазушының бұл жазбасы толық орындалмаған сияқты. Жасыратыны несі бар, біздің әлі күнге ой-қиялымыз төмен. Себебі біз қанша жыл басқаның ойымен ойландық, соның тілімен сөйледік.

«Педагогикада» баланың өмірі үшін ертегінің маңызы зор екендігі айтылады. «Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен сенеді. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтқанмен бірдей. Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін сезінсе, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», - дейді жазушы. Баланың озат болуы үшін оның тәрбиесі толық, ойлау қабілеті жетік болғаны маңызды. Мағжан Жұмабаев оқулықта ойдың пайда болуын зерттеп, түрлі мысалдармен келтіреді. Ойды үш түрлі жолмен қарастырады. Арап айтсақ, дедукция, индукция, аналогия. Міне, осы үш түрлі жолды әрі қарай дамыта отырып, баланың саналы азамат болуы үшін осы ұғымның қажеттілігін дәлелдейді.

«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс...» - деп педагог Мағжан Жұмабаев қалың жұртты ұлттық тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді. Оның тәрбиеге көңіл бөлуі қазақ халқын надандықтан ада ету еді. Сол үшін де алғашқы педагогика саласындағы қазақтың оқулығы осы Мағжанның «Педагогика» кітабы болды.

Қорыта айтқанда ғалым қазақ халқының ұлттық болмысы мен сана-сезімге жақын этнопедагогика, психология ұстанымын негізге ала отырып жазған. Бұрынғы заманда ұлттық тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбиеде нені ескеру керек. Бұл сауалдарға «Педагогика» кітабы жөн көрсетеді. Мағжан Жұмабаевтың бұл кеңестері қазіргі тәрбие беруде де өз маңызын жойған жоқ. Себебі Мағжан ақын айтқан дене, жан, ақыл, сұлулық пен қайрат, мінез-құлық тәрбиесіне көңіл бөлсек, нағыз адамды тәрбиелейтініміз анық.

КУШЕРБАЕВА РАУШАН КАЛКЕНОВНА
Астана қаласы М.Мақатаев атындағы
№74 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ: ОЙШЫЛ ОҚУШЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

XXI ғасырдағы оқыту мұғалімнен нені талап етеді? Бұл сұрақтың жауабын білу үшін мұғалім қазіргі ұрпақтың оқуында қандай кедергілер бар екенін іздеуі керек. Қазіргі ұрпақ біздің бақылауымызша сандық құрылғыларға тәуелді, көркем әдебиет оқуда шектелген, ойлау мен сөйлеу, тілдік дағдылары орта дамыған балалар деуге болады. Бұл қазіргі оқытудағы үлкен мәселе!

Сонымен қатар, қазіргі оқытудағы оқушылардың төрт дағдысын, яғни оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалымды дамыту керек болса, оның барлығы ойлау әрекетінен туындайды. Қазіргі оқытуда мұғалім ең бірінші ойлауды үйрету керек, барлық әдістемелік нұсқаулықтар мен мемлекеттік стандарттық құжаттарда талап етілетін өзекті дағдылар – ойлау, сыни ойлау, креативті ойлау, логикалық ойлау сияқты дағдылар. Оған дәлел ретінде келесі халықаралық және ұлттық деңгейдегі зерттеу құжаттарына сүйене аламыз. Соңғы жылдарымыз еліміз халықаралық PISA зерттеулеріне қатысып, 65 дамыған елдер арасынан сыни сауаттылық жағынан соңғы орындарды алып келеміз. PISA зерттеуі оқушылардың академиялық білім сапасын емес, логикалық ойлау, сыни ойлауды және шешім қабылдау дағдыларын зерттейтіні белгілі.

2016 жылғы ДЭФ ұсынған 16 дағды білім саласында соңғы жылдары ең өзекті дағдылар болып қабылданды, оның ішінде креативті ойлау, сыни ойлау, шешім қабылдау сияқты маңызды дағдылар.

Ойлау – бұрынғы қоғамда да, қазіргі қоғамда азаматтарға қиын кезде оңтайлы шешім қабылдауға керек ең өзекті дағды.

Осыны білген ұлы педагог Мағжан Жұмабаев баланың ойлау әрекетінің қалай қалыптасатынын ұстаз қауымына тәптіштеп жеткізе кеткен. Ойлау ұғымына не кіреді? Ойлауға - ес (зейін), қабылдау, қиялдау, пайымдау және ұғымдау түсініктері енеді. Мағжан педагогикасының мазмұнымен ойлаудың түрлерін бүгінгі практикамен байланыстырып айта кетейін, Мағжан Жұмабаев былай дейді: Ес түрлері көру есі, есту есі, қозғалу есі түрлеріне бөлінеді. Сіздер қалай ойлайсыздар, бастауыш сынып балалары осы естің қайсысы әрекетте болғанда ұзақмерзімді ес қабілеті жұмыс істейді? Әрине, қозғалу есі немесе ес түрлері кешенді қамтылған тапсырма берілгенде бала белсенді және қызығушылықпен жұмыс жасайды.

Енді автор сөз жалғасында былай дейді: Есті өркендету жолдары бар. Біріншіден, оқыту барысында берілетін тапсырмалардың әсері күшті болу керек. Ол не деген сөз? Әсер дегеніміз баланың сезіміне әсер ету, яғни оқуға

деген қызығушылығын ояту. Қазіргі ұрпақ тек өздерінің эмоцияларына сүйене отырып оқығанды қалайды, егер оқу ұнамаса олар оқудан бас тартады.

Екіншіден, есті дамыту үшін сыртқы сезімдерді қатыстыру керек дейді. Бұны қалай түсінеміз? Бір заттың құрылысын немесе құрамын түсіндіргенде, оның теориясын ғана емес, оны қолмен ұстатып, иісін иіскетіп, дәмі болса таттырып, санасына тұтас ұғым ретінде қалыптастыру керектігін айтады.

Үшіншіден, автор жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстырып беру керек деген нұсқау береді. Мысалы: Математикадан Үшбұрыш ұғымын өтетін болсақ, үйлеріңде қандай үшбұрыш заттар бар, суретін салып немесе тізімін жазып келіңдер деген тапсырма берілуі мүмкін.

Төртіншіден, автор пысықтау әрекеті туралы айтады. Білім пысықталуы керек, ол қазіргі оқытудағы рефлексиямен байланыстыруға болады. Мысалы: Сен бүгін не үйрендің? Не түсініксіз болды? Әрине, пысықтау сұрақтарына мүмкіндігінше жазбаша жауап алған дұрыс болады.

Келесі қатарда, ойлау ұғымына автор қиялдау әрекетін жатқызады. Қиялдаусыз ойлау жоқ. Қиялдау дегеніміз, автордың ойынша баланың жадында бұрыннан бар суреттемелерден жаңа суреттеулер жасай алуы. Яғни, бұл жерде біз қандай қорытындыға келе аламыз? Жаңа өнімді туындату үшін – оқушылар жеке қиялдап, одан соң ортаға салып, оқушыларды топпен ойласып шешеді.

Автор, қиялды екіге бөліп қарастырады: еріксіз қиял және ерікті қиял. Еріксіз қиял дегеніміз, еркімізден тыс келетін суреттеулер, мысалы ұйықтап жатқанда түс көру сияқты. Мұны оқыту тәжірибесімен байланыстыратын болсақ, музыканы қосып қойып, балаларға тыңдатып, ойыңа не келеді, көзіңе не елестейді деп сұрақ қойып жауап ала аламыз. Бұл әдіс те тақырып бойынша ойлауға үйретеді.

Ал, ерікті қиял дегеніміз- қазіргі терминмен фантазия деуге болады. Біздің практикамызда «Бауырсақ» ертегісін алып, ондағы Бауырсақ кейіпкерді зорайтып, басқа жануарларды кішірейтіп ертегінің мазмұнын өзгерте аламыз. Мысалы: Егер де Бауырсақ өзі үлкен алып болса, оны түлкі жеп қояр ма еді, бұл ертегі қалай өзгерер еді деп ойлайсыңдар дегендей. Бұл қиялмен жұмыс негізі ТРИЗ технологиясында өте жақсы іске асырылады. (Теория развития изобретательскиз задач, Өнертапқыштық -құрастырушылық технология теориясы, авт. Г.С.Альтшуллер.)

Автор баланың ойлау процесінің дамуын ертегі оқып талдау мен ойын барысында белсенді бақылауға болады деген пікірде. Бала түс көргенде өнім деп біледі. (М.Ж., 181 бет) Ол ертегіні өмірде болып жатқан шынайы құбылыстай көреді. Баланың ішкі жан тұрмысын өркендету үшін ертегі қымбат нәрсе деп түйеді М.Жұмабаев, осыдан барып бала қиялдан ойшылдыққа өтеді. Осы жерде автор бала үшін ең қымбат даму әрекеті деп ойынды айтады. Ойын кезінде баланың бар ішкі қиялы сыртқа шығады деп бекітеді. Мысалы, дейді автор қазақтың баласының ойыны біреу ат болып қашса, екіншісі құрық салады, үшіншісі балшықтан төрт түлік малды жасап, шырпыларды тізіп-тізіп көш жасайды. (М.Ж.,182 б.) Осының бәрін бақылайтын ұстаз, баланың оқу, ойлау

кедергілерін бақылап зерттей алады. Бақылай отырып, балаға былай ойна, былай жаса деп нұсқау бермей еркіндік беру керек дейді.

Келесі сөзінде М.Жұмабаев, ойлау ұғымы туралы сөз етеді. **Ойлау -ұғым, хукім, ой түзу арқылы қалыптасады деп тұжырымдайды автор.**

Ұғым қалай жасалады? Бір-біріне ұқсас заттарды суреттеу үшін біз екі затты салыстыру арқылы ерекшелігі мен ұқсастығын, яғни айырмашылықтарын сипаттап барып суреттейміз. Қазіргі күнделікті оқытуда оқушыға сұрақ қойсақ та, нұсқау берсек те, тапсырма құрсақ та Блум таксономиясына сүйенеміз. Міне, сол Блум тұжырымдамасы ойлау баспалдақтарының алты деңгейін көрсетеді: Білу, түсіну, қолдану, анализ, синтез, бағалау. Заттардың байланысын, қызметін түсіну үшін бала ішкі ойымен оқыған мәтіннен, сөйлемнен жаңа ұғым құруы осы Блум таксономиясы бойынша білу, түсіну деңгейін қамтиды. Бұл жерде мұғалім мынадай сұрақтар қоюы мүмкін:

Сен 1 бөлімді оқығанда не таңқалдырды? , Неге екі кейіпкер араздасты? Бала мұнда жауап бере келе дау-дамай неден туындады деп өздігінен оның сипатын ұғады. Сонымен, жоғарыда айтылған тұжырымдарды автор: қиял суреттеулерден жасалса, ойлау ұғымдардан жасалады деп қорытындылайды.

Келесі сөзінде автор, суреттеу балаға не үшін керек деген сауалды келтіреді. Ұғым құруға қарағанда суреттеу жалқы келеді, автор ойынша. Ол кез келген бір заттың белгілі бір орында, белгілі бір уақытта, көлемде, өзіне тән түр-түсімен, барлық сындарымен тірілтіп сипаттау дейді. Ол үшін балаға мұғалім келесідей сұрақ қоюы мүмкін: Баланың қолына кез келген затты беріп, бұл заттың түрі түсі, көлемі, салмағы, ішкі- сыртқы сипаты қандай? Бұл затты не үшін пайдалануға болады? Блум таксономиясы бойынша бала ойлаудың үшінді деңгейі қолданыс деңгейінде жұмыс істейді. Баланы ойға шомдыру үшін мұғалімнің сұрағы ойшыл, өзекті болуы қажет.

Ойлау ұғымына кіретін тағы да бір түсінік, Мағжанша айтқанда ол - хукім, хукім шығару (рассуждение). Мысалы: ұғым шығарғанда біз бір жалқы затты суреттейміз, ал хукім дегеніміз сол затты басқа да түсініктермен байланыстырып, байламға келу. Бастауыш сынып тәжірибесінде мына сиыр десек, оның мал екені ұғым болып қалыптасады, ал егер бұл сиыр сүт беретіні, ет беретіні, терісі киім болатынын сөз етсек оның барлығын қалай келеді деген сауалға тірелеміз? Ол үшін адамдар сиырды қалай бағады? т.с.с. сұрақтармен бекіту келесі хукімге алып келеді: демек сиыр малы пайдалы, сиыр фермаларында қандай мамандық иелері жұмыс істейді деген бірінің ішінен бірі шығатын ұғымдардың қосылысы бала үшін жаңа хукім жасауға алып келеді.

Автор хукімнің өте көп түрлеріне тұжырымдама беріп, өз теориясында түсіндіріп өтеді. Соның бірнешеуіне тоқталсақ, олар: а) мүмкін хукім; ә) шын хукім; б) міндетті хукім.

Мүмкін хукім – болған, болмағаны белгісіз не оқиға, не жағдаят сықылды құбылыс. Күнделікті тәжірибеде біз оқу мақсатынан туындайтын сұрақтар мен тапсырмаларды дайындаймыз бала үшін, мысалы: тақтаға шатастырылған оқиға суретін іліп, қалай ойлайсындар бұл суретте қандай оқиға болып жатыр, болжап жазындар дейміз немесе әңгімені ең қызық жерінен

тоқтатып, әрі қарай не болуы мүмкін? – деп, болжау жасаңдар дей аламыз. Оқушылар өздігінен ойланып, жеке жазады. Осыдан мынадай қорытынды шығарамыз, ойлау әрқашан жеке. Екі адамның ойы бірдей болуы мүмкін емес, ал әртүрлі ойлар білімді толықтырады. Бұл баланы ойшыл етеді, өйткені ойлаудың бұл түрі Блум таксономиясыен алғанда төртінші деңгей, яғни анализ жасауды білдіреді.

Шын хүкім дегеніміз -тексерілген, зерттелген хүкім. Мысалы, А.Байтұрсынов қазақ тілін көп зерделеп, салыстырып қайта жазып отырған. Ойлаудың бұл түрі де бала үшін маңызды, ізденуді, құрастыруды талап етеді. Зерттеуді үйретудің өзі мұғалімнен қай бағытта, қалай зерттеу жүргізуге болатынын білу үшін балалармен бірігіп сұрақтар түзіп, дайындалуды білдіреді. Мысалы: Балалар «Аула экологиясы» тақырыбын зерттейтін болса, онда ауланы бақылау- сендердің аулада қандай тазалық ережелері бұзылады? Табиғатты қорғау құжаттарды қарау, оқу керек болса – тазалықты бұзғаны үшін қандай жаза түрлері бар? -деген сияқты сұрақтар көмектеседі.

Міндетті хүкім дегеніміз, ол – біздің айтқан ойларымызды дәлелдермен бекіту болып табылады. Ой шығару кезінде біз іштей сүйенетін дәлел, факт іздеп жатамыз, бірақ балалар беталды сөйлемей керек, ол өз ойын қомақты дәлелдермен жеткізе білуге үйретілуі тиіс. Бұл тұжырым бізді көркем әдебиет, пблицистика, ғылыми әдебиеттерді көбірек оқуға, әр түрлі авторлар мен әйгілі зерттеуші ғалымдардың биографиясымен танысуға алып келеді. Күнделікті оқыту тәжірибесінде, мысалы: қазіргі кезде өз қаламызда ауаның ластануына қандай негізгі үш себеп бар? деген сұраққа бала, қалада қандай өндіріс орындары бар, қалада автомобиль жолдары қаншалықты көбейген, адамдардың экологиялық мәдениеті қандай деген сұрақтарға ізденіс жасап, газет журнал, жаңалықтарға сілтеме жасап дәлел келтіруге үйренуі тиіс. Қазіргі оқытуда бұл «Дебат» қозғалысының тұжырымыдамасында өте жақсы келтірілген. Блум таксономиясы бойынша бұл ойлаудың бесінші, алтыншы деңгейі – синтез бен бағалау сияқты жоғары дәрежеде ойлауды қамтиды.

Қорытынды:

XXI ғасырдағы заманауи оқытуда Мағжан педагогикасы өз өзектілігін жоғалтқан жоқ, жоғалтпайды да. Ойшыл оқушыны тәрбиелеудегі Мағжанның ойлау әрекеті туралы тұжырымдамалары, біздерге мұғалімдерге күнделікті оқытуда, жоспарлау мен бағалауда, тапсырмалар құрастыруда бірден бір тірек теориялар болып табылады.

Баланың ойшыл оқушы болып қалыптасуы мұғалімнің ойлы сұрақ қоюына тәуелді екені, жоғарыда бірнеше рет айтылды. Дегенмен де, сұрақты мұғалім ғана емес, балалар да бір біріне сұрақтар қояды. Дәл осы сыни сұрақтарына да қарап, баланың ойының өскенін бақылауға болады.

Сонымен қатар, баланың ойшылдығы оның еркін, шығармашылық жазбаларынан да байқауға болады, тек жазу кезінде балалар ретгі алгоритмен ойлана алады, жазып жатқанда ойлау процесі жүріп жатады.

Бүгінгі оқыту үшін маңызды кәсіби құндылық ретінде Мағжан Жұмабаев бала үшін ойынның маңыздылығын айта келе, мұғалім өз оқытуында баланың

үйрену әрекетін, ойын кезіндегі белсенділігін, ойнай отырып, ойлауға үйрету керектігін бақылауды, зерттеуді әрбір педагог қолға алу керектігі туралы айтады. Бұл мұғалім үшін бала туралы білімді ұлғайту болып табылады, мұғалім өз пәнін ғана емес, баланы, оның оқу мүмкіндіктері мен кедергілерін де жақсы білу керек деп түсінеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. М. Жұмабаев, «Педагогика», жаңа басылым Алматы қ., «Marfu Press» баспасы 2022ж., 184 бет.
2. М. Жұмабаев, Таңдамалы, Алматы қ., «Ғылым» баспасы 1992ж., С.Дәрімбетов құрастырушы 1992ж.
3. Дэниел С., Тина П.Брейсон «Ақылды бала», Мазмұндама баспасы,2021ж.
4. Давос-2016: революция будущего и вызовы настоящего
5. https://kaz.inform.kz/news/pisa-ga-deyin-biz-kazakstannyn-bilim-zhuyesin-mykty-dep-esep-tep-keldik-eldos-nurlanov_a2933757/

ҚЫЛЫШБАЕВА КҮЛЗИПА АУЕСОВНА
Астана қаласы №5 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, «Б. Алтынсарин» және
«Үздік педагог» медалінің иегері.

М.Жұмабаев «Педагогикасы» – ұлттық тәлім-тәрбиенің рухани уызы

Қазіргі уақытта әлемдегі барлық елдер жаһандану жағдайында өмір сүруге ыңғайланып, жаңа кезеңге қарыштай қадам басып келеді. Жаһандану үрдісінде әр ұлт өзіндік мәдениеті мен әдет-ғұрпын сақтап қалу үшін өз төл мұраларымен ұрпақ тәрбиелеуге талпыныс жасайтыны айтпаса да түсінікті. Олай болса, М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі – әлемдік жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтар мен болмысымыздың ғұмырын сақтайтын, ұлттық тәлім-тәрбиенің рухани уызы.

Ұлттық педагогика ғылымының іргетасы болып саналатын, бұл еңбекті күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану арқылы ғана, халқымызға тән тәлім-тәрбиенің қайнарынан қанып ішуге мүмкіндік аламыз. Сонда ғана өзгермелі уақыттың сынынан сүрінбей өтіп, өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін жетік білетін, адамзаттық мәдениеті жоғары, адами қасиеті мол, білімді де білікті тұлға тәрбиелейміз.

Көрнекті педагог М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі бала тәрбиесіне арналған әдістер – әрбір жеке тұлғаның ойлау мәдениетін, білімін кеңейтіп, ақыл мен парасаттылығы жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті келешек ұрпақ алдындағы парызымен ұштастыра білетін ұлт жанды саналы азамат тәрбиелеудің сара жолы. Себебі, тәрбиенің озық үлгісін көрсетіп кеткен педагогикалық еңбегі тұнып тұрған ұлттық құндылыққа толы дүниелер. Бұған дәлел «...Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесін баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті...», - деген М.Жұмабаевтың тәрбиелік тағылымы қазіргі біздің қоғамдағы әрбір жеке тұлғаның тәрбиесі үшін өте қажет. [1, 99.]

Мағжан Жұмабаев өзінің педагогикалық еңбегінде қазақтың ежелгі салт-сана, тәлім-тәрбие дәстүрлері туралы көптеген пікір-қорытындылар келтіреді. Олардың оң-теріс, озық-тозық қырларын сарапқа салып, күні өткен кертартпа жақтарынан аулақ болып, жемісті тұстарын, дамыта, жетілдіре түсуді қуаттайды. «...Балаға тәрбияны өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала – жас бір шыбық, жас күнінде қай түрде иіп тастасақ, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың, «Баланы бастан» деген сөздің мағынасы осы. Тәрбия деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса – басқа, тұрса – аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса –

өзін, асса – барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді меселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару... » [1, 98.]

Бұл айтылған ойдың өзектілігі – бала тәрбиесі жас күнінен, яғни бесіктен басталуы басты назарда болу керектігі, тәлім-тәрбие беру жолдары оның тарихи-табиғи болмысы мен негізгі ерекшеліктерінің нақтылануында. Ұлттың мінез-құлқын, оның моральдық-психологиялық ерекшеліктерін бейнелейтін жайттарға үлкен мән беретін, жас ұрпаққа алаш азаматтарының ұлттық құндылыққа толы осындай мұралары мен тәлім-тәрбие беру арқылы ғана біз өзіміздің тарихи бітім-болмысымызды, өзге жұртқа ұқсамайтын ерекшелігімізді, ой-санамызды, ойлау машығымыз бен дүниетанымымызды қорғай алғанда ғана жаһандану үдерісіне бейімделе аламыз.

Ғасырлар бойы халық тұрмысымен біте қайнасып ұлттық дәстүрді бойына сіңірген мақал-мәтелдер, халық өлеңдері, ертегілер, аңыз-әңгімелер, айтыстар өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті, жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға негіз болатыны да М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде жан-жақты талдау жасалған.

«... Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін, жас балаға ертегі – тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан, тәнімен тыңдайды, ертегіге шын көңілімен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең – ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа дегеннен құрғақ сөзің желге айтылғанмен бірдей. Егер балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айтпау керектігін сонда ұғады.»,-деген сөзі көркем туындыларды оқу арқылы адам бойында ізгі қасиеттер дамидынын, алдымен өзімізді тану, сол арқылы өзгені танып, салыстыру нәтижесінде ұлттық адами құндылықтарымызды сақтай білуге кеңінен тоқталған.[1, 58.] Бұл жерде (ертегілер, мақал-мәтелдер, халық өлеңдері, аңыз-әңгімелер т.б.) бала танымы, ұғымы мен қиял-фантазиясының ұштасуы арқылы қорытынды шешім әрекеті басты назарда болып отыр.

Таным дегеніміз - бір нәрсені білмеуден білуге , шала білуден толық білуге қарай ұмтылудағы адамның ой-өрісінің қалыптасуы. Мысалы, осы қағидаға сүйене отырып жеке тұлғаның танымның толық түріне өткенге дейін әр түрлі жағдаятқа көзқарасының қалыптасуы, пайда болуы үшін ұғымды меңгерудің танымдық деңгейіне жету үшін М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі «...оқушының қиял-фантазиясын, ойлау ұғымын, әсерлену, суреттеу, еске түсіру арқылы таным пайда болады...»,- деп айтқан ойын басшылыққа алсақ, осы толық білуге ұмтылу арқылы оқушы өз алдына қойған мақсатын анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі. [1, 55.] Толық білу арқылы бала дарыны ашылады. Мысалы, жас балаға алма ұсынасыз. Ол алманың домалақтығына, қызылдығына ғана қызығып, қолын созады. Бұл жерде тек қана балада қызығушылық пайда болады. Ал енді балаға алманы

жегізіп, дәмін таттырамыз. Алманы жеу арқылы бала оның дәмін білді. Алманың дәмі баланың алғашқы танымы. Таным арқылы ол оны толық білді, түсінді және ұғым-түсінігі пайда болды. Алғашқы кезде оқушыны шығармашылыққа баулу кезінде дәл осындай жағдаят туындайды. М.Жұмабаев: «...Қиялды өркендетудің екінші жолы – баланы қиялды аса керек қылатын ғылымдармен таныс қылу: әдебиет, тарих...», - деп талдау жасай келе, орыс мұғалімдерінің және қазақ оқығандарының қазақ балалары әдебиет, тарих сықылды ғылымдарға зерек болмайды, математика пәніне зерек болады деген ойға қарсылығын білдіріп қана қоймай, дәлелді мысалдар келтіреді. [1, 57.]

Осы ойды қолдай, қуаттай отырып, қазақ әдебиеті сабағында М.Жұмабаевтың «Өнер-білім қайтсе табылар» деген өлеңін талдау барысында, оқушылар ақынның айтқан ұтымды ойларын қызыға тыңдайды. Таңырқайды. Бірақ өздері соған жету жолын қалай жүзеге асырмақ?! Ол үшін мұғалім оқушыны қандай шығармашылық ізденіске бағыттау керек?

Көрнекті ағартушы Мағжан Жұмабаев: «Фантазиясыз адам өмірі өңсіз, түссіз бір нәрсеге айналмақ. Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды гүлді, көрікті қыла алатын, бізді арыға аяқ басқызып, тәңірмен тілдестіретін – сол фантазия» деген.[1, 56.] Олай болса, баланың шығармашылық ізденіс арқылы дарынын қалыптастыруда мұғалім өзінің фантазиясын баланың қиял-фантазиясымен ұштастыру қажет. Сабағымда М.Жұмабаевтың осы ойын негізге ала отырып, оқушыларымды тұжырымды ой айтуға баулимын.

М.Жұмабаев «Өнер-білім қайтсе табылар» деген өлеңінде:

«...Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,

Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,

Естіген сөз, көргенді бос тастамай,

Құлақ тігіп, көз салып, жиып-терсе...», - деп әрбір тәрбиелі істен үлгі-өнеге алуға шақырады. [2, 13.]

Ал бүгінгі күні сіздер өз алдарыңызға қандай әрекеттерден үлгі алып, көрген-білгендеріңізді көкіректеріңізге тоқитын едіңіздер?

Осындай дарындылық өз бойларыңда болуды армандайсыңдар ма?

Біздің Абай, Махамбет, Мағжандардың заманы қандай болды?

Бұл ұлы тұлғаларды би еткен, ақын еткен қандай жағдай, қандай орта?

Осы сұрақтардың негізінде әрбір жеке тұлға әр уақыттың өз ортасын, өз келбетін көз алдына қиялдау, ойлау ұғымын, әсерлену, суреттеу, еске түсіру арқылы елестетеді.

Соның нәтижесінде М.Жұмабаевтың «Өнер-білім қайтсе табылар» өлеңін оқып, талдау арқылы ақынға жауап ретінде оқушымың «Өнер-білім сонда ғана табылар» деген мына жұмысы дәлел бола алады.

(Мағжан атамызға жауап)

Өнер, білім табылар:

Ұстазды тыңдап, үлгі алсақ,

Білімге ынта зер салсақ,

Жырларды оқып көз салсақ,

Қағазға толқып ой жазсақ,
Ойыннан алыс бой түзеп,
Темірдей тәртіп ұстансақ,
Күнде сабақ оқысақ,
Көкейге білім тоқысақ,
Қалың кітап жастансақ,
Өнер жолын бетке алсақ,

Өнер-білім сонда ғана табылар! немесе ақын-педагог

М.Жұмабаевтың: «Мен кім?» деген өлеңінде:

«...Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар..?»-дейді. [3, 68.]

Ақын өлеңіне үн қосқан оқушым өз ойына ақынша жырлап, былай жауап береді:

Мен кім?

(Мағжанша жырлаймыз)

Оқушымын, төзіміме кім шыдар?

Оқи білген «төзім» деген сынды ұғар.

Көкке қарай қанаттанам, талпынам.

Оқи білген көкке Күн боп бір шығар.

Көкте Күн боп жарқырайық, жанайық.

Отқа толып, білім шыңын алайық.

Ұшқыр оймен Жер мен Көкті жол етіп,

Ұлттық болмыс тәрбиеге жол салып,

Жанып тұрып, жатқа туды бермейік.

Жалындайық, жанып тұрып өрлейік.

Ғылым қажет даласына қазақтың,

Елім үшін білім-тәрбие нәрін себейік,

Қырағы көз қыраны да болайық!- деген жеке тұлғаның осындай төл

шығармасының дүниеге келуі мұғалімнен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін дұрыс пайдаланып, оқушы ойлана алатын мәнді сұрақтар қоя білуінде жатыр.

Бұл орайда, оқыту ісіндегі мұғалімнің кәсіби дайындығы туралы тағы да М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде оқу-тәрбие ісінің басты субъектісі – мұғалімге кеңінен тоқталған. Бұл пікірлердің бүгінгі таңда маңызы өте зор.

Мұны «... тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсау керек. Ұста тәрбиеші баланың ойын жетектемесе, бала ұғымды, хукімді теріс жасауға,

хата ой шығаруға үйреніп кетеді.

... баланы, заттарды, көріністерді тап-тапқа бөлгізіп үйреткенде, жеңілден ауырға көшуді естен шығармауға керек.

... Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен басқыштап білдіруде...», - деген пікірлері осы еңбегінің тереңде жатқан өзегі мен өнегесін, тағылымын дәлелдей түседі. [1, 70.] Олай болса, өз заманында бәрінен биік тұрған әдіскер-педагог М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегін санамызға зерделеп, қажетімізге жаратсақ, ақыл мен парасаттылығы

жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті келешек ұрпақ алдындағы парызбен ұштастыра білетін ұлт жанды саналы азамат тәрбиелей алатынымыз даусыз. Осы тұрғыдан келгенде, «...Баланың атаға тартуы рас болса, сыйқырлы даланың баласы – қазақ баласы әдебиет, тарих сықылды керек қылатын ғылымдарға ұмтылуы тиісті...», - деген М.Жұмабаевтың тәлім-тәрбиелік ойлары, баға жетпейтін құнды туындылары, оларды оқып-үйрену, игілікке жарату әрбір мұғалімнің берік қағидалы ұстанымы болу керек.[1, 57.] Демек, қазіргі жаһандану дәуірінде білімнің жаһандық, тәрбиенің ұлттық болғаны дұрыс. Ұлттық тәрбие – адам парасатының адастырмас қазығы. Ол үшін ұлттық педагогикамыздың рухани уызынан тәлім алуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Педагогика. (баланы тәрбия қылу жолдары). – Алматы : «Рауан» 1992. – 112 бет.
2. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2003. – 208 бет.
3. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 бет.

Мағжанның «Педагогикасы» және ұлт тәрбиесі

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар.

Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық қызметі қазіргі білім беру жүйесінде үлкен сұранысқа ие болып отыр. М. Жұмабаев қазіргі қоғамның озық дамуында адамгершілікті ұстаздың рөліне бірінші кезектегі орынды жүктейді. Ол оқу-тәрбие процесінде мұғалімнің рөліне үлкен мән берді. М. Жұмабаев мұғалімге қойылатын негізгі талаптар: кәсіби шеберлік, балаға деген сүйіспеншілік, тілді тамаша меңгеру және жақсы сөйлеу, баланың жеке басына құрметпен қарау деп санаған.

Ол өзінің қамшының сабындай қысқа ғұмырында нағыз поэзия биігіне самғап, оның асқар асуынан өлшеусіз нәр алған біртуар тұлға. Ең бастысы, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Оның 1922 жылы «Педагогика» атты оқулығы – педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлкен үлесі. Бұл ғылыми еңбегі он бес бөлімнен тұрады. Ғалым оқулықты он төрт ірі бөлімге құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырды. Бұл оқулықтың басты мақсаты – ақыл, мінез-құлық, сұлулық, дене тәрбиесін жеке-жеке бөліп қарастырды. Қазіргі кезде «Педагогика» ата-аналарға, мұғалімдерге, студенттер мен оқушылар үшін аса бағалы еңбекке айналды.

Ағартушы еңбегін төрт бағытта жүргізді. Атап айтсақ, оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдылау, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрімен таныстыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы...» – деп Мағжан Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берді.

Бұл оқулық Мағжан Жұмабаевтың көзі тірісінде екі рет жарық көрді. Алғаш рет 1922 жылы Орынборда, екіншісі 1923 жылы Ташкентте қайта басылды. Ал біздің қолымызға кітаптың ұзақ жылдардан соң үшінші рет 1992 жылы Алматы қаласында «Ана тілі» баспасынан жарық көрген

соңғы нұсқасы тиді. Ғалым қазақ халқының ұлттық болмысы мен сана-сезімге жақын этнопедагогика, психология ұстанымын негізге ала отырып жазған. Бұрынғы заманда ұлттық тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбиеде нені ескеру керектігі «Педагогика» кітабында айтылған.

Автор бұл оқулықта әлемдік педагогиканы арқау етеді. Атап айтсақ, бала тәрбиесінде ұлттық педагогиканың алатын орны ерекше екенін бірнеше мысал келтіре отырып дәлелдейді. Ұлттық тәрбиенің құндылығын көрсете отырып, оның кем-кетіктері мен жаман жағынан аулақ болуды айтады.

Ұлттық тәрбие халықтың өмірін, рухын және тілдерінен тұратын ішкі заңдарын, оның ұлттық мінезін, болмысы көрсетпек. Сондықтан, ұлтты оятудың негізгі тетіктерін анықтап, біліп алған дұрыс. Ол тетіктерге біріншіден - мемлекеттік нышандарды дамыту, тілі, діні, ділі, тарихы, салт-дәстүр арқылы отаншылдық рухын оятуымыз керек [1]. Ұлттың мәңгілік болуы халқын, жерін, елін сүйетін азаматтарды қалыптастырып, тәрбиелеуде болмақ. Сол себепті жаңа ғасырды жақсы қарқынмен бастап келе жатқан егеменді еліміздің болашағы үшін саналы да, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық сипатын жандандырып, дамытуға бар күш-жігерімді салып жүрмін, себебі жастарға ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты тәрбие беру - осы өркениетке жету жолындағы мұратымыздың кепілі.

Тілімізді, төл мәдениетіміз бен дәстүрімізді құрметтеп, сақтап қана қоймай жас ұрпаққа, бүкіл әлемге насихаттау - мұғалім ретінде жүктелетін жауапкершілік деп білемін. Мысалы, сананы рухани жаңғыртуға жаңаша бастау алатын «Туған жер», «Мәдени географиялық белдеу» жобалары әрбір азаматтың, жастардың туған жерінің гүлденуі үшін нақты үлес қосуына міндеттейді [4]. Елін, жерін сүйетін батыр ұлдарымыз бен инабатты қыздарымызды бүкіл әлемге қазақ халқының тұлғасын дәріптейтіндей етіп тәрбиелеуге Мағжан бабамыздың шығармалары арқылы өз үлесімді қосып жүрмін. Келешек ұрпақтың қамын бүгін ойлау – аға ұрпақтың борышы. Ұлттық тәрбие беру ата-бабамыздың біздің алдымыздағы парызы болса, келер ұрпаққа соны жеткізу біздің қарызымыз.

Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Тәрбие тамыры тереңде - халық қазынасында да, оның қадір қасиеті мен бітім-болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не?

Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол – тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені. Құндылықтар шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады.

Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, осының нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Мағжан өзінің «Педагогика» оқулығында баланың мәдениетті өсіп, жетілуіне ерекше көңіл бөлген. Мәселен, ол былай дейді: «Халықтың, мемлекеттің тағдыры өз мектебіне байланысты, оның құрылысына сай келуі керек» – дейді педагог-ақын. Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін» – деп патриот-ұстаз ақын тегін айтпаса керек [3]. Оның нақты үлгісін Мағжанның өз өмірінен көруге болады

Ол «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі». «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды, жамандық жағы да көп», – деп жазады.

Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, мұғалім баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. М.Жұмабаевтың педагогика саласындағы жазған еңбектерінде оқытудың әр түрлі тәсілдері айтылып қана қоймай, сабақ берудің әдістері терең талданып жазылған және ол еңбекті оқи отыра өзіне талай құнды дүниелерді алуға болады. Әсіресе онда, бала тәрбиесі мен оқыту үрдісінде мұғалімнің рөлі ерекше екендігі көрсетіледі.

Егеменді елдің басты ұстанымы – өз педагогикасы, ұлттық тәрбиесі, сондай-ақ ұрпағы тәрбиелі, білімді болуы керек. Сондықтан бүгінгі жас буынды келешегіміз үшін елін, жерін, халқын, мәдениетін, тарихын сүйетін ұлтжанды ұрпақ ретінде тәрбиелеуіміз қажет.

Бұл еңбегінде Мағжанның жан-жақты екенін аңғаруға болады. Бір сөзбен айтқанда, ол адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін терең түсінетін психолог. Оны бір ғана мысалмен дәлелдеуге болады. «Педагогика» оқулығында «Бөлеу һәм бесік» бөлімінде автор былай дейді.

Қазақ қатыны баланы бесікке екі жерден тас қылып байлап тастайды. Бұл балаға зиян. Бұлай ету баланың қан жүруіне, жүрек соғысына зиян. Баланы ұйықтатарда, жылағанда шешесі долданып тарс-тұрс тербетеді. Қарғап, сілейді. Бір кезде бала ұйықтайды. Бұл сау ұйқы емес. Шайқап, шайқап баланың басын айналдыру, баланы есінен тандыру. Тербетіп ұйықтату – талдырып ұйықтату деген сөз. Бала ұйықтап жатқан жоқ. Балаңда қасыңда болмаса, тербетпе. Қазақ әйелі! Бесік баланың орны. Естен тандырып, талдыратын орын емес, – дейді Мағжан Жұмабаев.

Соның бірі – бесік жыры. Б.Момышұлы айтпақшы: «анасының бесік жырын естімеген, әжесінің ертегісін тыңдамай өскен бала – рухани мүгедек», – екеніне де дәлел келтірген. Қазіргі таңда бала тәрбиесін де білімін де мектепке артып қойған ата ана қаншама. Ал сол баланы бесікте жатқаннан тәрбиелеп, бойына құндылық нәрін құю керектігін М. Жұмабаев тайға таңба басқандай айтып өткен.

Мәселен, «Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Ал балаға жер ортасының ыстықтығын түсіндірмекші болсаң, солтүстіктің суығымен салыстыр» – дейді. Қазіргі кезде де қоршаған

ортамен, өмірмен, әртүрлі оқиғалармен байланыстыра оқыту – басты орында. Дегенмен бүгінде мұғалімдер бұл заңдылықты дұрыс орындай бермейді. Себебі мұғалімдер ең бірінші кінәні балаға артады. «Бүгінгі балалар әлеуметтік желіге байланып, милары уланған. Сондықтан сабақ оқымайды» деп шағымданады. Алайда ұстаздың басты шеберлігі оқымайтын баланы оқытып, тыңдамайтын «тәртіпсіз» баланы тыңдата білу ғой. Оқушының өзіне еркіндік беріп, белгілі бір сұраққа жауапты оның өзіне ойландырып, не нәрсеге де көзін жеткізу, міне, оқытудың бүгінгі үлкен тәсілі осы болуға тиісті.

Мағжан Жұмабаевтың адам жанын түсінетін мықты психолог екенін осы еңбегінен аңғаруға болады. Мұнда «ішкі сезім мен көңіл көріністерін» тереңінен зерттеп жазады. Оның ішінде баланың көңіл-күйіне егжей-тегжейлі тоқтап, оның ішкі сезімінің дұрыс дамуы үшін үлкен тәрбиенің керек екенін айтады. Мәселен, ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Сондықтан баланың қасындағы адамдар дұрыс мінезді болу қажет. Педагог-ғалымның оқулықта ерекше сипаттаған бөлімі қиял туралы. Қиялдың адамның ақыл-ойының, өмірдің алға басуы үшін маңызы зор екені белгілі. Автор қиялдың пайда болу жолдарына, оның бала өміріне қажеттілігіне, бала фантазиясын тәрбиелеу, оқушы өміріндегі ертегілердің, ойынның, ойыншықтың маңызын жеке-жеке ашып жазады. «Баланың қиялын, фантазиясын тәрбие қылу жолдары» деген бөлімінде ұлттық тәрбиеге, ұлттық педагогикаға аса құрметпен қарайды. Мұнда қазақ баласының қиялына қанат бітіретін ұлттық тәрбие екенін пайымдайды.

– Қазақ қиялы тәрбие көрген жоқ, әлі таза, әлі бала, әлі жылдар, күндер өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, тереңдеп, адамзат дүниесінің көгінде бір жарық жұлдыз болар деген иманымыз кәміл, – дейді М.Жұмабаев. «Педагогикада» баланың өмірі үшін ертегінің маңызы зор екендігі айтылады. «Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен сенеді. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандарып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтқанмен бірдей. Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін сезінсе, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», – дейді жазушы.

Баланың озат болуы үшін оның тәрбиесі толық, ойлау қабілеті жетік болғаны маңызды. Мағжан Жұмабаев оқулықта ойдың пайда болуын зерттеп, түрлі мысалдармен келтіреді.

– Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрылмақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті... қазақ тілінде қазақтың дархан даласы, біресе желсіз түнде тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр.

Сонымен қатар автор бала тіліне аса ұқыптылықпен қарауды тапсырды. «Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжаңдап, сақау болып

сөйлейтіндері бар. Бұл – зор қате. Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп, – дейді педагог-ғалым.

– Баланы қорқыту, оны жазалау дұрыс емес. Бір нәрсені бала жазадан қорыққаннан ғана істейді, бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді, – деген жазушының пікірін өркениетті елдердің бала тәрбиесіндегі озық ойларымен сабақтас екенін көреміз. Расында, әлі күнге дейін ата-аналар, мұғалімдер балаға зекіп сөйлейді. Жасыратын несі бар, баланың намысына тиетін, өсіретін емес, өшіретін сөздер айтудан толықтай арылған жоқпыз. Бұл мәселені педагог-ғалым өз заманында көтергенімен, өкінішке орай күні бүгінге дейін орындалмай келе жатыр. «Бала нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жиренетін болсын. Балаға махаббат, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін», – дейді педагог.

«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс...» – деп педагог Мағжан Жұмабаев қалың жұртты ұлттық тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді. Оның тәрбиеге көңіл бөлуі қазақ халқын надандықтан ада ету еді. Мағжан Жұмабаевтың бұл кеңестері қазіргі тәрбие беруде де өз маңызын жойған жоқ. Себебі Мағжан ақын айтқан дене, жан, ақыл, сұлулық пен қайрат, мінез-құлық тәрбиесіне көңіл бөлсек, нағыз адамды тәрбиелейтініміз анық. Ендеше, «балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» деген Мағжанның сөзін есте ұстаған абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б.Бекматова. Мағжанның «педагогикасы». Ұлағат. 2003. №5
2. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбеков Б. Қ 26 Этнопедагогика: Оқулық. Астана: Фолиант, 2007. 302-б.
3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1992ж
4. Назарбаев. Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты 2012 жылғы 14 желтоқсан.
5. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1993. Әбиев. Педагогика. Алматы. 2004. 286-б.
6. Б.Дәрімбетов. Мағжанның бір мақаласы // Қазақстан мектебі. 1993. №2
7. С.Сеңкібаев. М.Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі – ғасырлар тоғысында // Ізденіс, 2002. №4 Б: 8-12

МУХТАНОВА АНАР СЕКСЕНБАЙҚЫЗЫ
Жамбыл облысы, Меркі ауданы
Мұхтар Әуезов атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас
қосса, қадірлі орын-мұғалімдердікі.

Мағжан Жұмабаев

Барлық заманда адам баласының рухани дамуына және тән-дене дамуында шешуші рөлді халық педагогикасы атқарып келген.

Алғашқы адам тәрбиесіне және тұлға қалыптастыруға байланысты идеялар мен тұжырымдар ежелгі грек ойшылдары Сократ, Платон, Аристотель, Тертуллиана еңбектерінде жарияланған.

Орыс педагогикасын әлемдік деңгейге көтерген ұлы педагог Константин Дмитриевич Ушинскийдің балалар мен мұғалімдерге арналған кітаптары орыс педагогикасының алтын қорына айналды.

Барша ғылым салаларының пайда болуындағы алғы шарт — өмір қажеттігі. Кейін тәрбие идеялары адамдар өмірінде аса маңызды рөл атқара бастады. Себебі әр түрлі қоғамда өсіп келе жатқан ұрпаққа берген тәрбиесіне орай өмір қажеттігі де жылдам немесе шабан дамидыны белгілі. Осыдан тәрбие тәжірбиесін топтастыру және қорытындылау, арнайы оқу-тәрбие мекемелерін ұйымдастырып жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады.

Ежелгі заманғы Қытай, Үндістан, Египет, Греция тәрізді дамыған елдерде тәрбие жүйесі бір арнаға келтірілді. Алғашқы педагогикалық тұжырымдар сол ғылыми аумақта дүниеге келді.

Қазақ халқында да осындай оқу- ағарту ісінде еңбек еткен ұлы тұлғаларда болды. Соның бірі де алаштың маңдайына біткен азаматы, өз заманың қайталанбас бір турар тұлғасы, халқының патриоты, этнопедагогиканың негізін салушы ақын- Мағжан Жұмабаев еді.

М. Жұмабаев өзінің қамшының сабындай қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан өлшеусіз нәр алған біртуар зиялы қайраткер бола білген. Мағжан алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған жоқ. Мағжан жүректің қобызын шерте білген ақын.

Мағжан не жазса да сырлы көркем сәнді жазды. Мағжан — елдің патриоты, қазақ баласы.

Мағжан тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырған. Ол жазған «Бастауыш мектепте ана тілі» 1925, «Сауатты бол» 1926, « Педагогика» 1922 атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлесі болып табылады. «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегінде ол төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жүргізілетін жаттығулар, қалыптастырулар дағдылар жүйесін жасап

ұсынды. Мағжан Жұмабаев ана тілінің мектептің дәл төрінен орын ала алмай жатқанын, мектебімізде ана тілі әлі дұрыс негізге құрылмағанын айта келіп, «Осы күнгі мектеп баласы ана тіліне өзінің тілі емес, мұғалімнің тілі»-деп қарайды. Мектептің міндеті –бір жақтан хат таныту болса, екінші жақтан баланы дұрыс сөйлетуге үйрету. Балаға дұрыс тәрбие беру үшін оны әдебиетпен таныстыру және баланы түсініп, ұғып оқуға үйрету керектігін айтқан.

Мағжанның жоғарыда аталған « Педагогика» атты ғылыми еңбегі он бес бөлімнен тұрады. Мағжан өзінің осы педагогикасын он төрт ірі бөлімнен құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан — жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырған.

Мағжан Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты: 1. Ақыл тәрбиесі, 2 Құлық тәрбиесі. 3. Сұлулық тәрбиесі. 4. Дене тәрбиесі.

Ағартушы еңбегі төрт бағытта жүргізілді. Оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдыландыру, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрлерімен таныстыру, ұғып дағдыландыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгіл болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы ... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...»-деу арқылы М. Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берген.

Мағжан Жұмабаев өзінің мәдениет, сұлулық, ізгілік туралы ойларын « Құлық сезімдері» деген бөлімде одан әрі дамыта түседі. Ол қазақ халқына басқа халықтың жақсысын үйрен, сөйтіп көтеріл дейді. « Басқа халықты, жалпы адамзатты сүйе біл деген өсиет айтады. « Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халыққа пайдасы жолында құрбан бола білсін», - дейді. Ол қазақ халқын өнер — білімге тек өзінің педагогикалық еңбектерімен шақырған жоқ. Ең алдымен өзінің өлеңдерінде халықты сауаттылыққа, оқу оқып, білім алуға үндеді.

Педагогика пәнін ол 5-ке бөліп қарастырды: 1. Жалпы педагогика. Адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді. 2. Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді. 3. Методика . Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп, белгілі бір пәнді қалай оқыту керек екендігін үйрететін пән қазақ тілінің методикасы деп аталады. 4. Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек. Осындай мектеп құрлысы жолдарын көрсетеді. 5. Педагогика тарихы . Түрлі заманды түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педагогика тарихы осыларды баяндайды.

Мағжанның Педагогика оқулығын оқи отырып мынандай ой түйіндейміз: ғылым ұлттық болмысымыз бен сана — сезімге жақын этнопедагогика, психология принциптерін негізге ала отырып жазған. Аталған еңбекті сараптай келе өткен ғасырдың 20 – шы жылдарда педагогикалық – психологиялық тракттата айтылған ойлар бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда , әсіресе ұлттық байлығымызды пайдаланып, оны қажетімізге жаратауға таптырылмас мұра болып отыр. Ұлы М. Жұмабаевтың еңбектеріндегі ұстаздық –тәлімгерілік идеялары біз үшін өте құнды дүние.Өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әр түрлі келеңсіз мінез-құлықты,әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынайды. Елін білім алуға, өнер үйренуге шақырады.Мағжанның ағартушылық сарындағы өлеңдерінің арасында ел мен жер тағдырына алаңдаушылық жатады. Ақын туған елін сүйді, туған жерінің әрбір пұшпағын жүрегіне жақын тұтты. Ол :

Басқа жұрт аспан –көкке асып жатыр,
Кілтін өнер-білім ашып жатыр , -дей келіп, қазақ арасында мұндай ұмтылыстың әлі де жоқ екеніне өзегі өртенді.Мағжанның азаматтық парасатынан туындаған арман-мақсаттары бұдан әлдеқайда биік.Туған халқы туралы айтқанд, оның кешегі өткен жолын еске алады,оны бүгінгі жағдайымен салыстырады.Оныменде шектелмей,ақын жалпы түріктік идея көтереді.Түрік тектес халықтардың бәрінің болашағынан үміт күтеді,жалпы Шығысты пір тұтады.

Автордың туған халқының тәлім – тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. «Ұлт тәрбиесі-деп жазды ол,-баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесі мен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті» деген.

Мағжан орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинскийше, педагогиканың жан сырын терең зерттейтін психология ғылымы мен байланыстыра қарастырып,қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыда зерделеп, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қажетті құнды дүниелер қалдырып кеткен.

Жалпы «Педагогика» кітабындағы үлкен бөлімнің бірі «Суреттеу» деп аталады. Оны да алты түрге бөледі. «Суреттеуді бет алды бір-бірімен байлай беруге болмайды. Оның белгілі жолдары бар дей келіп», оның екі жолын көрсетеді. Олар – жақындық пен тұқымдастық ассоциациясы. Жақындықтың өзін – көршілестік, замандастық деп екіге бөледі. Ал «Балаға берілетін кітап үлкен харіппен басылуы керек. Әсіресе жағрапия оқығанда балаға көршілестік ассоциациясы көп көмек көрсетеді. Картадан бала бір жерді атаса, соның жанындағы екінші жер алдына елестей қалады» деп жазады. Мағжан Жұмабаев сол кез үшін де, бүгін де құнын жоймаған оқытудың принциптеріне ерекше көңіл бөледі. Белгілі бір тақырыпты түсіндіргенде өткен тақырыппен байланысты салыстырмалы оқытудың берері мол екенін дәлелдейді.

Мәселен, «Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Ал балаға жер ортасының ыстықтығын

түсіндірмекші болсаң, солтүстіктің суығымен салыстыр» – дейді. Қазіргі кезде де қоршаған ортамен, өмірмен, әртүрлі оқиғалармен байланыстыра оқыту – басты орында. Дегенмен бүгінде мұғалімдер бұл заңдылықты дұрыс орындай бермейді. Себебі мұғалімдер ең бірінші кінәні балаға артады. «Бүгінгі балалар әлеуметтік желіге байланып, милары уланған. Сондықтан сабақ оқымайды» деп шағымданады. Алайда ұстаздың басты шеберлігі оқымайтын баланы оқытып, тыңдамайтын «тәртіпсіз» баланы тыңдата білу ғой. Оқушының өзіне еркіндік беріп, белгілі бір сұраққа жауапты оның өзіне ойландырып, не нәрсеге де көзін жеткізу, міне, оқытудың бүгінгі үлкен тәсілі осы болуға тиісті. Бәріміз де оқушы болдық. Пәнді оқытуда жаңалық болмаса, оқушы үшін қызықсыз болады. Оған оқулықтағы білім аз. Оған қосымша өзі білмейтінін білуге қызығатын білім керек. Әйтпесе ақпараттар ғасырында баланы қызықтыру қиын.

Педагог-ғалымның оқулықта ерекше сипаттаған бөлімі қиял туралы. Қиялдың адамның ақыл-ойының, өмірдің алға басуы үшін маңызы зор екені белгілі. Автор қиялдың пайда болу жолдарына, оның бала өміріне қажеттілігіне, бала фантазиясын тәрбиелеу, оқушы өміріндегі ертегілердің, ойынның, ойыншықтың маңызын жеке-жеке ашып жазады. «Баланың қиялын, фантазиясын тәрбие қылу жолдары» деген бөлімінде ұлттық тәрбиеге, ұлттық педагогикаға аса құрметпен қарайды. Мұнда қазақ баласының қиялына қанат бітіретін ұлттық тәрбие екенін пайымдайды.

– Қазақ қиялы тәрбие көрген жоқ, әлі таза, әлі бала, әлі жылдар, күндер өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, терендеп, адамзат дүниесінің көгінде бір жарық жұлдыз болар деген иманымыз кәміл, – дейді М.Жұмабаев. Бүгінде жазушының бұл жазбасы толық орындалмаған сияқты. Жасыратын несі бар, біздің әлі күнге ой-қиялымыз төмен. Себебі біз қанша жыл басқаның ойымен ойландық, соның тілімен сөйледік.

«Педагогикада» баланың өмірі үшін ертегінің маңызы зор екендігі айтылады. «Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен сенеді. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандарып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтқанмен бірдей. Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін сезінсе, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», – дейді жазушы.

Баланың озат болуы үшін оның тәрбиесі толық, ойлау қабілеті жетік болғаны маңызды. Мағжан Жұмабаев оқулықта ойдың пайда болуын зерттеп, түрлі мысалдармен келтіреді. Ойды үш түрлі жолмен қарастырады. Атап айтсақ, дедукция, индукция, аналогия. Міне, осы үш түрлі жолды әрі қарай дамыта отырып, баланың саналы азамат болуы үшін осы ұғымның қажеттілігін дәлелдейді. Сондай-ақ тіл туралы ерекше тоқтап, үлкен сезіммен жазады.

– Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрылмақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті... қазақ тілінде қазақтың дархан даласы, біресе желсіз түнде тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен

тұрмысы асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына иманымыз берік» – деп жазды.

Сонымен қатар автор бала тіліне аса ұқыптылықпен қарауды тапсырды. «Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжаңдап, сақау болып сөйлейтіндері бар. Бұл – зор қате. Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп, – дейді педагог-ғалым.

Мағжан Жұмабаевтың адам жанын түсінетін мықты психолог екенін осы еңбегінен аңғаруға болады. Мұнда «ішкі сезім мен көңіл көріністерін» тереңінен зерттеп жазады. Оның ішінде баланың көңіл-күйіне егжей-тегжейлі тоқтап, оның ішкі сезімінің дұрыс дамуы үшін үлкен тәрбиенің керек екенін айтады. Мәселен, ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Сондықтан баланың қасындағы адамдар дұрыс мінезді болу қажет.

– Баланы қорқыту, оны жазалау дұрыс емес. Бір нәрсені бала жазадан қорыққаннан ғана істейді, бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді, – деген жазушының пікірін өркениетті елдердің бала тәрбиесіндегі озық ойларымен сабақтас екенін көреміз. Расында, әлі күнге дейін ата-аналар, мұғалімдер балаға зекіп сөйлейді. Жасыратын несі бар, баланың намысына тиетін, өсіретін емес, өшіретін сөздер айтудан толықтай арылған жоқпыз. Бұл мәселені педагог-ғалым өз заманында көтергенімен, өкінішке орай күні бүгінге дейін орындалмай келе жатыр. «Бала нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жиренетін болсын. Балаға махаббат, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін», – дейді педагог.

«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс...» – деп педагог Мағжан Жұмабаев қалың жұртты ұлттық тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді. Оның тәрбиеге көңіл бөлуі қазақ халқын надандықтан ада ету еді. Сол үшін де алғашқы педагогика саласындағы қазақтың оқулығы осы Мағжанның «Педагогика» кітабы болды. Ғалым қазақ халқының ұлттық болмысы мен сана-сезімге жақын этнопедагогика, психология ұстанымын негізге ала отырып жазған. Бұрынғы заманда ұлттық тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбиеде нені ескеру керек. Бұл сауалдарға «Педагогика» кітабы жөн көрсетеді.

Қазақстан бүгінгі демократиясы дамыған, өркениетті елдер қатарынан бағыт ұстап отыр. Еліміздің болашағы жастар, бүгінгі мектеп оқушылары. Бүгіннен бастап олардың бойына ұлттық рухты сіңіре отырып, Отанымызға шынайы патриоттарын, мәдениетті, білімді, парасатты, бауырмал, ізгі ниетті адал азаматтарын тәрбиелеп шығу қоғамның басты парызы. Мағжан педагогикасы қазіргі заман білім беруінің кілті, негізі. Жаңа ғасыр мектебін қалыптастыру үлкен ойлылықпен, іскерлікпен шешілетін мәселе. Тәуелсіз ел мектебін құруда Мағжанның тәрбиелік идеяларын қолдағанымыз жөн.

Қолданылған әдебиеттер:

1. М. Жұмабаев. Педагогика Алматы. 1992
2. М. Бағыбаева. М. Жұмабаев және ұлттық тәлім- тәрбие// Ұлағат
3. С. Сеңкібаев. М. Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі- ғасырлар тоғысында
4. Қ. Қалиев. Этнопедагогика. Астана.2003
5. Әбиев Педагогика Алматы.2004

ОСПАНОВ ЕРКЕБУЛАН АҚАРЫСОВИЧ
Ақмола облысы, Қосшы қаласы
"Бизнес академия "Дара" мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегі: (жаңаша көзқарас)

«Түзу ғылымнан, түзу ұстаздан,
тәлім алған шәкірт неге түзелмесін»

С.Торайғыров

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің жазылғанына 2023 жылдың 15 қыркүйегінде 101 жыл толған еді. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінің «Алғы сөзінде»: «Қолымнан келген еңбекті сендерге тарту еттім», - деп мұғалімдерге арнаған болатын.

Мағжан Жұмабаев: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты, мен жастарға сенемін», - демекші, ел болашағы мен гүлденуі жастардың қолында дейтін болсақ, оларға һәм еңбекте көрсетілгендей төрт түрлі тәрбие берілуі керек. Олар: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі. Бұл төртеуі баланың бойына дұрыс берілсе, ел іргесі шайқалмасы анық. Мағжан Жұмабаев: «Балам адам болсын, деген ата-ана осы төрт нәрсені дұрыс орындасын», - деген тұжырым келтіреді.

«Педагогика» еңбегі қазақ халқының көптеген мәселелерін ашып көрсетті. 1. Ата-ананың балаға дұрыс тәрбие беру жолы. 2. Баланың физиологиялық дамуы мен денсаулығы. 3. Баланың жан тәрбиесінің дамуы. 4. Өз заманына сай жазылған кітап. 86 № 4(141)/2022

Мағжан еңбекте бірнеше қағидаларды ұстанған. Олар: оқу, жазу, емлеге дағдыландыру, жазбаша сауатты жазу, ауызша ойды дұрыс жеткізе білу.

«Педагогика» еңбегі өз заманындағы ең озық кітаптардың бірі. Себебі өзіміздің ұлттық санамызға, тәрбиемізге, менталитетімізге сай жазылған алғашқы еңбектердің бірі. Екіншіден, қазақ тіліндегі аударма саласын дамытуға қосқан алғашқы кітап. Педагогика ғылымындағы термин сөздерге ең алғашқы қазақша балама берілген еңбек.

Қазіргі уақытта ата-ана мен мұғалім, жалпы қоғам алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі – балаға дұрыс тәрбие беру, оларды ел қатарына қосу, бойына адамгершілік, мейірімділік, адам баласын, айнала қоршаған ортаны

сүюге үйрету. Бала ол ағаш секілді, дұрыс суарсаң, дұрыс бағытта өседі, ал қараусыз қалса, онда қисық біткен ағаш секілді болары анық.

Бала тәрбиесі – ол бір үлкен өнер. Мұғалім ол балаларды тек білімге жетелеуші ғана емес, ол тәрбиелеуші, психолог деуге болады. Мұғалім алдындағы әр баланың ішкі жан дүниесін түсіне білу керек. Сонымен қатар қиын сәттерде қолдаушы болуда қажет.

Мағжан Жұмабаев еңбегінде дене тәрбиесі бөлімінде баланың физиологиялық дұрыс жетілуі үшін дүниеге келген сәттен бастап, есейген шағына дейінгі істеу керек деген әрекеттің барлығы егжей-тегжейлі толық түсіндірілген. Атап айтар болсақ, баланы бесікке бөлеу, киетін киімі, бесік жыры, шомылдыру, серуендеу барлығы баланың дұрыс жетілуіне көмектеседі.

Келесі кезекте, ақыл мен жан тәрбиесі. Адамның ең қиын қымбат дүниесі – жан. Жанды тәрбиелеу ол өте ұзақ және қиын процесс. Жанды тәрбиелеуге үйрететін ғылым – психология. Жанды қалай тәрбиелейміз? Ол сұраққа жауап еңбекте көрсетілген. Ол ең алдымен өз-өзін бақылау. Ол дегеніміз- ашу, қуаныш сезімдерінде байқау.

Жан тәрбиесінің көріністерін үшке бөлеміз. Ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері, қайрат көріністері. Ішкі сезім көріністерін дамытқанда бала бойында ұялу, қорқу, қуану, шаттану, аяушылық, достық, іш пысу секілді сезімдері пайда болады.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегін оқи отырып, мынадай ойға келеміз. Тәуелсіз Қазақстанды дамытуда, ұлттық құндылықтырамызды, байлығымызды пайдалана отырып, оны болашақ ұрпақты тәрбиелеуде қолдануға болатын үлкен мұра болып отыр. Мағжан Жұмабаев өз өлеңдерінде үнемі қазақтарды оқу-білімге, ізденуге шақырып отырды. Адам бойындағы жалқаулық, менмендік, сауатсыздықты қатты сынға алып отырған. Оны мына өлең жолдарынан көруге болады:

«Басқа жұрт аспан-көкке ұшып жатыр,

Кілтінде өнер-білім ашып жатыр», - деген сөзден-ақ ел арасында білім алуға деген ұмтылыстың жоқтығына көңілі, өзегі өртенген еді. Мағжан Жұмабаев болашақ ұрпаққа тек білімге, ғылымға ұмтылуға, сауатты болуға шақырды.

Мен осы баяндамада Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі мен Шалва Амонашвилидің «Ізгілік педагогикасына» мен авторитарлық мұғалімдер әр түрлі елдердегі балаға тәрбие беру бойынша салыстырмалы талдау жұмысын жүргіздім.

Шалва Омонашвили – психолог, білім берудегі ізгілендірудің негізін қалаушы. Ол қазіргі таңда авторитарлы білімге қарсы шығады. Қазіргі уақытта оның көптеген белгілі шәкірттері бар. Мысалы Асхат Абжанов – отбасылық коуч, психолог, Республикалық «Жаңа ұрпақ» мектептерінің негізін қалаушы.

Ұлттық тәрбие		
Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922)	Шалва Амонашвилидің «Ізгілік педагогикасы»	Авторитарлық мұғалім
Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті	Күлімсіреу күш береді. Онда айрықша даналық бар. Мұғалімнің күші мен даналығы күлімсіреуінде. Күлімсіреуін жоғалтқан мұғалім балаларға тек зиян шектіреді. [2.23-бет]	Кеңес мұғалімдері балаларды жақсы көрді ме? Әрине, жақсы көрді, бірақ олардың махаббаты ерекше болды. Балаларды сүю керек; оларды барлық қатаңдықтармен, талаптармен, мәжбүрлеумен, жазалармен сүю керек деп түсінді. Жазылмаған заң, мұғалімді дөрекілікке алып келді. Қаталдық, өктемдік, авторитарлық тәрбиенің ең дұрыс жолы деп санады. [2.146-бет]
Бағалау		
Балада жақсы оқысам, молдадан мақтау, сый аламын, жаман болсам, молдадан таяқ жеймін, ұрыс естимін деген ой да болмасын. Мұндай болса, баланың іскерлігі	Мұғалім мейірімді, жылы жүзбен күлімсіреп кіріп, қоңыр дауысымен амандасу. Барлығына бір қарап, рақмет айту. Шалва Амонашвили ұсынған бағалау жүйесі.	Мұғалім балаларға көп талап қояды.

соған жұмсалып, мұғалімнің беріп отырған сабағын білейін деген шын ынтамен тыңдамайды. [1.66-бет]	Күн сабағы, қуаныш сабағы, достық сабағы, ойын сабағы, кездесу сабағы. Білім берудің ізгілендіру технологиясының негізін қалаушы Ш.А. Амонашвили. (infolesson.kz)	
Қызығушылық ояту		
Болашақ әсерге даярлану болсын. Яғни бір нәрсені күтіп барып жолықтырсаң, сол нәрсеге іскерлік күшті болады. Сондықтан мұғалім балаларға жаңа бір нәрсені білдірмек болғанда балаларды күткізіп, даярландырып қойсын. Мысалы, сұрауды жалпы класқа берсін. Сонда бар класс құлағын түріп тұрады. [1.67-бет]	Балалардың әрқайсысының ойы маңызды. Оқушылар бір-бірін сыйлай отырып, сабырмен тыңдау. Мұғалім сынақтың салдары туралы ешқашан қорқытпайтын, керісінше табысқа жету мүмкіндік есігі жабылмайтындығы туралы айтты.	Балаларды 2-5 арасында баға қою

Ұлттық тәрбие	
Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922)	Скандинавия елдері Швеция, Норвегия елдері
Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті.	Бұл елдерде балаларға еркіндік беріледі. Олардың негізгі мақсаты- баланың шығармашылық қабілетін дамыту.
Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында» (1922)	Англия елі
Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті.	Бұл елде балаға тәрбие берудегі ең басты көрсеткіші ол – өз-өзіне деген сенімділігін ояту. Өз-өзін бағалау.

Қазіргі таңда балалардың жаны өте нәзік. Мұғалім балаларын қалай сүю керек?, - деген сұрақ туындайды. Мұғалім шәкірттердің рухани дамуының көзі. Олардың жеткен жетістіктеріне құштарлықпен, махаббатпен қарау керек. Барлығын қаталдықпен емес, мейірімділікпен жасауы тиіс.

Қазақ елі бүгінде тәуелсіз, еркін мемлекет. Мемлекеттің қайнар көзі – жастар. Бүгіннен бастап, олардың бойында ұлттық рухты сіңіре отырып, Отанымыздың нағыз патриоттарын, мәдениетті, білімді, ізгі ниетті, бауырмал, мейірбан азаматтарды тәрбиелеп шығару біздің негізгі парызымыз. Мағжан Жұмабаев педагогикасы қазіргі білім берудің негізгі кілті болып табылады. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегін жаңа альфа буынға дұрыс тұрғыда түсіндіріп, жұмыс жүргізсек, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білген Абай айтпақшы, толық концепциялы адам кейпіндегі азаматтарды тәрбиелейміз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мағжан Жұмабаев. «Педагогика» еңбегі. 1922 жыл.
2. «Ізгілік педагогикасы». Шалва Амонашвили. Нұрсұлтан. 2022
3. М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университеті, Астана, Қазақстан

МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жол-басшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар».

Мағжан Жұмабаев

Мағжан Жұмабаев - көрнекті қазақ педагогы және қоғам қайраткері, оның жұмысы білім, тәрбие және ұлттық бірегейлік мәселелерін зерттейді. Ол білім беруді дамытуға және ұлттық сананы қалыптастыруға елеулі үлес қосқан Қазақстанның атақты ғалым-педагогтерінің қатарына жатады.

Мағжан Жұмабаев тәрбиені ұлтты қалыптастырудың негізгі элементі ретінде қарастырады. Ол мәдени мұраны беру және сақтау құралы ретінде білімге, сондай-ақ патриоттық сезімдер мен азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға үлкен мән береді.

Оның еңбектерінде ұлттық құндылықтарды, дәстүрлер мен тарихты білім беру процесіне енгізудің маңыздылығы атап өтіледі. Жұмабаев білім берудің ұлттық өзін-өзі сәйкестендіруді қалыптастыруға және өзінің мәдениеті мен ұлтына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеуге әсерін талдайды.

Ол сондай-ақ білім берудегі мәдениетаралық диалогты дамытуды қолдайды, өйткені бұл мәдени айырмашылықтарды түсінуге және құрметтеуге ықпал етеді, бұл өз кезегінде Ұлт бірлігін нығайтуға ықпал етеді.

Ол өзінің қамшының сабындай қысқа ғұмырында нағыз поэзия биігіне самғап, оның асқар асуынан өлшеусіз нәр алған біртуар тұлға. Ең бастысы, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Оның 1922 жылы «Педагогика» атты оқулығы – педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлкен үлесі. Бұл ғылыми еңбегі он бес бөлімнен тұрады. Ғалым оқулықты он төрт ірі бөлімге құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырды. Бұл оқулықтың басты мақсаты – ақыл, мінез-құлық, сұлулық, дене тәрбиесін жеке-жеке бөліп қарастырды. Қазіргі кезде «Педагогика» ата-аналарға, мұғалімдерге мен оқушылар үшін аса бағалы еңбекке айналды.

Ағартушы еңбегін төрт бағытта жүргізді. Атап айтсақ, оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдылау, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрімен таныстыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие

тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы ... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» – деп Мағжан Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берді.

Расында оның өзіндік сыры бар. Себебі өмір есігін енді ғана ашқан бала алдымен оқымайды. Оны тәрбиелейді. Сондықтан да «баланы жастан» деп қазақ тегін айтпаса керек. Оқу құралының бірінші бөлімі педагогиканың жалпы мәселесіне арналған. Оның пікірінше, тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Әрине, тәрбиенің бұдан басқа да түрі жетерлік. Алайда автор адам өміріне керектісін ғана айтқан.

Бұл оқулық Мағжан Жұмабаевтың көзі тірісінде екі рет жарық көрді. Алғаш рет 1922 жылы Орынборда, екіншісі 1923 жылы Ташкентте қайта басылды. Ал біздің қолымызға кітаптың ұзақ жылдардан соң үшінші рет 1992 жылы Алматы қаласында «Ана тілі» баспасынан жарық көрген соңғы нұсқасы тиді. Оқулықтың 1922 жылы 15 қыркүйекте алғаш басылуында автор алғысөз жазған.

Мағжан Жұмабаев оқулықта дене тәрбиесін бірінші орынға қойды. Атап айтсақ, дене тәрбиесін 19 бөлімге бөліп, әр бөлімге жеке-жеке тоқтап, анықтама берген. Шынында, адамның дені сау, мықты болып өсуі үшін дене тәрбиесінің ең бірінші орында екені белгілі. «Бала аурулы болса, зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден», – дейді педагог. Тіпті сол қиын заман түгіл, бүгінгі өмірдің өзінде қай ата-ана тәрбиесіне, туралап айтсақ тәрбиенің барлық түріне көңіл бөле береді. Автордың бұл оқулығын талдай отырып, медицина саласынан да құр алақан емес екенін аңғардық. Себебі кішкентай баланың салмағы, дене қызуы, дем алу, тамыр соғу, тамақтануы, тіпті баланы емшектен шығаруды, тазалық жағдайын, бесік мәселесін, тістің шығуын жеке-жеке сипаттап жазады.

Ағартушы екінші бөлімде жалпы педагогика ғылымын талдайды. Педагогиканың қандай пән екенін сипаттай келе, онымен етене таныс болу керектігін айтады. Бір сөзбен айтқанда автор педагогиканың өзін тәрбие пәні деп пайымдайды. Оған дәлел пәннің аты дейді. Жалпы педагогика пәнін – дидактика, методика, мектепті басқару, педагогика тарихы деп беске бөледі. Автор бұл оқулықта әлемдік педагогиканы арқау етеді. Атап айтсақ, бала тәрбиесін-де ұлттық педагогиканың алатын орны ерекше екенін бірнеше мысал келтіре отырып дәлелдейді. Ұлттық тәрбиенің құндылығын көрсете отырып, оның кем-кетіктері мен жаман жағынан аулақ болуды айтады. Ол «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі». «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды, жамандық жағы да көп», – деп жазады. Осыған орай ол педагогтер, тәрбиешілер халықтық педагогиканы қолдана отырып, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болу керек дейді. Расында, егеменді елдің басты ұстанымы – өз педагогикасы, ұлттық тәрбиесі, сондай-ақ ұрпағы тәрбиелі, білімді болуы керек. Сондықтан

бүгінгі жас буынды келешегіміз үшін елін, жерін, халқын, мәдениетін, тарихын сүйетін ұлтжанды ұрпақ ретінде тәрбиелеуіміз қажет.

Бұл еңбегінде Мағжанның жан-жақты екенін аңғаруға болады. Бір сөзбен айтқанда, ол адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін терең түсінетін психолог. Оны бір ғана мысалмен дәлелдеуге болады. «Педагогика» оқулығында «Бөлеу һәм бесік» бөлімінде автор былай дейді.

– Қазақ қатыны баланы бесікке екі жерден тас қылып байлап тастайды. Бұл балаға зиян. Бұлай ету баланың қан жүруіне, жүрек соғысы-на зиян. Баланы ұйықтатарда, жылағанда шешесі долданып тарс-тұрс тербетеді. Қарғап, сілейді. Бір кезде бала ұйықтайды. Бұл сау ұйқы емес. Шайқап, шайқап баланың басын айналдыру, баланы есінен тандыру. Тербетіп ұйықтату – талдырып ұйықтату деген сөз. Бала ұйықтап жатқан жоқ. Балаңда қасың болмаса, тербетпе. Қазақ әйелі! Бесік бала-ның орны. Естен тандырып, талдыратын орын емес, – дейді Мағжан Жұмабаев.

Сондай-ақ адам өмірі үшін ұйқының, қозғалыстың, серуеннің мәнінің зор екендігін атап айтады. Оқулықтағы жазбасына қарап, авторды дінді, оның тарихын жақсы білгенін, жақсы-жаман жақтарымен етене таныс болғанын білуге болады. Оған осы бөлімдегі «Жан» туралы пайымдауы дәлел болады. Ол «Жанды ешкім көрмесе де, жанның барлығына дау жоқ», дейді. Әсіресе баланың жанын жақсы тәрбие қылу үшін, жанды көзбен көріп, қолмен ұстамай ақ оның ісін, көрінісін, жақсы тексеру жетеді. Психология пәні осы үшін қажет екенін баса жазады. Сонымен қатар жан тәрбиесін 11 бөлім бойынша талдап, 11-ші бөлімнің өзін тағы да шағын екі бөлімге бөледі.

Ал соңғы бөлімін «Әсерленуді» «Жалпы сезім яки дене әсерленулері» деп оның өзін бес түрге бөліп, жеке-жеке сипаттайды. Сыртқы сезім әсерленулерін сипаттағанда оны алты бөлікке бөледі. Адам анатомиясының заңына сүйене отырып, осы алты сезімді қарапайым, түсінікті сипаттайды. Жазушы өзінің педагогикасын «Абайға», яғни топшылау сезіміне де ерекше көңіл бөліп, жазады.

Жалпы «Педагогика» кітабындағы үлкен бөлімнің бірі «Суреттеу» деп аталады. Оны да алты түрге бөледі. «Суреттеуді бет алды бір-бірімен байлай беруге болмайды. Оның белгілі жолдары бар дей келіп», оның екі жолын көрсетеді. Олар – жақындық пен тұқымдастық ассоциациясы. Жақындықтың өзін – көршілестік, замандастық деп екіге бөледі. Ал «Балаға берілетін кітап үлкен харіппен басылуы керек. Әсіресе жағрапия оқығанда балаға көршілестік ассоциациясы көп көмек көрсетеді. Картадан бала бір жерді атаса, соның жанындағы екінші жер алдына елестей қалады» деп жазады. Мағжан Жұмабаев сол кез үшін де, бүгін де құнын жоймаған оқытудың принциптеріне ерекше көңіл бөледі. Белгілі бір тақырыпты түсіндіргенде өткен тақырыппен байланысты салыс-тырмалы оқытудың берері мол екенін дәлелдейді.

Мәселен, «Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Ал балаға жер ортасының ыстықтығын түсіндірмекші болсаң, солтүстіктің суығымен салыстыр» – дейді. Қазіргі кезде де қоршаған ортамен, өмірмен, әртүрлі оқиғалармен байланыстыра оқыту –

басты орында. Дегенмен бүгінде мұғалімдер бұл заңдылықты дұрыс орындай бермейді. Себебі мұғалімдер ең бірінші кінәні балаға артады. «Бүгінгі балалар әлеуметтік желіге байланып, милары уланған. Сондықтан сабақ оқымайды» деп шағымданады. Алайда ұстаздың басты шеберлігі оқымайтын баланы оқытып, тыңдамайтын «тәртіпсіз» баланы тыңдата білу ғой. Оқушының өзіне еркіндік беріп, белгілі бір сұраққа жауапты оның өзіне ойландырып, не нәрсеге де көзін жеткізу, міне, оқытудың бүгінгі үлкен тәсілі осы болуға тиісті. Бәріміз де оқушы болдық.

Пәнді оқытуда жаңалық болмаса, оқушы үшін қызықсыз болады. Оған оқулықтағы білім аз. Оған қосымша өзі білмейтінін білуге қызығатын білім керек. Әйтпесе ақпараттар ғасырында баланы қызықтыру қиын.

Педагог ғалымның оқулықта ерекше сипаттаған бөлімі қиял туралы. Қиялдың адамның ақыл-ойының, өмірдің алға басуы үшін маңызы зор екені белгілі. Автор қиялдың пайда болу жолдарына, оның бала өміріне қажет-тілігіне, бала фантазиясын тәрбиелеу, оқушы өміріндегі ертегілердің, ойынның, ойын-шықтың маңызын жеке-жеке ашып жазады. «Баланың қиялын, фантазиясын тәрбие қылу жолдары» деген бөлімінде ұлттық тәрбиеге, ұлттық педагогикаға аса құрмет-пен қарайды. Мұнда қазақ баласының қиялына қанат бітіретін ұлттық тәрбие екенін пайымдайды.

– Қазақ қиялы тәрбие көрген жоқ, әлі таза, әлі бала, әлі жылдар, күндер өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, тереңдеп, адамзат дүниесінің көгінде бір жарық жұлдыз болар деген иманымыз кәміл, – дейді М.Жұмабаев. Бүгінде жазушының бұл жазбасы толық орындалмаған сияқты. Жасыратын несі бар, біздің әлі күнге ой-қиялымыз төмен. Себебі біз қанша жыл басқаның ойымен ойландық, соның тілімен сөйледік.

«Педагогикада» баланың өмірі үшін ертегінің маңызы зор екендігі айтылады. «Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен сенеді. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандарып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтқанмен бірдей. Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін сезінсе, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», – дейді жазушы.

Баланың озат болуы үшін оның тәрбиесі толық, ойлау қабілеті жетік болғаны маңызды. Мағжан Жұмабаев оқулықта ойдың пайда болуын зерттеп, түрлі мысалдармен келтіреді. Ойды үш түрлі жолмен қарастырады. Атап айтсақ, дедукция, индукция, аналогия. Міне, осы үш түрлі жолды әрі қарай дамыта отырып, баланың саналы азамат болуы үшін осы ұғымның қажеттілігін дәлелдейді. Сондай-ақ тіл туралы ерекше тоқтап, үлкен сезіммен жазады.

– Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрылмақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті... қазақ тілінде қазақтың дархан даласы, біресе желсіз түнде тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен

тұрмысы асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына иманымыз берік» – деп жазды.

Сонымен қатар автор бала тіліне аса ұқыптылықпен қарауды тапсырды. «Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжаңдап, сақау болып сөйлейтіндері бар. Бұл – зор қате. Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп, – дейді педагог-ғалым.

Мағжан Жұмабаевтың адам жанын түсі-нетін мықты психолог екенін осы еңбегінен аңғаруға болады. Мұнда «ішкі сезім мен көңіл көріністерін» тереңінен зерттеп жазады. Оның ішінде баланың көңіл-күйіне егжей-тегжейлі тоқтап, оның ішкі сезімінің дұрыс дамуы үшін үлкен тәрбиенің керек екенін айтады. Мәселен, ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Сондықтан баланың қасындағы адамдар дұрыс мінезді болу қажет.

– Баланы қорқыту, оны жазалау дұрыс емес. Бір нәрсені бала жазадан қорыққаннан ғана істейді, бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді, – деген жазушының пікірін өркениетті елдердің бала тәрбиесіндегі озық ойларымен сабақтас екенін көреміз. Расында, әлі күнге дейін ата-аналар, мұғалімдер балаға зекіп сөйлейді. Жасыратын несі бар, баланың намысына тиетін, өсіретін емес, өшіретін сөздер айтудан толықтай арылған жоқпыз. Бұл мәселені педагог-ғалым өз заманында көтергенімен, өкінішке орай күні бүгінге дейін орындалмай келе жатыр. «Бала нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жиренетін болсын. Балаға махаббат, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін», – дейді педагог.

«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс...» – деп педагог Мағжан Жұмабаев қалың жұртты ұлттық тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді. Оның тәрбиеге көңіл бөлуі қазақ халқын надандықтан ада ету еді. Сол үшін де алғашқы педагогика саласындағы қазақтың оқулығы осы Мағжанның «Педагогика» кітабы болды. Ғалым қазақ халқының ұлттық болмысы мен сана-сезімге жақын этнопедагогика, психология ұстанымын негізге ала отырып жазған. Бұрынғы заманда ұлттық тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбиеде нені ескеру керек. Бұл сауалдарға «Педагогика» кітабы жөн көрсетеді.

Ұлттық тәрбие дегеніміз-дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухы биік тұлғаны тәрбиелеу болса, ұлттық педагогика оқушы бойында елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу. Мағжан Жұмабаев қалдырған сара жолды жалғастыра отырып, қазақ педагогикасына өз үлесімді қосу менің да басты азаматтық ұстанымым деп білемін

Осылайша, Мағжан Жұмабаевтың педагогикасы білім мен тәрбиенің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңыздылығын атап өтіп, мәдени құндылықтар мен ұлт бірлігін нығайтуға ықпал етеді.

СЕЙФУЛЛА ГҮЛЗИРА ТАЛҒАТҚЫЗЫ

Астана қаласы

№51 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қазақ халқы салт-дәстүрге бай ел. «Ұлт дәстүрі – заңнан биік» деген сөз тегін айтылмаған. Бесік қасиетті, киелі құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. «Ел іші-алтын бесік» деген сөз бесіктің құдіретін, қадірлі екендігін көрсетеді. Осы өшпес салт-дәстүрімен, өнегелі әдет-ғұрыппен, үлгілі жөн-жосықпен ұлағатты ұл, инабатты қыз тәрбиелеп келеді. Сол бір баланың дүниеге келуімен тікелей байланысты салт-баланы бесікке салу. Баланы бесікке салып, анасы екеуінің арасындағы байланысты нығайтатын әсерлі әуен, сұлу сөзбен айтылатын -бесік жыры.

Сәби тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастыруда бесік жырының орны мүлде бөлек. Ол баланың көкірек көзін ашады, жан-жүйесін тербейді, сезімін сергітеді, көңіл-күйін көтереді. Есейе келе өнерге, сөз өнеріне бейімделеді. Ұлы Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деуі тегін емес. Бесік жырында ұлттық тәрбиенің үздік үлгісі жатыр. [2]

Әлем халықтарының түгелінде дерлік бесік жыры бар. Әрі әуені де ұқсас, зерттеулерге жүгінсек, бесік жыры осыдан 4 мың жыл бұрын пайда болған екен. Дәл сол дәуірден өмір сүрген саналы адам баласын бесік жырымен бөбектеп, ән айтып ұйықтатқан екен. [6]

Сәби бесік жырын естісе болды ұйқыға кетеді. Жырдың үні шықса болды, жылағаны да басылады. Ғалымдардың мұның сырын аша алмай ұзақ жүргені анық.

Өткен ғасыр мен ХХІ ғасыр басындағы зерттеулерде бесік жырының мелодиясы музыкадағы алты үлестік нотамен бірдей әрі ырғағы да соған сәйкес келеді, мұндай әуен балаға жағымды әсер береді деп тұжырымдаған. Тағы бір қызығы – алты үлестік нотаның үні жатырдағы дыбыстың үнімен бірдей екен. Сәбиге бесік жыры жатыр дыбысын еске салады, содан тынышталады десті.

Кейінгі зерттеулерден бесік жырының баланы тыныштандырғаннан бөлек, оның денсаулығы мен жалпы физиологиялық жай-күйіне оң әсер ететін құдіреті бары анықталды.

Нақтырақ айтсақ, 2010 жылғы мына бір зерттеуден бесік жырының баланың тыныс алуы мен ағзадағы оттегі деңгейін көтеретін белгілі болды. Ғалымдар шала туылған сәбилерді бөлек бөлмеге жинап, кассетадан бесік жырын тыңдатқан екен. Сонда сәбилердің тыныс алу жолы жақсарғаны белгілі болады.

Дәл осы зерттеу 2013 жылы да жүргізілген. Бірақ бұл жолы бесік жырын ананың өзі айтқан екен. Сонда ғалымдар «ана айтқан бесік жырдың пайдасы орасан» деген қорытындыға келеді. Өйткені өз анасынан бесік жырын естіген шала сәбилердің тыныс алуымен бірге жүрек жұмысы да жақсарып, адами

ортаға тез бейімделе бастаған. Сәбилердің күйзеліс деңгейі түсіп, оттегі алмасымы күшейген.

Бір қызығы бесік жырының – ананың өз денсаулығына да пайдалы екен.

«Бала бесік жырын тыңдағанда оның ажар-көркіне жауап беретін гормондар жақсы жетіледі. Анасы әлди айтқанда көңіліндегі көркем идеалдар мен асыл мұраттар, арман-тілектер баланың болмысына дариды. Академик В.Бехтерев «Баладағы невроз ауруының алдын алу үшін бесік жырын тыңдату керек» деген. Психолог В.Леутин «Бесік жырын тыңдау мидағы нейронның дұрыс дамуына түрткі болады» дейді. Нәресте екі-үш айға дейін ақпаратты тек құлақпен алады. Сондықтан, бесік жанында өсек-аяң айтуға, даңғаза музыка қоюға болмайды. Себебі, бала жаманды-жақсылы эмоцияның бәрін миына жинақтай береді» депті «Әлдиден эпосқа дейін» кітабында. [6]

Баланы қолына алған, баланың бесігі жанына келген ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін. Бала сөзін ұқпаса да күйінен әсерленеді. [5] Яғни, қоңыр үнмен айтылған үн балаға жағымды әсер қалдырады.

«Абай жолы» эпопеясында: «Қорқытпа менің маламды, гулей соққан ақ боран. Балам әжем қойнында, келе алмайсың сен бұған», -деп басталатын бесі жырын енгізіп, Әуезов халық даналығынан туған фальклорлық мұраны пайдаланудың тамаша үлгісін көрсеткен.

Бесік жыры 2 түрлі міндет атқарады:

1. Сәбиді жұбату және оның болашағына деген ата-аналық тілегін білдіреді;
2. Ананың балаға деген мейірімі, махаббаты, ой-арманы, ізгі-ниеті, халықтың ақыл-өсиеттері [4]

Баланың есту сезімі екінші, үшінші жетіде біліне бастайды. Үшінші, төртінші айда балаға бесік жыры әжәптәуір әсер етеді. Бұл уақытта бала дыбыстың жұмсақ, қоңырын, қаттысын ажырата алатын болады. [5] Бесік жырының буыны 7-8, кейде 11 буынды болады. Бесік жырының тұрақты нұсқасы жоқ. Кішкентайдың жетілуіне, өсуіне қарай бесік жырының да мазмұны өзгеріп отырады. Алғашқысында барлығымызға белгілі «Әлди, әлди» ден бастап, ұл не қыз екендігіне, немереге, кенжесіне т.б ерекшеліктеріне қарай өзгертіп отарады.

Барлық ана білсе екен деп ұсынған М.Жұмабаевтың «Әлди-әлди, ақ бөпем» жырынан үзінді:

Күнім, айым,
Еркетайым,
Бөлейін енді.
Тыста дауыл,
Жатқан ауыл,
Ұйқың да келді.
Жұмсақ бесік,
Жылы төсек,
Жата ғой, қозым,

Әлди, бөпем,
Әлди, бөпем,
Ұйықта, жұм көзіңді. [5]

Осы жолдар арқылы жырдың сөзі де, күйі де тәтті екеніне көз жеткізуге болады.

Қазақтағы «Әлди, әлди, әлди-ай» деп басталатын бесік жырының төркіні Хауа ананың «Алла, Алла, Алла-ай» деген әуеннен шыққан деседі. Ертеде бесік жырын үйретудің арнайы мектебі болыпты. Бесік жырының мазмұнына, әуезіне қатты мән берілген. Тәжірибелі аналар оның иләһи мазмұндарын таза сақтап, келіндеріне үйретіпті. Бесік жыры жайлы «Алла-наме», «Әлдинаме» деген ескіше жазылған кітаптардың да болғанын айтады. «Аналар әлдисіз жасай алмас» деген нақыл сөз содан қалған дейді. [6]

Әр дәуірдің ағымына қарай «Бесік жыры» өзгеріп отыратындығы анықталды.

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?!
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?!- дейді.

Осы бір ауыз өлең жолынан халықтың бала тәрбиелеудегі ой-арманы айқын көрінген. Ол ана тілі арқылы беріліп отыр. Еңбек ет, кәсіп ет, ел-жұртыңды жаудан қорға деген ойын халық бесікте жатқан нәрестеге ақыл-кеңес, тілек етіп білдірген. Баланы жастайынан ел намысын қорғаушы азамат болуға баулу, оны ана аманаты ретінде келер ұрпақтың құлағына сіңіру ежелгі ел дәстүрінің озық түрі болған.

Бесік жырын мазмұнына қарай уату жыры, ұйықтату жыры деп екіге бөліп қарастыруға болады.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікте жат бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін,
Ақ сүтімді еміреніп,
Омырауымнан берейін.
Арғымыққа мінгізіп,
Хан қызын алып берейін.
Тапыл басып жүргенде,
Тілің шығып сөйлерде,
Ақсарбас, сойып қуанып

Өміріңді тілейін!...-деп кете береді. Бұл нәрестенің уату жыры ғана емес, ана махаббатының, мейірінің кіршіксіз нәрестеге арналып жүрегінен шымырлап шыққаны көрініп тұр.

Ал ұйықтату жырының да мазмұны терең, ана немесе әже нәрестеге барлық нәрсе арнайды және әлемдегі ең бағалы, асыл затқа теңейді

Көзімнің ағы қарасы,

Жүрегімнің панасы,

Уайым, қайғы ойлатпас,

Көңілімнің санасы.

Айналайын шырағым,

Көлге біткен құрағым,

Маңдайдағы жұлдызым,

Суда жүрген құндызым.

Әлди-әлди балам-ай,

Айналсын сенен анаң-ай.

Әлдилеп сені сүйгенде

Анаңның көңлі болар жай,- деп жырлап, сәбидің жүрегіне ән мен жырдың ырғағын осылайша сіңіреді. Сезімін осылайша тербейді. Сол тәтті әуенге балқыған бала балбырап ұйқыға кетеді. Баланы жырмен жұбату отбасына ғана тән салт емес, ол бүкіл халық тұрмысында қалыптасқан дәстүр.

Алайда соңғы жылдары бесік тербетіп отырып, бесік жырын айтатын әже, ана азайды. Бұрынғының адамдары осы бесік жырын ауыл адамдары, балалары құлағын салып, сүйсіне тыңдайтын дейтін. Кейінгі кездері жастардың халық әніне назар аудармауы, өлеңге әуестенбеуінің бір себебі-осы бесік жырының ұмытылуында болса керек. [3]

Халық мұрасының «Бесік жырының» бала тәрбиесіне тигізер әсері мен пайдасы ғылыми түрде сараланды.

– «Бесік жыры» өлеңдері мен жырлары бала тәрбиесінің басты құралы екені дәлелденді;

– «Бесік жырын» естіп өскен баланың ән айтуға құмарлығы дәлелденді;

– Бала тәрбиесіне жырдың берер пайдасы бар екені дәлелденді.

Өз заманында Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, «бесік жырын айтатын аналардың азайып бара жатқанына қорқамын» дегені бізді ойлантуы тиіс. [1] Қазіргі уақытта бесік жырын айтатын ана, әжелер азайып бара жатыр. Тіпті, оның маңыздылығын жоққа шығаратындары жетеді. Алайда, бесік жырының пайдасын тізбектей кетейік.

Біріншіден, сәбидің ұйқысы тыныш болады.

Екіншіден, бесікке жатып, бесік жырын тыңдаған сәби сабырлы, мейірімді болмақ.

Үшіншіден, бесік белгілі бір ритммен ғана тербетіледі. Баланың жүйкесі бір жүйеге, тәртіпке түседі.

Төртіншіден, бесіктегі балаға ана әлдиі әбден сіңеді. Қайырымды мінез қалыптасады. Бесік жырын тыңдаған баланың қанына ұлттық қасиет дариды.

Бесіншіден, анадан естілген үн, сөз арқылы бала шешен сөйлеуге дағдыланады.

Алтыншыдан, тілі ерте шығады.

Жетіншіден, есте сақтау қабылеті жақсы дамиды.

Дана халықтың өзі жасаған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану-ағайынды адастырмас сара жол. Мұны отбасында ата-ана, мектепте ұстаз, көпшілік ортада ақсақалдар жастарға үйретіп, айтып отырса, ұтарымыз көп болар еді. Сәби санасына ұлттық тәрбие, халықтың дүниетанымы мен салт-дәстүрлерін сіңіруде таптырмас құрал болып табылатын бесік жырының халыққа берері мол. Халық мұрасының ең бір биік үлгісі болып ел жадында жүрген бесік жыры ұмыт болмай, әр шаңырақта шырқалса деймін.

Мағжан Жұмабаевша «Әлди, әлди, әлди-ай!» деп бесік жырын қайта жаңғыртуымыз қажет. Яғни осыған байланысты түрлі шаралар, әңгіме-сұхбат, перзентханадан шыққан аналарға арнайы кітапша, аналарға сабақ сияқты жұмыстар жүргізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Момышұлы Б. «Ұшқан ұя» – Алматы, 1974
2. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» 2020
3. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» Кенжеахметұлы С., Алматы кітап 2005
4. «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» Атамұра 2010
5. «Педагогика» М.Жұмабаев 2023
6. Ғаламтор ақпарат

СУЛЕЙМЕНОВА ФАРИДА НУСИБАЛИЕВНА

Алматы қаласы, Алатау ауданы

№152 мектеп-гимназия

қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

ҚАЗАҚТЫҢ ЖОЛБАСШЫСЫ – МҰҒАЛІМ

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалімі. Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын-мұғалімдердікі»

М.Жұмабаев

1. Жұмыстың өзектілігі. Мағжан тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырған. Ол жазған «Бастауыш мектепте ана тілі» 1925, «Сауатты бол» 1926, «Педагогика» 1922 атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлесі болып табылады. «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегінде ол төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жүргізілетін жаттығулар, қалыптастырулар дағдылар жүйесін жасап ұсынды. Мағжан Жұмабаев ана тілінің мектептің дәл төрінен орын ала алмай жатқанын, мектебімізде ана тілі әлі дұрыс негізге құрылмағанын айта келіп, «Осы күнгі мектеп баласы ана тіліне өзінің тілі емес, мұғалімнің тілі»-деп қарайды. Мектептің міндеті –бір жақтан хат таныту болса, екінші жақтан баланы дұрыс сөйлетуге үйрету. Балаға дұрыс тәрбие беру үшін оны әдебиетпен таныстыру және баланы түсініп, ұғып оқуға үйрету керектігін айтқан.

М.Жұмабаев тағы да былай дейді: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге таңдап тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда, курстардарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орысшадан қазақшаға аударылды. Ал енді жаһан тілі болып кеткен сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым». Автор өз еңбегін төрт аяғын тең басқан дүние демейді. Сөйтіп тұрса да, бұл еңбектің ғылыми әлемді елең еткізген керемет туынды екені хақ.

2.1. ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҮЗДІК ЕҢБЕК

Мағжан 1922 жылы «Педагогика» атты ғылыми еңбек жазды. Сол кездегі көрнекті қазақ зиялылардың бірі - белгілі ғалым – педагог, публицист М. Жолдыбаев осы кітаптың беташарына былай деп жазыпты:

«Мағжан педагогикасы іздесе таптырмайтын пайдалы тарихи материал...». Өз кітабы жөнінде автор былай дейді: «Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсында оқытылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге дейін басылып шығып, жарық көре алмады». Біз бұдан кітаптың басылуы оған оңай болмағанын, көпшілік талқысына түсіп, тәжірибелі мұғалімдердің сынынан өткен еңбек екенін байқаймыз.

Мағжанның жоғарыда аталған « Педагогика» атты ғылыми еңбегі он бес бөлімнен тұрады. Мағжан өзінің осы педагогикасын он төрт ірі бөлімнен құрып,

әр бөлімінде педагогика ғылымын жан — жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырған.

Шынында да ол кезде қазақша педагогикалық терминдер жоқтың қасы еді. М.Жұмабаев жүздеген педагогикалық жаңа терминдерді ойлап тауып, тілімізге енгізген. Оқу құралының бірінші бөлімінде педагогиканың жалпы мәселесіне арналған. Оның пікірінше тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Тәрбиенің бұдан басқа да бірнеше түрлері бар. Автордың төрт тәрбиеге баса көңіл бөлуі сол заманның талабынан туған көзқараспен астасып жатыр. Бүгінгідей экономикалық, экологиялық және құқықтық тәрбие ол жылдарды, яғни 1930 жылдары онша өзекті мәселе болмаса керек. Автор тәрбиенің осы төрт түрін жан-жақты түсіндіре келіп, былай дейді: “Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...” Баланы келешек заманына лайық қылып шығару” – деген пікірі арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді. Автордың туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс...» - деп ақын, педагог Мағжан Жұмабаев қалың жұртты қазақы тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді. Мағжан сонымен бірге ұлт тәрбиесіне сын көзімен қарап, тозығынан озығын айыра білуге шақырады. “Киіз үйдің зиянды жағы болғаны сияқты, – деп жазды ол, – пайдалы жағы да бар. Өңгіме сол киіз үйдің ішінде баланы ұстай білуде. Шын таза ауа сол киіз үйде болмағанда қайда болады? Ал балаға таза ауа аса қажет... Малмен бірге жүріп, бірге өскен қазақ баласын аса нәзік қылып, үлбіретіп тәрбие қылмағаны дұрыс болмас... Қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл”,- дегенді айтады. Яғни, баланы жастайынан шыңдалып, өмірге бейімдеп үйрету қажет дегенді айтады.

Мағжан Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты: 1. Ақыл тәрбиесі, 2. Құлық тәрбиесі. 3. Сұлулық тәрбиесі. 4. Дене тәрбиесі.

Ағартушы еңбегі төрт бағытта жүргізілді. Оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдыландыру, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрлерімен таныстыру, ұғып дағдыландыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгіл болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы ... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...»-деу арқылы М. Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берген.

Мағжан Жұмабаев өзінің мәдениет, сұлулық, ізгілік туралы ойларын «Құлық сезімдері» деген бөлімде одан әрі дамыта түседі. Ол қазақ халқына басқа халықтың жақсысын үйрен, сөйтіп көтеріл дейді. «Басқа халықты, жалпы адамзатты сүйе біл деген өсиет айтады. «Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халыққа пайдасы жолында құрбан бола білсін», - дейді.

Педагогика пәнін ол 5-ке бөліп қарастырды: 1. Жалпы педагогика. Адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді. 2. Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді. 3. Методика. Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп, белгілі бір пәнді қалай оқыту керек екендігін үйрететін пән қазақ тілінің методикасы деп аталады. 4. Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек. Осындай мектеп құрлысы жолдарын көрсетеді. 5. Педагогика тарихы. Түрлі заманды түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педагогика тарихы осыларды баяндайды.

2.2.«ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мағжан өз «Педагогикасында» «Баланы ешбір уақыт қорқытпау керек...баланы қорқыту – қып-қызыл зиян...Жасында қорқытылып үйренбеген бала өскенде ер болады...Ерлікке іспен үйрету керек...Баланы ұру, соғу ісі адамшалыққа ұнамайтын іс», - дейді. Ендігі жерде мектебімізде оқу-тәрбие ісінде ізгілік, демократияландыру принциптері етек жаюы керек-ақ. Ұлттық қағидаларды оқу-тәрбие ісіне терең кіргізе отырып, оны әлемдік алдыңғы қатарлы өркениетті идеялармен қабыстыру қажет. Ол үшін тілдерді тереңдете оқу, әсіресе, қазақ, шетел тілін 3-4 жастан оқытуды қолға алу.

Мағжан бала тәрбиесінде оның жас ерекшелігі мен эмоционалдық ахуалы да басты рөл ойнайтынын алға тартады. Еңбектің «Жан тәрбиесі» бөлімінде автор: «Бастапқы кезде жөпшенді білінбейтін баланың жан тұрмысы бала өскен сайын бірте-бірте біліне бастайды. Сондықтан баланың дене тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар алып бару керек. Қатар алып бару емес, бала өскен сайын тәрбиеші күшінің көбін баланың жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті. Тегінде берік ұғу керек: адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол – жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол – жан. Жанды дұрыс тәрбие қыла білу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек», -деп басты назарды баланың жан дүниесіне аударуды сұрайды. Психология ғылымын ерте бастан келе жатқан көне ілім, оның бастапқы негізін грек философы Аристотель қалаған деп пікір білдіреді. «Психология деген сөз грекше екі сөзден құралған. Психо – жан, логос – сөз деген мағынада. Яғни жан туралы сөз, жан туралы пән деген сөз болып шығады», деп негізгі теориясын түсіндіреді.

Мағжан өз еңбегінде психология пәніне өте кең орын беріп, оны барынша зер сала қарастырады және ғылымның бұл саласында өз білімдарлығын байқатады. Оның жан қуаттары жайындағы пікірлерінде дала өмірі мен өзінен бұрынғы және өз заманындағы қазақ зиялыларының туындыларын, ұлттық

психологиялық бояу, нақышын шеберлікпен пайдалана білу тәсілі де құптарлық.

М. Жұмабаевтың – осы кітабындағы педагогикалық ой-түйіндерінің негізгі арқауы «... адам баласын, әсіресе, жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек... Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең... Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ... Сондықтан баланың маңындағы адам дұрыс мінезді болуы керек... Адамның өзін - өзі тексеруі оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне қажетті бірінші шарт... » деген сияқты ұлағатты ойлар көптеп кездеседі.

3.ЗЕРТТЕУ БӨЛІМІ. 3.1. САЛЫСТЫРУ

Өткен ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамындағы экономикалық-әлеуметтік жағдайлар үнемі көшіп-қонып жүрген қыр халқының қоғамдық санасына, оның рухани өміріне де елеулі әсер еткені жайлы аз жазылып жүрген жоқ. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ даласына келген осындай жаңалықтар жаңа тұрпаттағы мектеп құру ісіне, халық ағарту ісін жаңа бетбұрысқа түсіруге тәлім-тәрбие, педагогикалық, психологиялық ойпікірлердің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Сөз болып отырған кезеңде қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиесінің сан қырлы мәселелері бойынша қалам тартып, ой бөлушілердің қатары молайып еді. Ұлттық мінез-құлық – әлеуметтік-психологиялық категория. Ол халықтың шаруашылығы мен тұрмысының өзгешелігі, қоғамдық құрылыс пен табиғат жағдайының, мәдениет пен нанымшылдықтың, басқа халықтармен қарым-қатынас формаларынан көрінеді. Ол адамның дағды, талғам, тәртібінде, дүниетаным байланысын да, сыртқы ортаның құбылыстарын ұғыну, халық өмірінің жан-жақты алғышартының себебінен адам психологиясының сезім-әрекеті сипатында көрінеді. Олай болса тәрбие – мәңгілік категория. Соған қарамастан тәрбие әрдайым толықтырылып, жаңартып отыруды, тіпті басқа халықтардың тәжірбиелерін үйренуді, меңгеруді талап етеді. Ал оның ұлттық шеңберде қалып қоймай озық тәжірбиеге, ғылымға сүйеніп құру, жетілдіру маңызды міндеттердің бірі.

Қазіргі қазақ әдебиетінде ақын М.Жұмабаевтың жазғандарын қайталап оқып тұру бәрімізді рухани шыңдалуға, кемелденуге үндейді. Маңжан шығармаларының кеңістігіндегі көкейімізде жатталған немесе кітаптарында қатталған кейбір пайымдарына оралып отыру маңыздылығы жоғары.

Қазіргі кезеңнің өзінде психология ғылымы жаңа дамып, елімізде енді-енді жетіліп келе жатыр десек, ал Мағжанның қазақ арасында психология мәселелерін алғашқылардың бірі болып қарастыруы оның білімдарлығын байқатады. Исі қазақ М. Жұмабаевты ақын есебінде жақсы білсе, енді психология ғылымына да үлес қосқан ақын ретінде де жаңа бір қырынан тануда.

Ақын шығармашылығының үлкен бір арнасы — халыққа білім беру, педагогика саласы. Мағжанның «Педагогика» оқулығын оқи отырып мына қортындыға келеміз: ғалым ұлттық болмысымыз бен сана-сезімізге жақын этнопедагогика, психология принциптерін негізге ала отырып жазған. Аталған

еңбекті сараптай келе айтатыным өткенғасырдың басында 20- жылдарда педагогикалық-психологиялық трактатта айтылған ойлар бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда, әсіресе ұлттық байлығымызды пайдаланып, оны қажетімізге жаратуға таптырылмас мұра.

Пайдаланған әдебиеттер мен сілтемелер:

1. Б.Базарбаева, О.Бөдесова. М.Жұмабаев атындағы педагогикалық бағдарлы мектебінің болашағы, Ұлағат. 2003;
2. Жұмабаев М., «Педагогика», Алматы. 1992ж
3. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбеков Б. Қ 26 Этнопедагогика: Оқулық. Астана: Фолиант, 2007. 302-б.
4. Қуандықова Д. Қ, «М.Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастары», 2010ж
5. С.Сеңкібаев. М.Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі – ғасырлар тоғысында // Ізденіс, 2002;

<https://ulagat.com/2020/11/25/%D0%BC%D0%B0%D2%93%D0%B6%D0%B0%D0%BD->

[%D0%B6%D2%B1%D0%BC%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2%D1%82%D1%8B%D2%A3-](https://ulagat.com/2020/11/25/%D0%BC%D0%B0%D2%93%D0%B6%D0%B0%D0%BD-%D0%B6%D2%B1%D0%BC%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2%D1%82%D1%8B%D2%A3-)

[%D0%BF%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D0%BA%D3%A9/](https://ulagat.com/2020/11/25/%D0%BC%D0%B0%D2%93%D0%B6%D0%B0%D0%BD-%D0%B6%D2%B1%D0%BC%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2%D1%82%D1%8B%D2%A3-%D0%BF%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D0%BA%D3%A9/)

6. https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/25482/

7. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/985>

8. «М.Жұмабаевтың қазақ педагогикасын дамытудағы үлесі»

<https://www.referat911.ru/Pedagogika/mzhmabaevty-aza-pedagogkasyn-damytududay-les/139658-2102718-place4.html>

ТАПЕНОВА АЙНАМГУЛЬ АХМЕТОВНА
Астана қаласы «Жүсіпбек Аймауытұлы
атындағы 24 орта мектеп» ШЖҚ МКК
Бастауыш сынып мұғалімі

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНІҢ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Алаш арысы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі - бала тәрбиесіне арналған, құндылығы мен өзектілігін жоймаған төл туынды. «Педагогика» еңбегі – Мағжанның педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлкен үлесі. Мағжан бұл еңбегін мұғалімдерге тарту деп ұсынады. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. ... Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар» деп сөз бастайды (1, 3-бет). «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамасы келгенше қазақ қанына қабыстыруға тырыстым» деп «Сөз алдында» түсіндіріп кетеді (1, 4-бет). Ол: «..алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын - мұғалімдердікі» деген пікірін айтып, ұстаз еңбегінің ұрпақ тәрбиелеудегі салмағын жоғары бағалайды. Осы кітапқа рецензия берген сол заманның көрнекті зиялыларының бірі, педагог, журналист Молдағали Жолдыбаев «Қарап шығушыдан» жазбасында: «Заманға дәл кітап шыққанша малданып, одан кейін оқып, салыстыра қарап, бұрынғы жазушылардың адасқан жерін тауып отыруға Мағжан «Педагогикасы» - іздесе таптырмайтын пайдалы тарихи материал» деп өз бағасын берген. (2) «Педагогика» кітабы өз заманында қазақ қоғамы үшін өте өзекті болған мәселелерді шешкені анық. Ғалым еңбегінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, оны болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырды.

Мағжан: «Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз» деп тәрбиеге анықтама береді (1, 5-бет). Ол адам баласы туылғаннан кейін төрт түрлі тәрбиені бойына сіңіру керек деп есептейді. Ол алдымен – дене тәрбиесі, туа салған баланың бір жапырақ қызыл шақа күйінен азамат тұлға болып жетілуі үшін, қимыл-қозғалыстың, шымыр да қайратты болып өсуі үшін дене тәрбиесінің орны ерекше деп атап өтеді. Ал екінші - ақыл тәрбиесі. Ол – білім. Үшінші – сұлулық тәрбиесі, ол – өнер, төртінші – құлық тәрбиесі дейді, ол – әдет, сана тәрбиесі. Автор балаға осы төрт тәрбие түгел берілсе, дұрыс тәрбие алып, шын адам болатынын айтады, жеке-жеке қарастырады. «Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол жеңіл-желпі ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, нәзік үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне, осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» деп тәрбие мақсатын

айқындап береді (1, 6-бет). «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді» деп көрсетеді және әрбір тәрбиеші (ата-ана, мұғалім) тәрбие пәні педагогикамен таныс болу керек деп жазады (1, 7-бет). Ғұлама өз еңбегінде тәрбиешінің өзінің жүріп өткен өмірден алған, түйген, жақсы мен жаманды айыру мәселесін балаға өмір тәжірибесі ретінде ұқтыра отырып, халық санасындағы дәстүрдің қажеттісін дұрыс пайдалана білу керектігін айтады.

М. Жұмабаев бұл еңбегінде педагогика пәнін 5 бөлімге: жалпы педагогика, дидактика, методика, мектепті басқару, педагогика тарихына тоқтала отырып түсіндіреді. Жалпы педагогиканы дене тәрбиесі және жан тәрбиесі тұрғысынан қарастырады. Шынында, адамның дені сау, мықты болып өсуі үшін дене тәрбиесінің ең бірінші орында екені белгілі. «Бала ауру не әлсіз болса, баладан емес, тәрбиешіден», - дейді педагог (1, 6-бет). Дене - жанның қабы, жанның құралы; құрал мықты болса, иесі де мықты болады деп тұжырымдайды. Жаңа туған баланы тәрбиелегенде тәрбиеші білуге, істеуге тиіс әрекеттерді де тізбелеп жазып, толық тоқталады. Мысалы, кішкентай баланың салмағы, дене қызуы, дем алу, тамыр соғу, бала бөлмесі, ұйқысы, емшектен шығаруды, тазалық жағдайын, бесік мәселесін, тісеуін, серуенін жеке-жеке сипаттап жазады. Жас ұрпақтың дене тәрбиесіне үлкен мән бере отырып, үйлесімді, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру берік моральдық өзексіз мүмкін емес деп есептеді. Ал жан көріністерін білу, яки, ақыл, сезім, я көңіл, һәм қайрат деп бөліп қарастырады. Ол сыртқы сезімдерді: көру, есту, иіскеу, тату, сипау деп қарастырып, олардың атқаратын қызметіне, ерекшелігіне сипаттама береді. Жан көріністерін үйрену жолдары: бірінші - өзін бақылау, екіншісі - бақылау, яғни бір адамның өзінен басқа адамдардың жан көріністерін бақылау деп қарастырады. Оларды дұрыс жетілдірудің жолдарын көрсетеді. Бұларды жетілдіруде ұлттық дәстүрге сүйене отырып жүргізілуді ұсынады. Ол бала тәрбиесіне Қорқыттың күйлерін тыңдатып, бала қиялына қиял-ғажайып ертегілерді айтудың маңызды екенін атап көрсетеді. Ой-қиялдың өрістеуіндегі тілдің роліне тоқтала келіп, «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі көрініп тұрады», - деген. Жастайынан ана әлдиін, әже ертегісін естіп өскен бала да өз ұлтының бар болмысын бойына құйып өседі деген сөз. Баланың тіл шығу мәселесіне де тоқталады: «Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты - балаға сөзді бұзып сөйлемей керек. Және балаға ұқпайтын жат сөз үйретпеу керек. Екінші - баланы өзі теңді балалармен бірге ойнату керек. Баланы ешбір уақыт сөзбен тыймау керек. Былдырласын, шолжыңдасын - сөйлей берсін. Ал енді баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын - мектеп» (1, 100-бет). Ерте жастан санасына осындай құндылықты сіңіріп өскен жас жеткіншектер, өсе келе өз ақылы толыса бастағанда қажеттіні өзі таңдай алады. Бірақ, сол таңдаған бағыты қандай болса да, тамыры ұлттық дәстүрден үзілмесі анық.

Жұмабаев адамгершілікке тәрбиелеудің мақсатын адамгершілікке бағдарланған ойлау мен іс-әрекетке қабілеттілікті дамытудан көреді.

Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу әдістерінің ішінде Жұмабаев мысал әдісін ғана емес, жазаны, сендіру, әңгімелесу әдісін де бөліп көрсетеді. Физикалық жазаны дұрыс емес деп санайды. «Ал енді баланы ұрма, ұрыспа, сөкпе дегеннен басқа біржола тізгінсіз болсын, істеген істері туралы ешкімге жауап бермесін деген сөз шықпайды. Абзалы, тәрбиеші баланың нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Яғни ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінездерден жиренетін болсын. Баланы мұндай қылып шығару қорқыту, үркіту арқасында емес, бәлкі махаббат, жылы сөз, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін», - деп ойын түйіндейді (1, 108-бет). Ұялу сезіміне де тоқталады. Ұялту, келемеж қылу баланың жақсылыққа, жоғарылыққа ұмтылатын барлық ынтасын байлап, баланы жасық, ынжық қылады деп пайымдайды. Ұялу сезіміне өзіне-өзі риза болу сезімін қарсы қояды. Өзіне-өзі риза болу сезімі басқалар мақтағанда пайда болатынын атап көрсетеді. «Баланың өзін мақтама, ісін мақта. Мақтағанда мақтауға тұрарлық ісін мақта» (1, 109-бет). Мақтауға мырза болудан сақтануға шақырады. Достық сезімнің балаға көп пайдасы барын айта келе, «...тәрбиеші баланың достарының дұрыс балалар болуына қам қылуға міндетті» екенін ашып жазады. Балада берік хәм дұрыс мінез пайда болу үшін тәрбиеші келесі 2 шартты орындау керектігін көрсетті: біріншісі, баланың өз қолынан келетін іске балаға толық ерік беру; екіншісі, баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке бағындыру. Демек, педагог баланы тәрбиелегенде немесе оқытқанда оны табиғатынан тыймай іс-әрекеттерді ұйымдастыруы тиіс дейді.

«Мағжан еңбегінде баланың ішкі сезімдерінің ерекшелігі мен оны оң бағытқа тәрбиелеу жолдары терең ғылыми тұжырымдармен пайымдалған. Ол ішкі сезімдерді тәрбиелеудің басты мақсаттарын белгілейді. Олар: тек жақсы пайдалы нәрседен ләззат алуға үйрету, жақсыны көрсетіп, жақсыны естірту, айналасына қайырымды болып, қаталдықтан, күншілдіктен сақтандыру. Бұл талапты ең алдымен ата-анаға одан соң тәрбиешіге қояды. Мағжан құлық сезімдерінің анасын сүюден басталып, өз елін сүюнің бүкіл адамзатты сүю сезіміне алып баратын ізгілікке негізделген тәрбиені мақсат еткен. Ол жөнінде: «Адам өз халқының адамдарын сүюмен қатар, басқа халықтардың да адамдарын сүюге міндетті... Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез» дейді (3, 64-бет). Баланың бойында діни сезімдерді тәрбиелеуге де үлкен мән берді, оларды адамгершілік өзін-өзі жетілдіруге итермелейтін руханилықтың негізі деп санады. «Осы дін сезімдері күшті адам яғни тәңірінің барлығына, құдіретіне сыйынып, оның махаббатын алуға, қаһарына ұшырамауға ұмтылатын адам өмір бойы ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безбек» деп өзінің көзқарасын білдіреді (1, 117-бет).

М. Жұмабаев тәрбиеде қоғам талаптарын ескере отырып, әлеуметтік ортаның ықпалы мен сұранысын ескеруді тәрбиешілердің естен шығармауын ұсынады. Өйткені, әрбір адам өз заманына лайықты болып қалыптасуы тиіс. Ол үшін ұстаздар мен ата-аналар осы қоғам сұранысын білуі және баланы қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне сай етіп тәрбиелеуі қажет. Осы тұста ақын: «Әрбір ата-ана өз баласын дәл өзіндей етіп тәрбиелемеуі тиіс, өзінен де мықты етіп

тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, балаларының заманы ата-аналар өмір сүріп отырған заманға қарағанда әлдеқайда талапшаң болмақ», - деп айтады. Шындығында да әрбір бала өз ата-анасынан асып түсуі тиіс, сонда ғана өз заманына лайықты өмір сүре алады. Осылайша М. Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді. (3, 62-бет)

Қорыта келгенде, «Өзекті, қажетті білімді М. Жұмабайұлы «Педагогикасында» ұлтқа қажет үлгіде, ғылымның және төл дүниетанымның талабына сай жеткізген. Енді соны саралап, заманға сай өзекті идеяларын қоғам игілігіне ұсыну, практикалық қолданысын кеңейту, қажетімізге жарату бүгінгі күннің зор міндеті мен қажеттілігі болып отыр» (4, 90-бет). Осылайша, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеялары мен көзқарастары өз уақыты үшін озық болып қана қоймай, қазіргі заманмен үндестігі және өзектілігімен педагогикалық практикада қолдануға таптырмас құрал. Қазақ топырағында педагогика ілімінің бастауында тұратын асыл кітаптың мазмұны мен идеясы, тағылымы мен ғибраты ескірмейтіні, қайта уақыт озған сайын арта беретіні аян.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы.- 2023 -142 б.
2. <https://egemen.kz/> Мағжан «Педагогикасы» әлемдік құндылыққа теңелген 06 Қыркүйек, 2023
3. Атемова Қ.Т, Мендикулова Ж.А. Ұлы ғұламалар мұраларындағы педагог маманның кәсіби тұлғасы туралы идеялар: Оқу құралы. - Шымкент, «Әлем», 2017.-80 бет
4. Сайлауқызы А, Симбаева С, Тлебалдиева М. М.Жұмабайұлының «Педагогика» еңбегіндегі ұлттық таным <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/download/120/72>

УМИТБЕКОВА АНАР МЕЛДЕБЕКҚЫЗЫ
Астана қаласы №28 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақ филологиясының магистрі

«ПЕДАГОГИКА» ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ОРНЫ

Алаш арысы Мағжан Жұмабаев өзінің қысқа ғұмырында сыршыл поэзия падишасына айналған, оның тереңдігін де, биіктігін де бағындырған біртуар, әмбебап, зиялы қайраткер болды. Ақын, жазушы, публицист, аудармашы Мағжан дарынының ендігі бір қыры – қазақ педагогика саласының дамуына қосқан сүбелі үлесінен көрінеді. Ол төңкерістен кейін тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына тұңғыш терең үңілушілердің қатарында осы туралы құнды еңбек жазып қалдырған ғалым. Ел болашағы оның жастарының қолында десек, сол жастардың басты қасиеті мен қаруы оның сапалы, тәрбиелі білімінде болатынын Мағжан терең түсінді. Осы орайда, ақын шығармашылығының ендігі бір арнасы – халыққа білім беру, педагогика саласымен сабақтасты.

Мағжан 1922 жылы «Педагогика» атты ғылыми еңбек жазды. Бұл оқулық Мағжан Жұмабаевтың көзі тірісінде екі рет жарық көрді. Алғаш рет 1922 жылы Орынборда, екіншісі 1923 жылы Ташкентте қайта басылды. Сол кездегі көрнекті қазақ зиялылардың бірі – белгілі ғалым-педагог, публицист Молдағали Жолдыбаев осы кітаптың беташарына былай деп жазады: *«заманға дәл жаңа кітап шыққанша малданып», одан кейін оқып, салыстыра қарап, бұрынғы жазғандардың адасқан жерін тауып отыруға Мағжан педагогикасы іздесе таптырмайтын пайдалы тарихи материал...»*[1]. Оқулықтың 1922 жылы 15 қыркүйекте алғаш басылуында автор өзі алғысөз жазған: *«Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсына оқытылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге дейін басылып шығып, жарық көре алмады»*. Бұдан байқайтынымыз, кітаптың басылуы оған оңай болмаған, көпшілік талқысына түсіп, тәжірибелі мұғалімдердің сынынан өткен еңбек екенін түсінеміз. Мағжан бұл еңбегін мұғалімдерге тарту деп ұсынады. *«Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім»* деп сөз бастаған ол: *«Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл алыңыздар»*, деп ойын жалғастыра отырып, алдына қойған мақсатын айтады, кемшіліктері болса түзететін жерлерін көрсетуді өтінеді [2,97бет].

«Педагогика» он бес бөлімнен тұрады. Ғалым оқулықты он төрт ірі бөлімге құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырды. *«Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны»* - дейді автор [2,98-бет].

Педагогика пәнін Мағжан Жұмабаев 5-ке бөліп қарастырды:

1. *Жалпы педагогика*. Адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді.

2. *Дидактика*. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді.

3. *Методика*. Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп, белгілі бір пәнді қалай оқыту керек екендігін үйрететін пән методикасы деп аталады.

4. *Мектепті басқару*. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек. Осындай мектеп құрлысы жолдарын көрсетеді.

5. *Педагогика тарихы*. Түрлі заманды түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педагогика тарихы осыларды баяндайды.

«Педагогика» кітабы өз заманында қазақ қоғамы үшін өте өзекті болған мәселелерді шешкені анық. Атап айтар болсақ:

- Ана мен баланың рухани және физиологиялық денсаулығының мәселелері;
- Педагог бен шәкірттің қарым-қатынасы мен мұғалімнің міндеттері;
- Ұлттық таным мен оның заман талаптарына үйлесіп-үйлеспейтін тұстары;
- Адамның жан көріністерін танудың ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы [3].

Мұндағы аталған маңызды мәселелерді көтеріп, оны шешуде бұл кітап қандай сипатта, қандай жол, әдіс-тәсілдерді қолданды, қалай еңбек етті десек, мынадай пайым жасауға болады:

- Өз заман талабына сай жаңа білімнің бастауы;
- Ұлттық ұғымғы сай терминдер ұсынып, педагогика саласында өзге тілдерден аударма жасауға атсалысқан туынды;
- Ұлттық менталитетке сай аударылған бірегей еңбек;
- Тәрбие тұрғысында көтерілген мәселелері бүгінге дейінгі өзекті болып отырған, сондай-ақ оны шешу жолдары өз құндылығын жоймаған маңызды құрал.

Өз заман талабына сай жаңа білімнің бастауы деп атаудың себебі – бұған дейін қазақ тілінде педагогиканы жеке ғылым, пән ретінде қарастырып, қазақ тілінде арнайы еңбек жазылған жоқ. Автор аталған еңбекті жазуға алғышарт болған жайттарды анықтай келе, мұғалімдер курстарында өткен дәрістерден және осы сала бастау алатын психология мен философия ілімдерінен алған білімдерінен құрастырғанын айтады. С.Л.Рубинштейн, И.В.Скворцов және А.А.Смирнов сияқты атақты ғалымдарының кітаптарынан түзілгенін жазады. Бұл авторлардың әрбірі – өз саласының жетік мамандары, ал ең бастысы, Мағжан Жұмабаевтың замандастары. Яғни, «Педагогика» авторы тың білімнің ескірмей, қазақ ғылымына дер кезінде жетуіне де зор көңіл бөлген. Мәселен, «Психология негіздері» кітабының авторы Сергей Леонидович Рубинштейн (1889-1960) – психолог, философ, академик. Скворцов Иван Васильевич (1855-1917) – мұғалім, тарихшы, публицист, «Жалпы педагогика» кітабының авторы. Ал Смирнов Анатолий Александрович (1894-1980) – педагог,

психолог, «Мамандықтар психологиясын» жазған ғалым [4]. Мағжан аталған авторлар өз еңбектерін жазып кеткеннен кейін 50-100 жылдан соң емес, сол көзі тірі замандас ғалымдардың жаңа еңбектеріне сүйеніп, жаңа ілімді қазақ еліне тарату жолында еңбек етті. Яғни, заманының ең озық ілімдерінен нәр ала отырып, оның дәнекершісі қызметін атқара білді.

М.Жұмабаев жазған «Бастауыш мектепте ана тілі», «Сауатты бол», «Педагогика» атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан тың үлес болып саналады. Бұл кітап жарыққа шыққаннан кейін тек сексен жыл өткен соң ғалым Р.Қоянбаев педагогика оқулығын жазады.

Мерзімді баспасөзге шыққан журналистік мақалаларды есептегенде, Мағжан Жұмабаев қазақ тілінде педагогика туралы мұндай еңбек болмағандықтан, осы ілімге қатысты біраз ұғымды қазақ тіліне бейімдеп түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар, бірқатар терминге балама тауып аударуға, ал бірқатар терминді неологизм ретінде енгізуіне тура келді. Бұл туралы автор: *«Бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай, қазақша сөз табу күшке тиді»*, дейді. Көптеген ұғымдарды таза қазақшалауға мұғалімдер курсына бірге қатысқан замандас, рухтас, үзеңгілес достарының көмегі тигенін тілге тиек етеді. Алайда, қазіргі кей ғалымдар сияқты жаппай аударудың қисынсыз екенін түсінген автор, кейбір әлемдік ұғымдарды сол күйінде қалдыруын былайша негіздейді: *«Ал енді жиһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппадым»* [2,97-бет]. Мысалы, перцепция, апперцепция, иллюзия, нерв, ассоциация, фантазия, аффект, рефлекс, инстинкт, импульс, апатия деген сөздерді аудармай сол күйінде беруі ол ілімдердің мәнін сақтап, неологизмдерді тілге енгізу қажеттілігін түсінгеннен деп санаймыз. Ал, феноменализм, эмперизм, силлогизм, энтимема, эстетика сынды сөздер арқылы жаңа ілім туралы тың хабар бермек болған. «Педагогика» ғылымына қатысты шет тілден енген сөздер көп болғандықтан, оларға қазақша өте тиімді, дәл балама табуға барынша күш салғанын мыналардан аңғаруға болады. Мәселен, ішкі сезім, хукім, ес, қиял, іскерлік, әсерлену, құлық, қайрат және т.с.с. ұғымдардың әрбіріне бұрын-соңды көп айтылмаған кең, әрі терең мағына береді. Қазақ тілінің бүгінгі лексиконынан ысырылып, аса қолданылмай кеткен кей сөздердің балама терминін де Мағжан өз еңбегінде керемет келтіріп шыққан. Мәселен, автор тістің шығу барысын «тісеу» деген. Сондай-ақ, қазіргі таңда қарапайым жұртшылық қана емес, тіс дәрігерлерінің өздері толық біле бермейтін тіс атаулары – *күрек тіс, ит азу, ас азу, түпкі азу, сүт тіс, дәйімгі тіс* деп толық сипатталған [2, 114-бет]. Ғалым *жоққа шығаруды – бекерлеу, живописьті – сұлу сурет, иш нысуды – нысымпаз, ересек адамды – жеткен, қызығуды – оянымпаз, үлгіні – өрнек, тырмысуды – ықтият қылу* деп келтіреді. Мұндай сөздерді қазіргі таңда қолданатын болсақ, қазақ тілінің заманауи тынысы кеңейіп, сөздік қорды байытатыны, оның мағынасы мен көркемдігін аша түсетіні сөзсіз.

Қазақы дәстүрге негізделген төл тәрбиенің қоғам дамуына сай нұсқаларын да осы еңбектен көптеп кездестіруге болады. Әр категорияны

түсіндіру барысында қазақы менталитетке мақал-мәтелдер арқылы жақындап отырады. Мәселен, ұялудың мәні мен маңызына тоқтала келе, былай деп түйіндейді: *«Адамға ұялудан күшті жаза жоқ. «Өлімнен ұят күшті» дейді қазақ»* [2,169]. Ал баланың айналасындағы адамдардың құлықты болуын талдау кезінде: *«Баланың ізгі құлықты болуы үшін ата-ана, туған-туысқандары өздері ізгі құлықты болуға тиісті. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны қылады»* [2,176] деп түйіндейді. Дәл осымен үндес тұжырымды бүгінгі таңда Еуропа және ТМД-ның психолог-педагогтары жар сала насихаттап, *«Атаның рөлдік тәрбиесі»* деп тұжырымдап жүр [3].

Қазіргі кезде «Педагогика» ата-аналарға, мұғалімдерге, студенттер мен оқушылар үшін аса бағалы еңбекке айналды. Балаға білім ғана емес, тәрбиені де берудің маңызы артқан дәуірде жас педагогтарға ғана емес, жас ата-аналарға да ұлттық қайнардан нәр алған еңбектерді насихаттау, оның өзекті кеңестерін түсіндіру аса маңызды. Мәселен, *«Баланы қорықпайтын ер қылып өсіру үшін оның денесін һәм жанын сау, берік қылып тәрбие қылу керек. Ал ерлікке іспен үйрету керек»*, дейді. Ал баланы ұрып-соғу адамшылыққа жатпайтынын айта келе: *«Ұрылып, соғылып тәрбие қылынған бала жанының бар жақсы мінездерінен, ақылынан, есінен айрылып, мигұла, өтірікші, су жүрек, жасқаншақ болады»* деп ескертеді. Сондай-ақ, бүгінгі таңда өте өзекті болып тұрған, елімізде логопедтер мен дефектологтардың қызметіне деген сұранысты бірнеше есе арттырып тұрған баланың тілі шығу мәселесіне қатысты бұл еңбек: *«Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты балаға сөзді бұзып сөйлемей керек. Және балаға ұқпайтын жат сөз үйретпей керек. Екінші – баланы өзі теңді балалармен бірге ойнату керек. Баланы ешбір уақыт сөзден тыймау керек. Былдырласын, шолжыңдасын – сөйлей берсін. Ал енді баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп»*, деген [2,177]. Баланың қоршаған ортасының айналасының тазалығы, реттілігі және сұлулығына да зор мән беру керектігін айта келіп, *«Бала неше түрлі сұлу үндерді естісін. Неше түрлі сұлу түрлерді, түстерді көрсін. Сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын. Түрлі музыка құралдарының әуендерін тыңдасын, сурет салып үйренсін, ән салып, музыка құралдарын ойнап үйренсін. Міне, осыларды естісе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді»*, деп тұжырым жасайды. Тура сол сөзде баласына былапыт сөз сөйлейтін ата-аналарды сынның тезіне алады. *«Отағасы-ау! Бала-шағаның алдында былық-былапыт сөздерді сапырып сөйлеуіңді қой. Қайдағы құдай атқан сөздерді естіп өскен ұлыңда қандай әдеп болады, қызыңда қандай қылық болады?!»* деп ой тастайды [2,173].

Сонымен, Мағжанның «Педагогика» оқулығын саралай отырып мынадай ой түйіндейміз:

- ұлттық болмысымыз бен сана-сезімге жақын этнопедагогика;
- психология принциптерін негізге ала отырып жазылған ғылыми еңбек;
- бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда, әсіресе ұлттық тәрбиемізді пайдаланып, оны қажетімізге жаратуға таптырылмас мұра.

Мағжан Жұмабаевтың еңбектеріндегі ұстаздық – тәлімгерлік идеялары біз үшін өте құнды дүние. Ғалым қазақ арасындағы әр түрлі келеңсіз мінезқұлықты, әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынап отырып, ел болашағын ойлайды, дұрыс тәрбие беруге, білім алуға, өнер үйренуге шақырады.

Педагог, зерттеуші ғалым Алма Қыраубаева: *«Болашақ мұғалімдерді қазақ баласының жан дүниесі мүлде ескерілмеген орысша оқулықтардың аудармасымен оқытпай, Мағжан «Педагогикасындағы» ойлармен нәрлендіретін кез келді. Мағжан педагогикасы – аса сезімтал, саясаттан тыс, бала жүрегіне жол табатын адамгершілікті педагогика»* - деген [5]. Ғалымның бұл пікірімен толықтай келісеміз. Еліміздің келешекте бәсекеге қабілетті елдердің қатарында болуына білім саласының орны айрықша екені анық. Білім жүйесін одан әрі берік ету педагогтардың міндеті. Әрбір педагог, әрбір ата-ана бұл ерен еңбекті оқып-үйренгені, өмірде қолданғаны маңызды. Бүгінде Мағжан «Педагогикасы» біздің Жаңа Қазақстандағы ұлттық стратегиямыздың талаптарына толық сай келетін, мәнін жоймаған құнды еңбек болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://egemen.kz/article/348563-maghdgan-pedagogikasy-alemdik-qundylyqqatenhelgen> [Электрон. ресурс]
2. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. - Алматы: «Жазушы». - 2003.
3. Сайлауқызы А., Симбаева С., Тлебалдиева М. Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика» еңбегіндегі ұлттық таным. // ЕҰУ Хабаршысы [Электрон. ресурс] DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2022-141-4-84-92> [86-бет]
4. Психологи МГУ. // Факультет психологии МГУ им. М.В. Ломоносова, официальный сайт. [Электрон. ресурс]. – URL: http://www.psy.msu.ru/people/smironov_aa.html
5. https://www.yaneuch.ru/cat_16/mzhmabaevty-pedagogikalykzarastary/111392.1653334.page5.html [Электрон. ресурс].

ХАСЕНОВА МАДИНА МУРАТОВНА
Астана қаласы М. Мақатаев атындағы
№74 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

МАҒЖАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ МАҚТАНЫШЫ

Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабай – ақын, қазақ әдебиетінің классигі, түрік дүниесінің ірі тұлғасы. Ұлт болашағы үшін күрескен алаш қайраткері. Рухты жырларымен халықты жігерлендіріп, елді татулыққа шақырды.

Тума талант иелері қашан да өз ұлтының тыныс-тіршілігімен тамырласа өмір кешеді, оның қас-қабағын бағып, көңілі қалағанын жырға қосады, ғасырлық ата тарихымызды өздерінің ой-парасатымен, жүрегімен қорғай жүреді. Халқының өмір тынысын, ой-қиялын келер ұрпаққа аманат етіп қалдырған көркемсөз зергерлеріне ризашылықпен қарау – парызымыз. Ұлттың бойындағы сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған Алаш қозғалысы ел тағдырына қатысты барша идеяны өзекті еткені бүгінде көбімізге белгілі. Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан - жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, "Алаш" сөзі аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. Күнделікті теледидардан, радиодан, газеттерден "Алаш" сөзінің айрықша мән беріліп айтылғанына, жазылғанына куә болудамыз. Бұл – санамыздың жаңғыруы, тарихи тамырларымызды қастерлеуіміз, елдіктің белгісі, өсер жұрттың өнегесі. Еліміздің тәуелсіздігі тарихымызды түгендеуге, рухани болмысымызды бүтіндеуге кең мүмкіндік ашып отырған қазіргі кезеңде ұлт ретінде қалыптасу жолында бедерлене байқалған тарихи белестердің сырсыпатын зерделеу барынша терең ғылыми ізденістерді қажет етуде. Әлбетте, бұл Алаш қозғалысын зерттеуге де тікелей қатысты. Айтулы қозғалысқа тек саяси-қоғамдық тұрғыдан ғана баға беру тарлық етеді. Қозғалыстың өз дәуіріндегі тарихи мәні айқындалып келеді дей отырып, оның рухани жаңғырығының дәйектей түсер тұстары мол. Мәселен, оны аса ірі рухани-мәдени құбылыс ретінде кешенді түрде қарастырып, осы құбылыстың әлеуметке, жеке тұлғаға ықпалын анықтаудың концептуалды жолдарын қарастырғанмыз абзал. Ең алдымен, Алаш қозғалысының қазақ балластына, адамға, тұлғаға, содан шығып, әлеуметке деген көзқарасын дәйектеуіміз керек. Алаш қайраткерлерінің, қаламгерлерінің еңбектерімен танысқанда, олардың ой-пікірлеріндегі гуманистік аңсарды аңғармау мүмкін емес. Әрбірден соң, қозғалыстың өзі - адамға, ұлтқа деген жанашырлықтан туған гуманистік әрекет. Ұлттың еркіндігі мен азаттығы, оны құрайтын жеке адамдардың бақыты мен теңдігі ұранын көтерген қозғалыс – білімі кемел, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, адам мен қоғамның мәселелерін жетік білетін ұлтшыл ғана емес, гуманист азаматтардың белсенділігінен туғанына күмән келтірмесек, онда бұл тарихи-саяси құбылыстың дінгегі - елжандылық пен

адамсүйгіштік екендігіне шүбә келтірмегеніміз жөн. Алаш қаламгерлері шығармашылығында қазақ әдебиетінде толымды түрде ана тақырыбы, әйел теңдігі мәселесі - басты тақырыптардың біріне айналды. Ізгілік пен адамгершілікке құрылған осы туындыларда гуманистік идеал, гуманистік ой алдыңғы қатарға шығып, ұлттың адамсүйгіштік қасиеттері бейнеленді. Қазақ қайраткерлері қоғамды күшпен құлатып, дәстүрлі саяси-құқықтық мәдени дамуды ұлт санасына жат институттар мен алмастыруға үзілді-кесілді қарсы болды. XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, М.Шоқай және басқалары өмірдің 30 объективті жағдайларын өзгертуді күшпен емес, сананы сол процеске енгізу арқылы өзгерту керек деп уағыздады [1, 291б.]. Олардың негізгі идеялары - бостандық, тәуелсіздік, отаршылдық езгіден құтылу жолдары және қазақ халқын жалпы адамзаттық құндылыққа жақындастыру болды. Қандай да болмасын халықтың ұзына бойғы тарихында гуманизм идеялары бір кезеңде алдыңғы қатарға шығып, ұлттың жаңғыру дәуірін жасайды. Бұл - батыстық ғылымда әлдеқашан дәйектелген, мойындалған құбылыс. Оны Еуропада "Ренессанс" деп атап, азаматтық тарихта да, әдебиет, өнер, мәдениет тарихында да арнайы тарау ретінде зерттеудің тұрақты нысанына айналған. XIV ғасырда Италияда, XV-XVI ғасырларда Испанияда, Францияда, Голландияда, Португалияда т.б. Еуропа елдерінде кең қанат жайған ренессанс батысты жарық пен шуаққа қарай тартты [2, 187 б.]. Қазақ халқының өз заманындағы зиялы қауымының қатарында, қазақ халқының тәуелсіздігін, өз алдына тәуелсіз ел болуын армандаған және осы арман жолында бірталай тер төккен азаматтардың бірі, жерлесіміз - Мағжан Жұмабаев. Алаш жұртының көрнекті ақыны, ұлт көсемдерінің бірі Мағжан Жұмабаев тұңғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Заман шындығын шығармаларына арқау етіп халық көңіліне етене ұялаған, тағдыры тартысқа толы Мағжан ақынның есімі де мәңгілік өмір сүрегі анық.

Мағжан Жұмабаев - қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстана отырып, оны түрлендіре байытқан, адам жанының сұлулығы мен сырсымбатын жырлаған, осылайша қалың оқырманның жүрегіне жол ашқан халқының білікті де парасатты ақыны. Өлмес өлең туғызып, артына өшпес із қалдырған осы бір Мағжан сынды ғажайып ақынның әруақты жырына тағзым еткен абзал. Қазақта "Туған жер – алтын бесік" деген аса татымды мақал бар. Үңіліп көрсең, дүниеге шыр етіп түскенде-ақ бауырына алып, ана әлдиімен тербетілген тал бесіктен ыстық не бар? Туған жердің көкорай шалғыны мен саф ауасын, сырға толы, сыңғырға бай мөлдір бұлағын, бала қиялыңды қияға шарықтатқан шыңдарын қар басқан тауларын сол алтын бесікке теңеу орынды да. Мағжан ақынның "Туған жерім – Сасықкөл" атты өлеңін туған жері, сүйікті өлкесі жайлы төгілген мөлтек сыры деп таныған абзал.

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігің,

Мап-майда мөлдірінде балқыған көл.

деп басталатын бұл өлеңде тек табиғаттың көркем суреті ғана емес, сол сұлу көлдің думанға толы тіршілігі мен тылсым табиғат аясындағы көлді жағалаған ғашық жандардың алаулы сезімі де бар.

Шешініп қыз-келіншек су алған көл,
Әр жанды мөлдірімен суарған көл.
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал
Дөңіне ойнақ салып қуанған көл.
Жаныңда жас балалар ойнаған көл,
Жан-жануар суыңды ішіп, тоймаған көл.
Көз салып жалтырыңа, мұңға батып,
Ғашықтар жарын іздеп ойлаған көл.

Ақын жүрегі «кір жуып, кіндік кескен», тең құрбыларымен ойнап-күліп тел өскен туған жерінің болашағы жайлы да толғанады. Өлеңнен ақынның өзіне етене таныс, сағынған ұланын бауырына басуға құмар туған жеріне деген сағынышын ғана емес, оның болашағына деген күңіренісін де көреміз.

Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта
Бейне бір сенің басың сүт болған көл [3, 7 б.].

Дәл осы тұрғыдан алғанда, Мағжанның бұл өлеңінің саяси лирикаға да жатары анық. Жаратушы иеміз әр адамның өз сыбағасын өлшеп беретіні рас. Мағжан да сөз өнеріндегі талмас қанат, таусылмас қуатты табиғат-анадан алған ақын. Ақынның өмірге құштарлықты, ордалы ой мен сұлу сезімді сыйға тартқан туған жерінің болашағы үшін жанының күйзелетіні де сондықтан.

Мағжанның өмір жолы туған халқының басынан өткерген шырғалаң шытырмандарға толы болғандықтан, өлеңдері де өмірдің көп кезеңдерімен табиғи жымдасып жатады. Бауыры "алтын мен алмасқа толы", "аспанменен таласқан" Орал тауының иесі "таудан, тастан қорықпайтын түрік еді" дей келіп, ақын сол ер түріктің ен далаға көрік болғанын, "бақыт құсы бастарында тұрғанда" іргесі берік ел болғандығын сағына еске алады. Ақында жасқану жоқ, шындықты тайсалмай айту бар және жай ғана емес, сипаттап айту, жанының күйзелісін көркем өрнектермен, суреттермен жеткізу бар. "Мағжан Жұмабаев қазақ әдебиетінде өмірді романтикалық арнада суреттеу амалын тауып, оны көпшілік кезде реализмнің жұртына аунатып алу арқылы ел-жұртқа хош иісі аңқыған керемет поэзия ұсынды" деген Т. Кәкішевтің сөзімен келіскен жөн [4, 363 б.]. Мағжанның романтизмді күшейткені жайлы кезінде Ахмет Байтұрсыновтың да айтқаны есте болса керек.

Ақын өзін толғандырған саяси дейсіз бе, әлеуметтік дейсіз бе, әйтеуір ұлт тіршілігіне байланысты мәселелерді аса жанды, салыстырмалы суретпен бейнелейді.

Мағжанды өз халқын жанындай сүйген ұлтжанды азамат десек, оның осы ұлтжандылығы халқының өткенін, қазіргісі мен келешегін толық біліп, оның тағдырына, жалпы ұлт мәселесіне елдік, мемлекеттік тұрғыдан қарайтын

саналы, салихалы ойынан туатынын көреміз. Ұлттық сананы қалыптастырушы ұлттық интеллигенцияның бел ортасында әманда жарқырап көрініп тұратын Мағжан – Абай сөзімен айтсақ, "қыранша қарап қырымға, мұң мен зарды қолға алып, кектеніп надан зұлымға, шиыршық атып толғанған" ұлт зиялыларының бірі. Мағжан біздің рухани көсеміміз. Бүгінгі тәуелсіздік сол Алашорда идеясының жемісі. "Тар жол, тайғақ кешудің" беттерінде Алаш көсемдеріне жабылған жала және оның зардаптары қандай болғанын кейінгі ұрпақ біледі. Мағжан - осынау аз ғана дүниенің опасыз екендігін, қысқа тіршілікте жан балластына қиянат, сатқындық жасамай, пендешілікке салынып, күнәнді көбейте бермей, рухани әлемінді байыту, жан тазалығын сақтау қажеттігін бар болмысымен ұғынған ақын. Біз Алаш идеялары салтанат құрған заманға жеттік, қазірде азаттықтың көк байрағы төбемізде желбіреуде. тағдырдың тезінен аман қалған қазаққа бұдан артық қандай бақыт болуы мүмкін. Енді Алаштықтар аңсаған тәуелсіздігімізбен мемлекеттігіміздің нығаюы жолында еңбек етуіміз керек. Өйткені Мағжан сияқты көрнекті тұлғаның тағдыры, қызметі, шығармашылығы өзін қоршаған ортаның жағдайымен сабақтас, тамырлас болатын. "Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалатын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін", - деген Мұхтар Әуезов, Мағжанды Европаның әлем таныған ақындарымен қатар қойып, оның "...культурасын, әшекейін сүйген" Мұхтар Әуезовтің де өз басын әрең сақтап, тапшыл, қаратабан сыншылардан қорғалап: Мағжан "революцияның алғашқы жылдарында пантүркистік, ұлтшылдық саналарды дамыта түсіп Шыңғыс ханның, Ақсақ Темірдің, Кенесарының аттарын да әйгілеп айта бергісі келген", - дегенін түсінейік. Ғабит Мүсірепов: "...байшыл-ұлтшыл ақындар насихаттаған сарындама-социалдық романтизм емес. Ол сарындаманың жемісі Мағжанның "Батыр Баяны", "Ертегісі", "Түркістаны", "Жүсіп ханы" болатын. [5, 200 б.].

Ақынның аз ғана өмірінде өз жүрегінің әмірімен әрекет еткені аян. Елім, қазағым деп соққан Мағжан кеудесіндегі жалынды жүректің оны еріксіз алып жүрген жолы – адалдық пен саф таза пәктіктің жолы.

Мағжан өз халқының ел болып, еркін дамуын аңсады. Оның шығармаларының сара тақырыбы - қазақ ұлтының мүддесі, жырлағаны - қазақ мұңы. Ол бұл тақырыпты жырлап қана қойған жоқ, бүкіл дарыны мен өнерін салып сол тәуелсіздік үшін күресті. Туған халқының бостандыққа шығу жолын көрсетеді. Сол үшін мерт болды. Сол себепті өлкеміздің, тіпті ұлтымыздың дара тұлғасы Мағжан атамыздың мұрасы, есімі мәңгілік елдің жадында сақталмақ.

Әдебиет:

1. Жұртбаев Т. Талқы. Алматы; Қазақстан, 1997, 368 б.
2. Нұрғали Р. Драма өнері. Алматы: «Санат баспасы», 2001, 480 б.
3. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар – Алматы: Раритет, 2005, 256 б. «Алтын қор» кітапханасы.

ШПЕКОВА ЗЫЛИХА АЛИМХАНОВНА
Астана қаласы Ақжан Әл-Машани атындағы
№92 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚТЫҢ ЖОЛБАСШЫСЫ МҰҒАЛІМ (МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ)

Біз қандай технологияны қолданар алдында оның тұтастай жүйесі болмаса да бірінғай элементтерінің туған халқымыздың педагогика саласына қалам сермеген қайраткерлерінің еңбегінде көрініс тауып отыратындығын ескергеніміз жөн. Себебі әр ұлттың, әр елдің өзіндік психологиялық ерекшелігі мен рухани дүниетанымының өзіндік ерекшеліктері болады. Сол ұлттық ерекшелікті оқу үрдісінде дұрыс қолдана білу асқан педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Мысалы, «Кембридждік» жүйенің сын тұрғысынан ойлау мен дамыта оқыту технологиясы ұлтымыздың ойшыл-лирик ақыны, әйгілі «Педагогика» еңбегінің авторы М.Жұмабаевтың еңбегінде ХХ ғасырдың басында-ақ там-тұмдап емес тұтастай жүйелілікпен көрініс берген. Баяндамада М.Жұмабаевтың педагогикалық ой-пікірлері педагогикадағы заманауи талаптарға сәйкес зерделенеді. Ғалым еңбегіндегі педагог тұлғасының кәсіби бағыты, мұғалім мамандығының қыр-сыры, кәсіби-педагогикалық бейімділігі мен икемділігі «Педагогика» еңбегінің негізінде талданады.

Баяндама өзектілігі – бүгінгі оқыту жүйесіне қажетті заманауи үздік технологиялар мен оның тұтастай жүйесін, оның бірінғай элементтерін туған халқымыздың педагогика саласына қалам сермеген қайраткер М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің негізінде қарастыру.

ХХ ғасыр басында өмір сүрген педагогика ғылымына өзіндік үлес қосқан Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық ойын талдап көрейік. Қазақ халқы ежелден-ақ ел болуды мұрат тұтып, азаттықты аңсағанда оған жетудің бірден бір жолы білім екендігін әсте естен шығармаған. Сондықтан да халқымыз **«Бір жылдығын ойлаған егін егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мың жылдығын ойлаған білім береді!»**, –деген терең мәнді сөзді ертеден айтқан. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ халқы ұрпағына білім берудің маңызды екендігін ежелден айтып, әр уақытта заманға сай білім беруді көздеген. Сондықтан, бүгінгі таңда елімізде қолға алынып жатқан кез келген білім беру реформасын іске асырған кезде оның бүгін ғана басқа елден келіп, қазақ дүниетанымына еніп жатқан жаңалық екен деп қабылдаудың еш қисыны жоқ. Біз білім беру ісінде осы мәселені естен шығармай, оны жас ұрпақтың санасына сіңіріп отырғанымыз жөн. Себебі әр ұлттың, әр елдің өзіндік психологиялық ерекшелігі мен рухани дүниетанымы өзіндік ерекшеліктері, бір сөзбен айтқанда, ұлттық коды болады. Сол кодты оқу үрдісінде дұрыс қолдана білу асқан педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Мәселен, біз жоғарыда қарастырып отырған «Кембридждік» жүйенің сын тұрғысынан ойлау

мен дамыта оқыту технологиясы ұлтымыздың ойшыл-лирик ақыны, әйгілі «Педагогика» еңбегінің авторы М.Жұмабаевтың ой-пікірлерінде там-тұмдап емес тұтастай жүйелілікпен көрініс берген. Сол «Педагогика» еңбегінде М.Жұмабаев ойлаудың бірнеше түріне түсініктеме бере келіп өз ойын былайша түсіндіреді: «Ойдың өзінің терең болуы үшінәсерлену һәм суреттеулердің көп һәм ашық болуы керек. Қанша дегенмен адам суреттеулер бойынша ойланады. Сондықтан балаға бір пікірді ұқтырмақшы болсақ, жалаңаш пікірді айтуда қасиет жоқ, бала пікірді суреттеуді өзіненшығарып алсын» [3, 112-б.] –деп ойдың жемісін шығаруды, бір нәрсеге деген қызығушылықтың оянуын балалардың өздеріне қалдыруды ұсынған. Бұл бүгінгі сын тұрғысынан ойлау технологиясының «оқушыға білім дайын күйінде беріле салмауы керек, баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет» деген ұстанымымен дәлме-дәл ұштасып жатыр. Сонымен қатар, М.Жұмабаев педагогиканың өзі баланы тәрбиелеу туралы ілім екендігіне тоқтала келіп: «Тәрбие деген –баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу –тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару» [3, 146-б.] –деп ойын қорытады. Демек, баланы тұрмыстағы түрлі жағдайларда өз бетінше шешім қабылдай алатын, алған тәрбиесін өмірде қолдана алатын тұлға етіп шығару мәселесін көтерген. Бұл бүгінгі біз жаңа технологиялар арқылы оқытуда мақсат тұтып отырған «жастарды алған білімдерін өмірде қолдана алуға үйрету, құзіреттіліктерін қалыптастыру» деген ұғыммен тікелей сабақтасып жатыр. Бұл –бүгінгі жаңартылған білім мазмұнымен сабақтастық. Ал, бүгінгі жаңа педагогикалық технология –бұл оқу үдерісін ұйымдастыру және өткізу барысындағы оқушылар мен мұғалімдерге жайлы жағдай туғызудың біріктірілген педагогикалық қарым-қатынастың барлық жағдайларды ойлап қарастырған моделі. Оның негізгі ұстанымдары – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Осыған орай оқыту технологиясында «Алты қалпақ», «Миға шабуыл», «Кубизм», «Екі түрлі күнделік», «БҮБ», т.б. стратегиялық әдіс-тәсілдер қолданылуда. Мұның барлығы да оқу үдерісінде өзіндік ерекшеліктерге ие екендігі белгілі. Бірақ, қандай әдісті немесетәсілді қолданған болсақ олардың басты мақсаты –заманға сай жастарға терең білім мен тәрбие беру болып табылады. Ал, М.Жұмабаев «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару» –деп осы мәселені дөп басып айта білген. Алмағайып өзгерістерге толы болып, ел руханиятында өшпес із қалдырған сонау ХХ ғасыр бас кезеңінде келешек туралы мұндай құнды пікір айту да екінің бірінің қолынан келе бермегені анық.

М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегі аса құнды еңбек. Автор өзінің осы еңбегінің «Педагогика қандай пән» деген бөлімінде: «Біз жоғарыда адам баласының тәрбиеге мұқтаж екендігін, оған қандай тәрбие беру керектігін һәм ол тәрбиені не үшін беру керек екендігін айттық. Жә, тәрбие керек. Бірақ, балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата, ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, ешнәрсені оқып білмей-ақ, өз бетімен бере ала ма? Әркім өзі-ақ жол тауып кететіндей бала тәрбиесі соншама бір жеңіл нәрсе ме? Жоқ бұлай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» – дейді [6, 25-б.]. Ол педагогика ғылымының тереңдігіне, ұстаз мамандығының құпиясына, оның күрделілігіне үңіледі. Балаға дұрыс тәлім-тәрбие беру арқылы ғана болашақта өз орнын білетін, өз мүмкіншілігіне сенетін адам тәрбиелеу, тұлға қалыптастыру үлкен өнер екенін ғылыми тұрғыда түсіндіреді. «Педагогика ғылымымен жақсы таныс болудың керектігі» жайында айта келіп, баланы тәрбиелеу барысында тәрбиешінің өз тәжірибесі, өзінің өткен жолы, өмірден көріп түйгені, ол жолдағы жетістіктері мен қателіктері – бәрі-бәрі бала өміріне әсер ететіндігін айтады. Сондықтан кез келген тәрбие саласында қызмет істейтін адамның бойында жақсы қылықтары мен қасиеттердің міндетті түрде басым болуы тиісті екендігіне тоқталады. Ал тәрбиемен қоса білім беретін мұғалімдер қауымынан бүгінгі заман талабына сай жаңа технологияны меңгерген жан-жақты, бала тәрбиесін өнер деп білетін сол, өнерді жан-тәнімен сүйетін, өз мүмкіншілігіне өзі сенетін және сондай адам тәрбиелейтін болулары тиіс. Бұл – уақыт талабы.

Ұстаз қызметінің негізгі мазмұны келесі функцияларды атқаруды қамтиды: оқыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру және зерттеу. Осы функциялар бірігіп қарастырылғанда ғана ұстаз жетістікке жете алады. Адам қоғаммен бірлесе өмір сүреді. Оны бір-бірінен бөліп алуға болмайды. Қоғамдағы өзгеріс, оның дамуы, әлеуметтік ерекшелігі, сол қоғамның өзіндік сипаты мен тарихи дамуы адам өмірімен, оның болмысымен тікелей байланысты, қоғамдық-әлеуметтік құбылыс адам сана-сезіміне әсер етпей қоймайды [9, 16-б.]. Мағжан Жұмабаев адам баласына, оның ішінде жас ұрпақ тәрбиесінде қоғамның ықпалын нақтылы фактілермен дәлелдеп көрсете білді. Егер ұстаз «ағаштардың ар жағындағы орманды», «инновациялық әдістердің ар жағындағы білім философиясын», «оқу үдерісінде нақтылы мақсаттардың орындалуының ар жағында жалпы мақсат – демократиялық мемлекет азаматы тәрбиеленетінін» көре білсе, сондай мұғалімнің шәкірттері оқу барысында ғылыми білім және іс-әрекет тәсілдерін меңгеріп қана қоймай, демократиялық қоғамда тіршілік ету әрекеті мен бағалы тәжірибе жинақтайды. Өзіміздің ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып, жастардың бойына сіңіру, табиғатымызға жат қылықтардан аулақ болудың нақты жолдарын көрсету, заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу ұстаздың абыройлы парызы екендігін сезінген ұстаз-ғалым тұлғасы жан-жақты қарастыруды талап етпек. Бұл орайда ұлттық педагогикамыздың қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосқан М.Жұмабаевтың ой-пікірлері қазіргі жаңаша білім беру мазмұнымен

де қабысып, біте қайнасып кететін тұстары баршылық. Әсіресе, баланы өмірге бейімдеу, ойларын дұрыс жеткізіп «айтылым» арқылы шебер сөйлеуге үйрету, «жазылым» арқылы сауатты жазуға дағдыландыру, өзгелермен еркін қарым-қатынасқа түсу, алған білімдерін өмірде қолдана алуларына қатысты айтқан тұжырымдары қазіргі білім мазмұнының негізгі әдістемелік канондары мен үндестік табады. Оны автордың «Бастауыш мектепте ана тілі» (1925), «Сауатты бол» (1926), «Педагогика»(1922) атты еңбектерін мұқият оқып, саралағанда көз жеткіземіз. Мәселен, М.Жұмабаев «Бастауыш мектепте ана тілі» атты еңбегінде «Мектептің міндеті – бір жақтан хат таныту болса, екінші жақтан баланы дұрыс сөйлетуге үйрету. Балаға дұрыс тәрбие беру үшін оны әдебиетпен таныстыру және баланы түсініп, ұғыпоқуға үйрету» – деп айтқан. Бұл бүгінгі жаңаша білім беру жүйесіндегі баланың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мен оқығанын, алған білімін өзгелермен бөлісу, ойын еркін жеткізу дағдысын дамыту бағытындағы жұмыстармен сабақтастық табады.

Сонымен, соңғы кездерде елімізде оқыту сапасын көтеру үшін тұлғалық-бағдарлы білім беру, саралап және даралап оқыту, инновация, жаңа технология, топтап, жұптап оқыту, т.б. келістер (подход) мен әдіс-тәсілдерді пайдаланғанда оларды ұлттық санамызға, қазақы қанымызға лайықтап барып сіңіргеніміз жөн. Бұл туралы да М.Жұмабаев өзінің еңбегін жазу барысында бірнеше елдің оқулық-кітаптарын жинақтап, оқып, ой сүзгісінен өткізе отырып, «Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тандап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ қанына қабыстыруға тырыстым» – дейді. Міне, осы ойды бүгінгі бала тәрбиесімен айналысып жүрген әрбір педгог мамандар, тіпті ғалымдар естен шығармағаны жөн. Тек сонда ғана біз бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысымызды сақтап, әлемдік интеграцияға еркін ене аламыз.

Мағжан Жұмабаевтың зерттеу еңбектері мен мақалаларының негізгі жетістігі де, айтар ойы да ұлттық рух, ұлттық тәрбиемен білім, ұлағатты ұстаздық қызмет, оның болашағы, оны жоғалтпаудың айқын жолы. Сондықтан, тәуелсіз еліміздің заманауи ұстаздарының ұлттық келбетін қалыптастырып, жаңаша білім мазмұнын жаңғыртуда М.Жұмабаевтың педагогикалық ой-иірімдерінің мәні мен маңызы зор деп білемін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Боранбаев Ж., Омарова Л. Қазақ мектептерінде «Кембридж» тәсіліне негізделген жаңаша оқытудың бүгінгі баспалдақтары. – Алматы: Білім, 2012. – 272 б.3.
2. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. С.Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б
3. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі. 1992. - 160 бет

МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

Адам баласы өркениеті тарихында тіл бен жазудың пайда болғанынан кейіндегі орында кітап шығару ісі тұр. Көрнекті ғұлама ғалымдардың, танымал ойшылдардың, оқыған қауымның қайсысын алсақ та, интеллектуалды серпілістің бастау көзі есебінде кітапты айтатыны белгілі. ХХ ғасыр басында білімі, интеллектуалды қарым-қабілеті жаһан оқымыстыларымен тең қазақ оқығандары халықты сауаттандыру ісімен мәселесімен айналыса бастады. Олар қазақ халқын сауаттандыру ісін қолға алып, кітап, газет шығарды. Мерзімді баспасөздерде оқудың маңызын, қазақтың артта қалмай, өркениетті елдер қатарына қосылуын қалады. Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Оқу жайы» атты мақаласында оқу-білімнің қажеттігін: «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» деп анықтаған.

Қазақтың педагогикасының іргетасын қалағандардың бірі — М.Жұмабай. Ол өз еңбектерінде қазақ педагогикасының дара, өзіндік нақышы бар, бүлдіршін тәрбиесінде ұлттық қағидалардың жетекші орын алатындығын көрсетті. Мағжан ұлттың ұлт, мемлекеттің мемлекет болып қалыптасуы үшін ең бірінші қажеті ұлт тілі мен ұлт мектебі екендігін айтқан. ХХ ғасырдың 20 жылдары жазылған жұмыс болса дағы, қазіргі білім беру жүйесіне, баланы оқыту, баулу ісінде өзекті тақырыптарды қозғайды. Мағжан 1920-1930 жылдар аралығында педагогика саласында: «Бастауыш мектепте ана тілі», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы», «Педагогика», «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз», «Бала тәрбиелеу жолдары», «Сауатты бол» оқу-әдістемелік кітаптар жазған. Әсіресе 1922 жылы жазылған «Педагогика» еңбегі Қазақ елі үшін ғана емес Орталық Азия үшін үлкен жаңалық болып есептелді. Алайда, репрессияға ұшырап, «халық жауы» атанған соң, Мағжанның аты аталмай қалған. Қазіргі кезде Мағжанның «Педагогика» еңбегі жан жақты зерттеліп келе жатыр. Мағжанға соңғы жылдары ақын ретінде ғана емес, ұстаз ретінде де ерекше көңіл бөліне басталды. Оның педагогикалық қызметі заманауи білім беру жүйесінде сұранысқа ие.

1917 жылы Орынбор қаласында 5-13 желтоқсан күндері Екінші жалпықазақ сиезі өтті. Сиезде он мәселе көтерілген болатын. Көтерілген мәселелер ішіндегі маңыздыларының бірі- Оқу мәселесі еді. Сиезде Міржақып Дулатұлы баяндама оқып, алдымен қазақ тілінде бастауыш һәм орта мектепте оқытатын оқу құралдарын әзірлеу үшін оқыған адамдардан айырықша комиссия құруды ұсынды. Оқу комиссиясына: Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабай, Елдес Омарұлы, Биәхмет Сәрсенұлы, Телжан Шонанұлы сынды

тұлғалар сайланды [1]. Комиссияға бірқатар маңызды істер тапсырылды. Оның ішінде: ұлт мектептеріне бағдарлама жасау, оқытушыларға арнап кітап жазу, тәрбие жайынан кітап дайындау, оқу ісін жүргізу туралы жоба шығару сынды ұлттық оқу-ағартуға қатысты айрықша жұмыс жүктелді.

1921 жылыдың 31 қаңтарында Орынборда Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бір топ қазақ оқығандары бас қосып, жиын өткізеді. Олардың қатарында Әлихан Бөкейхан, Жүсіпбек Аймауытұлы, Файзолла Ғалымжанұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Елдес Омарұлы, Хайретдин Болғанбай, Смағұл Сәдуақасұлы, Сәкен Сейфуллаұлы, Сабыр Айтқожаұлы болды. Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – қазақ тілінде оқулық әзірлеу еді. Жиналыс соңында 19 бапты қаулы қабылданып, мектепке қажетті 14 оқулық дайындау туралы шешім шығарылады. 14 оқулықтың 3 оқулығын дайындау жұмысы Мағжан Жұмабайға жүктелген болатын. Мағжанға тапсырылған 3 оқулық: Тәрбие ғылымы (Педагогика), Қазақ-қырғыз тарихы, Әдебиет ғылымы («Теория словесности») [2].

Қазақ зиялылары оқу ісін қолға алудағы негізі -мектепті ұйымдастыру мәселесі. Мектепті ұйымдастыру үшін керектердің қатарында бірінші кезекте, «білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа» еді [3]. Мағжан Жұмабайдың педагогика еңбегі «білімді, педагогика, методикадан хабардан, оқыта білетін мұғалім» қалыптастыру жолындағы таптырмас еңбек. Көп дүниелерді еуропалық педагог-ғалымдардан алғанын айта отыра, дегенмен, тура аударма емес екенін де ескертеді. Қазақы танымға келтіріп, баланы тәрбиелеудің, оқытудың дұрыс жолын ұсынады. Бұл туралы «Педагогика» кітабындағы алғы сөзінде М.Жұмабай: «Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан көшіре бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым.», – дейді [4, 9-10 б.] Автор көрсеткендей, А.Рубенштейн, Скворцов, Смирнов т.б. ғалымдардың еңбектерін ой елегінен өткізіп, қазақ халқының тұрмысына, ұлттық ерекшелігіне жақындастырды.

Мағжан ұлттық педагогиканы психологиямен қоса оқытуды мәселесіне баса назар аударады. Пәндерді оқытуда қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескеру, оны сабақта пайдалану, дамыта оқыту, бала қиялын өсіру, өздік ойлау үрдісін жетілдіруге ерекше назар аударды. Мағжан тәрбиені кең мағыналы ұғым деп қараған. Мұнда ол тек Еуропалық тәрбие ғылымына еліктемей, Шығыс елдерінің тәрбие ғылымдарын қазақ халқының тәрбие туралы ой-пікірімен тоғыстырды. Алаш оқығандары Жапонияны үлгі қылғаны бәрімізге мәлім. Қазірде Жапондар бала тәрбиесінде ұлттық тағылымды бірінші орынға қояды. «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке жолы бар. ...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды жамандық жағы да көп», - дей отырып, тәрбиеші-

педагогтар түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойлары-мен жақсы таныс болуы керек», – деп жазады [5].

М.Жұмабай баланы ойландыра отырып оқыту, салыстыру арқылы баланың ойлауын дамыту, пән аралық байланыс, ең бастысы баланы болашаққа лайық етіп, ғылымның соңғы жетістіктерінің негізінде оқыту жайында сөз етеді. Ол – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Мағжан тәрбие түрлерінің ішінен ақыл, дене, сұлулық және құлық тәрбиелеріне назар аударып, әрқайсысына кеңірек талдаулар жасап, оларды жеке-жеке қарастырады. Ол туралы кітабында: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын», – дейді [4, 14 б.]. Еңбегінде дене тәрбиесінің бала өмірінде алатын орнын ерекше бағалап, ата-анаға дүниеге келген баланы тәрбиелеудің жолдарын көрсетеді. Баланың туғанынан бастап жасына сай дене тәрбиесі қалай керілетінін баяндаған.

Мағжан Жұмабайдың еңбегінде көтерілген өзекті мәселердің бірі- бала тәрбиелеуде баланы қорқытпау, жазаламау, ұрып-соқпау мәселесі. Бұл туралы : «Алдымен баланы ешбір уақыт қорқытпау керек. Бөки келеді, жалмауыз кемпір келеді, пері, жын, шайтан, албасты, обыр келеді деген сықылды сөздермен баланы қорқыту қып-қызыл зиян. Мұндай сөздерді, ертегілерді, әңгімелерді естіп өскен бала өмір бойы су жүрек, қорқақ болады. Жасында қорқытып үйренбеген бала өскенде ер болады», – дейді [4, 125 б.]. Сөзінің жалғасында баланы жазамен қорқыту еш дұрыс емес екенін, жазамен қорқытқанда бала нәрсені өз ықыласымен орындамайтынын жеткізеді. Ал бұл жағдай балаға өтірік айтуға, алдауға үйретеді. Әрі баланы тәрбиелі болуы үшін оны ұрып-соғу да «адашылыққа ұнамайтын іс» екенін айтады, бұнын келешекте қандай үлкен зардаптар туғызуы мүмкін деп ескертеді. Ол: «Ұрылып, соғылып тәрбие қылынған бала жанының бар жақсы мінездерінен, ақылынан, есінен айрылып, миғұла болады», – дейді [4, 128 б.]. Бұл сөзімен ол өзі өмір сүріп жатқан заманның ата-аналарына, әсіресе молдаларды қатты сынады. Қазіргі күні бала тәрбиелеуде қорқыту, жазалау, ұрып-соғуды қолданып жатқан ата-ана, тәрбиешілер жоқ емес. Бұл баланың тұйық болуына, өзіне сенімсіздігіне бастау болады. Сондықтан бұл мәселе бала тәрбиесіндегі маңызды, өзекті мәселе. Баланы ұрмау, ұрыспай тәрбиелеу баланы тізгінсіз, сөз алмайтын қылып шығарады деу қателік. Бала жаман істен өзі қашып, жиренетін болып өсуі керек. Яғни, ол жаман істі бала түйсігімен қате екенін біліп өсуі керек.

Баланы ұрмай, ұрыспай өсіру баланы еркіне жіберу деп түсіну қателік. Бұл жайында да Мағжан сөз қылып, баланы ұрыспай тәрбиелесе де, оны темірдей тәртіпке үйрету қажет екенін айтады. Ол туралы: «Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке (дисциплина) бағындыру керек. Баланы еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді», – дейді [4, 151 б.]. Жоғарыда айтқан баланы қорқыныш сезімінсіз өсіру мен тәртіпке бағындыру хақында : «Баланы тіпті еркіне жібермеу оны жасқаншақ, жасық,

қорқақ қылады. Ал тіпті тізгінсіз қоя беру, ләм-мим демей, оның бар еркелігін орындай беру баланы бейбастақ, ессіз тентек қылып шығарады», - дейді [4, 152-153 б.]. Білім беру саласында қазақ зиялылары Жапонияны үлгі тұтқаны белгілі. Жапонияның білім беру ісінде бала қатаң тәртіпке бағынады. Ол баланың оқу, білімге бейжай қарамауына ықпал болады. Қазірде Жапония елінде сабаққа кешігу мәселесі мүлде болмайды. Бұл балалардың дисциплинаға бағынып өскенінен. Бұл тәртіп қазақ мектептерінде де өте қажет деп білеміз.

Адамды орта тәрбиелейді. Баланың айналасындағы достары, жолдастары қандай болса бала оларға қарап өседі. Бұл жайында да Мағжан өз еңбегінде сөз етеді. Мағжан: «баланың ізгі құлықты болуы үшін оның маңайындағы адамдар, ата-ана, туған-туысқандары өздері ізгі құлықты болуға тиісті. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны қылады. Және баланың бірге ойнайтын жолдастары да дұрыс, ізгі құлықты болсын. Балаға ересек адамнан өзіндей бала жақын. Бала өз құрбысына еліктегіш, өз құрбысының тілін алғыш, құлқына, мінезіне сенгіш келеді», - дей келе, баланың жанындағы балалардың құлықты болуы үшін не істеу керек деген сұраққа тоқталады [4, 139 б.].

Оқушылардың, шәкірттердің өтрлік айтуы, алдауы оларды белгілі бір тәртіпке қамап қоюынан болатын Мағжан өз еңбегінде тілге тиек етеді. Тәрбиеші мен баланың арасында сенбеушілік болмағаны дұрыс екенін айтады. «Бала тәрбиешіге мұңын тарқата алғандай, қуанышына ортақтаса алғандай, сырын шеше алғандай досым деп білсін», - дейді Мағжан.

Жоғарыда айтып өткендей Мағжан тәрбиені дене, сұлулық, құлық, ақыл тәрбиесі деп бөліп қарастырған. Баланың сұлулық тәрбиесі хақында сөз еткенде тазалық ұғымына тоқталады. Тазалықты тек үй іші, киім-кешегі, ыдыс-аяғы таза болу ғана емес, баланың маңайында жүрген адамдар да тәртіпті, ретті болу керек. Әсіресе, үйдегі ата-анасы таза сөйлеуі, ретті болу қажет екенін ескертеді. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны істейді. Тазалыққа үйренген бала таза болады. Былыққа үйренген бала былық болады. Ас жеп отырып әжесі жалаңаш қолымен мұрнын сіңбіріп яки баланың нәжісін ұстап, қолын жөндеп шаймастан тағы асқа кіріссе, бала да осыны істейді. Кейбіреулердің былықтықты ырыс көруі надандықтың әбден асқынғандығы ғой. Баланың маңайындағы сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті. Былық сөздерді естіп өскен бала өмір бойы былық, былапыт тілді болады», дейді [4, 133 б.]. Бұны қазіргі ата-аналар ескеру тиіс. Баланың сұлулық тәрбиесінде бала сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттауы керектігін, түрлі музыка құралдарының әуендерін тыңдауын, сурет салып, ән салып, музыка құралдарын ойнап үйренуі қажет. «Міне, осыларды естісе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді», - дейді педагог-ғалым [4, 133 б.].

Мағжан Жұмабай «Педагогика» еңбегінің соңғы бөлімінде: «...Балалық шақта алынған әсер өмір бойы естен шықпайды. Балалықта ылғи жағымды әсер алса, адам өмір бойы шат көңілді. Балалықта жағымсыз әсер алса, қорлық, жоқшылық көрсе, адам өмір бойы қасіретке бейім болмақ...», «...Бала ылғи іске ұмтылады. Бала еліктемпаз. Еліктемейтін адам болмайды. ...Баланы өз күшіне өзін сендіріп үйрету керек. Қолыңнан түк келмейді дей берсең, бала жасқаншақ, жасық болады. Балаға ылғи пайдалы іс беру керек», - деп айта келіп, «тәрбиеші

қауымға бар күшін, бар білімін жұмсап жалықпай, шаршамай балаға үйрете беруі керек» деген тәрбиелік мәнді ой тастайды [5].

«Педагогика» оқулығының 1922 жылы тұңғыш басылуына берілген Молдағали Жолдыбайұлының рецензиясында: «Баласы мектеп көрмеген, жас баланы жүн-жұрқа орап, арқалап жүріп шешесі мал бағатын, жасы жеті-сегізге келген соң 10 сомнан пұлына жалданып балалары 14 сағаттан ас жоқ, су жоқ қой бағып, қой еміп жалақ болып жүретін адамның 90% алдында мал, үстінде үйі жоқ байлардың күні бітпес құлы болып жүретін; обыр патшаның теріс саясаты арқасында жер-суынан айырылып, надандықта шіріп, қара түнек, қараңғы тұманда көп заман басы айналып жаңа жарық бостандық дүниесіне аяқ басып қол-аяғы жаңа босанып «өңім бе, түсім бе?» деп мең-зең болып тұрған сорлы қазаққа «Педагогика» кітабы – Інжілдей, Мағжан азамат – Айса пайғамбардай болды», – дейді.

Міне, құндылығы жоғары Мағжан пікірлері «Педагогика» оқулығы арқасында ұрпақ тәрбиесін мақсат еткен әрбір келешек маман үшін таусылмас қосалқы білім азығын беретін құнды еңбек. Ол еңбекте баланың туылғаннан бастап даму барысында қолданылуы керек дене, ақыл, құлық, сұлулық тәрбиесі хақында жазылған. Бұл еңбекте бала, шәркірт тәбиесінде әлі күнде дейінгі өзекті мәселелерді қозғалады. Мысалы: «ақыл көріністері», «іскерлікті күшейту жолдары», «ішкі сезім көріністері», «сыртқы сезім әсерлерін тәрбие қылу», «тәрбиеден мақсат», «ұлттық тәрбие» сынды өзекті тақырыптар оқытушылардың, тәрбиешілердің қызығушылығын тудыртады. Мағжанның «Педагогика» еңбегі жас ұстаздардың оқып-тануы, өзіне қажетті жерін алып, оқыту барысында тиімді пайдалануына өте құнды еңбек.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ // 23 желтоқсан, -1917. №256
2. Қазақ тілі // 23 наурыз, -1921. №125
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы, 2013 Т.4.
4. Жұмабаев М., Педагогика - Алматы : Ана тілі, 1992. – 154 б. 9-10 бет
5. Аскарова, А. К. М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің тәрбиелік мәні - 2022. - № 1. - 16-18 б.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
АБДРАЛИЕВА АЙЫМЖАН САРСЕНБАЕВНА «МАҒЖАННЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ»	4
АБДРАХМАНОВА ҚАРЛЫҒАШ ҚУАНҚЫЗЫ «МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ»	9
АҚБАЕВА САЙРА ҚҰЛТӨРЕҚЫЗЫ «МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОД»	14
АСЫЛХАНОВА ӘДЕМІ СЕРІКТАЙҚЫЗЫ «МАҒЖАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ »	18
БАПИШЕВА КЫМБАТ ДАУЫЛБАЕВНА «МАҒЖАН ПЕДАГОГИКА ЕҢБЕГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ»	23
БИГОЖИНА БАХИНА ОЛЖАБАЕВНА «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ»	27
ДАИРБЕКОВА ЗЕЙНЕП КАДЫРОВНА «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ»	31
ЕРМАГАНБЕТОВА АЙДЫН КАБДРАШОВНА « М. ЖҰМАБАЕВ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ АҚЫЛ ТӘРБИЕСІ НЕГІЗІНДЕ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»	38
ЕСБАЕВА КУЛАШ УСЕНОВНА «МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ»	42
ЖАНУЗАКОВА ИНДИРА КАБЫЛҚАЛЫКОВНА «МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» МЕН ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКА»	48
ЖАППАРОВА ГУЛНИСА СЕРИКОВНА «МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ЖҰМЫСЫ	52
ЖУНУСОВ ДОСАН БОЛАТОВИЧ « МАҒЖАН «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ»	56
ЖУСУПОВА МИРАМКУЛ МУРАТХАНОВНА «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ»	61

ЖУМАГУЛОВА ГУЛДАНА ЖАКИПОВНА «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ»	64
КАЙЫРБАЕВА АЙГЕРИМ СУИНДИКОВНА «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ БОЛАШАҒЫ»	66
КАКИМОВА ГАУХАР ЕЛЕМЕСОВНА «ҰСТАЗ – ҰЛЫ РУХ ИЕСІ»	71
КАРАБОЛЛАЕВА ПАРИЗАТ АМАНДИКОВНА «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ»	75
КОЖАМЖАРОВА КУЛЬЖАХАН МАХМУТЖАНОВНА «ҚАЗАҚТЫҢ ЖОЛБАСШЫСЫ - МҰҒАЛІМ»	79
КОЛЧОРАЕВА ФАРИДА АРЫСТАНБЕКОВНА «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ»	84
КУЗБАЕВА РАХИЛА КУРАЛБАЕВНА «МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ»	91
КУШЕРБАЕВА РАУШАН КАЛКЕНОВНА «МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ: ОЙШЫЛ ОҚУШЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?»	95
ҚЫЛЫШБАЕВА КҮЛЗИПА АУЕСОВНА «М.ЖҰМАБАЕВ «ПЕДАГОГИКАСЫ» - ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ РУХАНИ УЫЗЫ»	100
МАҚҰЛБАЕВА ФАРИДА ЖАЛАЛҚЫЗЫ «МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ»	105
МУХТАНОВА АНАР СЕКСЕНБАЙҚЫЗЫ	110
ОСПАНОВ ЕРКЕБУЛАН АКАРЫСОВИЧ «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІ: (ЖАҢАША КӨЗҚАРАС)»	116
САНИТАСОВА ҚАРЛЫҒАШ МУКАТАЙҚЫЗЫ «МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ»	121
СЕЙФУЛЛА ГҮЛЗИРА ТАЛҒАТҚЫЗЫ «БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ»	126
СУЛЕЙМЕНОВА ФАРИДА НУСИБАЛИЕВНА «ҚАЗАҚТЫҢ ЖОЛБАСШЫСЫ – МҰҒАЛІМ»	131

ТАПЕНОВА АЙНАМГУЛЬ АХМЕТОВНА «МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ЕҢБЕГІНІҢ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ»	136
УМИТБЕКОВА АНАР МЕЛДЕБЕКҚЫЗЫ «ПЕДАГОГИКА» ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ОРНЫ»	140
ХАСЕНОВА МАДИНА МУРАТОВНА «МАҒЖАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ МАҚТАНЫШЫ»	145
ШПЕКОВА ЗЫЛИХА АЛИМХАНОВНА «ҚАЗАҚТЫҢ ЖОЛБАСШЫСЫ МҰҒАЛІМ (МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ)»	149
ЫБЫРАЙ ГҮЛЖАУХАР ҚҰЛАХМЕТҚЫЗЫ «МАҒЖАННЫҢ «ПЕДАГОГИКАСЫ» ЖӘНЕ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ»	153

